

 БЕКІТЕМІН:
ЖШС «Er-Asul» «Бал Бұлақ» балабақшасының
Менгерушісі : Серікова Ж.М

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде ұйымдастырылған 2023-2024 жылына арналған ортаңғы
«Құлыншақ» топ тобының вариативті компоненті**

Түсінік хат.

Ертегіні сахналау арқылы бүлдіршіннің шығармашылық қабілетін дамыту қазіргі кезде мектепке дейінгі мекеменің ең басты міндеттерінің бірі болып саналады.

Сахна әр балаға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Кезінде орыстың ұлы ақыны сахнаны «Сиқырлы өлке!» деп атаған. Қазақ өнер жұлдыздарының бірі Шәкен Айманов «Сахна – адамдарды туыстандыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері – тіл жетпес құдіретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес» деген сенімде болған. Өнердің осы бір ғажайып түрімен жүздескен үлкендер де, балалар да ұлы ақынның, теңдесі жоқ режиссердің айтқан осы дана сөздерінің мағынасы мен мәнін өз сезімдерімен теңдей бөліседі.

Өзінің көрерменімен әрбір жаңа жүздесуінде сахналық өнер қайта жаңарғандай болады және ешнәрсемен теңдесі жоқ бірге күйзелу сезімін сыйлайды. Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде сахна (театр) ерекше рөл атқарады.

Сахналандырылған ойындар, ойын – қойылымдары болып саналады, өйткені олар әдеби шығармалар түрінде белгілі бір мазмұнға ие, сондықтан балалар кейіпкерлерді ойнайды. Онда нағыз театр өнеріндегідей айшықты құралдар көмегімен – дауыс ырғағы, бет әлпетінің өзгеруі, қол қимылдары, дене бітімінің жағдайы мен жүріс-тұрысы арқылы нақты бейнелер қалыптасады.

Бірінші сәбилер тобынан бастап, балалар тәрбиешінің көмегімен кішігірім әндерді, тақпақтарды, жұбату өлеңдерін, кіші сахна көріністерін ойнаса, екінші сәбилер тобында театрдың ойыншықтарын пайдалана отырып, мұны одан да әрі жалғастырса, онда ересектер тобында театр іс-әрекеті өз бетінше жүргізіледі.

Балалар беске қараған жасында, театр іс-әрекеті үрдісінде, рөлдерді орындау барысында өзіндік жеке ерекшеліктерді енгізуге белсенді ұмтылады. Мектепке дейінгі ересектер жасында балаларды көркемдік – бейнелік айшықтықтың амалдарына арнайы үйрету мүмкіндігі туады. Қарапайым шығармалардан кереметтей сахналық көрініс жасауға болады. Сахналық жүру, тұру, сөйлеу, өзін-өзі білу, сыйлау мәдениетіне үйренеді. Рөлді ойнау арқылы бала жағымды әдет, жақсы қасиеттерді ажырата білуге үйренеді, өзі жаман қасиеттерді қайталамауға тырысады.

Мақсаты: Балалардың көрген театрдың өзінен, сондай – ақ өздері қойған сахналық қойылымдар балалардың ой-өрісін кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, көрініс туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Осының барлығы баланың сөйлеу қабілетінің дамуына, анық сөйлеуіне, өзі алған әсерін монолог түрінде жеткізуге себебін тигізеді.

Ертегі кейіпкерлерінің рөлдерінде ойнап, кейіпкерлердің сөздерін, диалогтарын жаттап алу арқылы балалардың тілдері дамып, сөз байлықтары молайып отырады. Ал қуыршақ театрында кейіпкерлердің рөлдерін қуыршақтар ойнайды.

Балаларға арналған көркем шығарманы оқыту неғұрлым дұрыс ұйымдастырылса, мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық талғамын дамыту

соғұрлым табысты болады. Тіпті сәбилер тобынан бастап – ақ тақпақ пен қысқа өлеңдерді айтқызғанда көркем сөздер әсерлі естілуі үшін үстел үстіндегі театрды, қысқа сахналық қойылымдарды қолдана берген жөн.

Міндеті:

Балалар ой-өрісінің кеңеюіне байланысты сахналық ойындар күрделене түсуі тиіс.

- Бірінші кезеңде балалар ұжым болып, ертегі мәтінін ауызша айтады.
- Екінші кезеңде ертегінің барлық кейіпкерлерінің сөздері балаларға ұсынылады.
- Үшінші кезеңде балалар бірнеше шығармашылық тапсырмаларды орындайды.
- Төртінші кезеңде рөлдерге бөліп, ертегіні ертеңгіліктерде, театрлық ойындар іс - әрекетінде ойнап көрсетеді. Соның айғағы ретінде біздің балабақшадағы қолданылған сахналық қойылымдардан, ертегіні сахналаудан үзінді ұсынамын.

Сондай – ақ, ғалымдар сахна іс – әрекетінің тиімділігі көбінесе балалардың бейнелеу шығармашылығы оқу іс – әрекетінің кешенді болуына байланысты екендігін айқындайды. Сәндік безендіру шығармашылығы үрдісінде балалар ойлану, ойын дамыту және қиялдау мүмкіндігіне ие болады, мұның барлығы орындалатын бейнелердің мәнді болуына қолайлы әсер етеді

-Балаларды айналаны қоршаған әлеммен, оның түрлі қыр-сырларымен, бейнелер, бояулар, дыбыстар арқылы таныстыру.

-Балалардың бойында адамның көңіл-күйіне, бет пішінін, қимыл-қозғалыстарын, дауыс ырғағына қарай тани білу қабілеттерін дамыту.

-Балалардың бойында достық, адалдық, батылдық, жан ашырлық қасиеттерін тәрбиелеу. Әлемді тек ақылмен ғана емес, жүрекпен де тани білуге үйрету.

Әр түрлі ертегілер балалардың қызығушылықтарын арттырады және олардың тілдерін дамытады.

Кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне қарай берілетін ертегілердің мазмұны әсерлі көңіл-күйді білдіре отырып, сезіне білуге үйретеді. Мектепке дейінгі жас балалардың қабілеттілігін, бейімділігін және сондай-ақ тілінің дамуына өте оңтайлы кезең.

Мектеп жасына дейінгі балалардың театрландырылған іс-әрекеттерін ұйымдастыру балалар шығармашылығын және білім алудың жаңа қабілеттері мен дағдыларды үйренуге жағдай жасаумен қатар, балаға өмірде өзінің тиісті орнын табуға көмектеседі, өзін - өзі көрсете білуге ықпал жасайды

Күтілетін нәтиже: Балалардың тілін дамиды , қоршаған ортада еркін өздерін дұрыс ұстай алады, өз ойын толық жеткізе біледі. Қарым- қатынас дұрыс жолға қойылып, бір – біріне деген ыстық ықыластар пайда болады.

**Ортаңғы тобының «Ертегілер елінде»
вариативтік компонентің перспектикалық жоспары**

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	«Бауырсақ – сары домалақ»	Ертегі, тақпақтар арқылы балалардың тілдерін дамыту. Балаларды ертегілерден қарапайым сюжетті бейнелеуге тарту. Үстел үстіне қойып домалақтау тәсілін үйрету. Пішінді бұзбай, таза, ұқыпты орындауға тәрбиелеу.	1
2	«Күшік пен мысық»	Балалардың мысық пен күшік жөнінде түсініктерін кеңейту, олардың тіршілігімен таныстыру. Тілін дамыту, антоним сөздерді пайдалану арқылы сөздік қорын тереңдету. Үй жануарларына деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.	1
3	«Қияр мен қырыққабат»	«Бақшада» тақырыбы бойынша әңгімелесу. Көкөністердің аттарын ажыратып, сол арқылы сөздік қорын байыту. Көкөністердің адам денсаулығына тигізетін пайдасы туралы білімдерін жетілдіру. Үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу	1
4	«Көкөністер туралы ертегі»	Көкөністер түрін ажырата білу және олардың көбею жолдарын анықтау. Түйнек, пиязшық, орамжапырақ, жемтамырлар туралы мәлімет алу. Оқушылардың тілін дамыту, сөз қорын молайту, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, айналадағы дүниені тани біліп, өмірмен ұштастыра білуге баулу. Табиғатты сүюге, өсімдіктерді қорғауға, қоршаған ортаны таза ұстауға, еңбексүйгіштікке, өзгенің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу	1
5	«Құлын, қозы, лақ»	Балаларды үй жануарларымен, оларды бір-бірінен ажыратып, төлдерін атай білуге үйрету, үй жануарларының түр-түсін, олардың қандай пайдасы барын айтып түсіндіру, ойлау қабілеттерін арттыру және тіл байлықтарын жетілдіру	1
6	«Маша мен аю»	Түрлі жүрістерді бекіту. Орындықтың үстімен жүргенде тепе-теңдікті сақтау	1

7	«Мысық пен тышқан»	Балаларды мұқият тыңдай білуге үйрету, ертегі мазмұнын түсіндіру. Үй жануарларының қалай дыбыстайтынын, оның атын ажырата айта білуге үйрету. Кейіпкерлердің әр түрлі іс – әрекет үстінде көріну өзгешелігіне қызыға назар аударуға дағдыландыру. Баланың ойлау, қабылдау, таным, көру, есту қабілеттерін дамыту	1
8	«Су жүрек қоян»	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, сөздік, есте сақтау қабілеттерін арттыру, театр түрлері арқылы кейіпкерлерді ажыратуға үйретіп, достық сезіміне тәрбиелеу.	1
9	«Торғай пен тышқан»	Балаларға «Торғай мен тышқан» ертегісін айтып беру, рөлдерге бөліп ойнатып, тілдерін дамыту. Еңбекке, достыққа, бірлікке тәрбиелеу.	1
10	«Түлкі мен қасқыр»	Ертегінің мазмұнын әңгімелеу, ойлау қабілетін, сөздік қорын, мәнерлеп сөйлеу дағдыларын арттыру. Достыққа, ұйымшылдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу, жағымды және жағымсыз әрекеттерді сезіне білуге тәрбиелеу.	1
11	«Үш аю»	Балаларды ертегі тыңдауға, ондағы оқиғалардың өрбуін бағалауға, ертегінің мағынасын түсінуге, кейіпкерлердің қарапайым қатынастарын бағалауға тәрбиелеу. Жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту. Ойлау қабілетін дамыту	1
12	«Шұбар тауық»	Балаларды ертегіні зейін қойып, аяғына дейін тыңдауға үйрету. Тәрбиешінің сұрақтарына анық жауап беруге, бірінің - бірі жауабын тыңдауға, өз - өздеріне сенімділікке, кейіпкерлерге деген мейірімділік, аяушылық сезімге тәрбиелеу. Белсенді сөздік қорларын, дамыту. Түстерді, геометриялық пішіндерді ажыратып, құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыру	1
13	«Мысық, әтеш және түлкі»	Балаларды мұқият тыңдай білуге үйрету, ертегі мазмұнын түсіндіру. Үй жануарларының қалай дыбыстайтынын, оның атын ажырата айта білуге үйрету. Кейіпкерлердің әр түрлі іс – әрекет үстінде көріну өзгешелігіне қызыға назар аударуға	1

		дағдыландыру.	
14	«Мысық неге тамақ ішкен соң жуынады»	Әңгімені түсініп тындау,мазмұнын айту. Балалардың тілін дамыту.	1
15	«Үш жалқау»	Ертегіні түсініп тындау,мазмұнын айту. Сөздік қорын молайту,байланыстыра сөйлеу. Қысқаша әңгіме құрастыруға үйрету.	1
16	«Сауысқан мен көкек»	Құстардың сайраған дыбыстарын тыңдату арқылы әр құстың дыбысын ажырата білуге үйрету. Дидактикалық ойын арқылы сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Құстарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	1
17	«Төлдердің айтысы»	Балалардың білім, білік дағдыларын қалыптастыру, үй жануарлары туралы білімдерін дамыту. Үй жануарларының пайдасы, әрі қайсысының орыны, төлі, ерекшеліктері жөнінде білімдерін кеңейту. Жануарлар жөнінде өлеңдер, тақпақтар, жаңылтпаштарды мәнерлеп жатқа айту арқылы тілдерін дамыту.	1
18	«Аққу-қаздар»	Балаларды бес көлеміндегі сандардың құрамын анықтауға, сандарды табуға, заттарды санауға, апта күндерін ажыратуға, геометриялық пішіндерді атауға үйрету. Сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру.	1
Барлығы:			18

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативтік компонент:Ертегілер елінде

Тақырыбы:«Бауырсақ – сары домалақ»

Мақсаты: Ертегі, тақпақтар арқылы балалардың тілдерін дамыту. Балаларды ертегілерден қарапайым сюжетті бейнелеуге тарту. Үстел үстіне қойып домалақтау тәсілін үйрету. Пішінді бұзбай, таза, ұқыпты орындауға тәрбиелеу

Көрнекі құралдар: тақтайша, ермексаз, сүрткіш, үлгі мүсін, бауырсақ ертегісінің кейіпкерлері

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Ынталандыру-оятушы кезең. Тосын сый:	Психожаттығу Армысын, алтын күн, Армысын, көк аспан! Армысын, жер-ана, Армысын, балалар! Сәлеметсіңдер ме, апайлар. Қонақтар келді	Балалар шеңберге тұрады, бір -біріне қарап күледі, жылы сөздерді айтады.
Ұйымдастырушы-ізденуші кезең.	- Балалар, бүгінгі біздің оқу іс - әрекетіміз ерекше болмақ. Себебі бізге қонаққа көп апайлар келді. -Балалар, сендер байқадыңдар ма мына жерде бір үй тұр . -Қалай ойлайсыңдар кім бар екенін, қане қарайық. Үйден әже мен ата шығады, олар көңілсіз. Тәрбиеші: Не болды? Ата: Кемпір маған Бауырсақ пісіріп, терезенің алдына қойды. Ол қашып кетті. Тәрбиеші: Жыламаңыз, біз оны іздеуге көмек береміз. Жолда келе жатырып қоянды кездеседі. Қоян көңілсіз. Тәрбиеші: Не болды? Қоян: Мен орманда Бауырсақты кездесіп, ойынайын десем. Ол меннен қашып кетті. Тәрбиеші: Ренжіме, біз саған тақпақ айтып береміз «Сұр қоян». Қоян көңілденіп қалады. Жолды жалғастырайық. Балалар қасқырға жолығады. Ол көңілсіз. Тәрбиеші: Не болды?	Балалардың жауаптары Балалар келіседі Ойынға қатысады

Саусақты жаттығу Қорытындылау	Қасқыр: Бауырсақты кездесіп, шар үрлеп ойынайын десем. Ол меннен қашып кетті. Тәрбиеші: Ренжіме, біз саған үйретеміз. Ойын «Шар» Аюды кездеседі. Аю да көңілсіз. Тәрбиеші: Не болды? Аю: мен Бауырсаққа бал берейін десем, ол меннен қашып кетті. Тәрбиеші: Ренжіме, біз саған тақпақ айтып берейік. «Аю отыр партада» Түлкі жүгіріп келіп Бауырсақты ұстап алып, қашып кетеді. -Енді, не істейміз. Онда біз ата мен әжеге бауырсақты жасап берейік. Тәрбиеші жасау тәсілдерін көрсету. - Бауырсақтың пішіні қандай?--- Домалақ - Түсі қандай? ----- Сары Үстел үстіне қойып домалақтау тәсілін көрсету. Пішінді бұзбай, таза, ұқыпты орындау. Сергіту сәті: Бала, бала, балапан, Қане, соқшы алақан. Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат. Балалар жұмысқа кіріседі. Қиындық көрсеткен балаларға көмек беру. Біз орманда Бауырсақты қуып көп жүрдік, қараңдар ата мен әженің үйі мынау тұр ғой. Қане Бауырсақтарыңды апарып беріңдер. Балалар Бауырсақтарын ата мен әжеге апарып береді.	Балалар мұқият бақылайд Қимыл-қозғалыстарды сөздермен сәйкестіреді Ата мен әже ризашылығын білдіріп балаларға тәтті сыйлық береді. Қоштасады.
---	---	--

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Үстел үстіне қойып домалақтау

Болу керек:Ертегінің мазмұнын білу

Істей білу керек: Пішінді бұзбай, таза, ұқыпты орындауды

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативтік компонент:Ертегілер елінде

Тақырыбы:«Күшік пен мысық».

Мақсаты:Балалардың мысық пен күшік жөнінде түсініктерін кеңейту, олардың тіршілігімен таныстыру. Тілін дамыту, антоним сөздерді пайдалану арқылы сөздік қорын тереңдету. Ұй жануарларына деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар:көрсету, сұрақ - жауап, бақылау.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Ынталандыру-оятаушы кезең. Тосын сый:	Психожаттығу Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, Қайырлы күн, балалар! Жұмбақ атай келді	Балалар шеңберге тұрады, бір -біріне қарап күледі
Ұйымдас-тырушы-ізденуші кезең. Рефлексивті-түзетуші	Жұмбақ жасыру. Тікірейіп құлағы Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп, Беті - қолын жуады. Лағымның құлағы селтиіп тұрады, Қозы көрсе болғаны, оны тұра қуады. Бүгін біз сабақта мысық пен күшік туралы айтамыз. - Балалар ұй жануарлары деп нелерді айтамыз? - Кім оларды атап береді? Тәрбиешінің әңгімесі. Мысық өте сүйкімді ұй жануары. Ол көп үйде болады. Мысықтар өте мейрімді, бауырмал болады. Адам мысықты қолға үйреткеніне қарамастан, ол жабайы ұй жануары болып қалады.Мысықтар ет пен балық жегенді жақсы көреді. Тағы олар сүт тағамдарын: айран, сүт, қаймақты жақсы көреді. Мысықтарға құрғақ	Балалар мұқият тыңдайды, шешімін табады -(Мысық) -(күшік) Сұрақтарға жауап береді Балалардың жауабы.

кезең.	тамақтар да береді. Ит иесін көргенде қуанады, құйрығын бұлғаңдатып, артқы аяғына тұрады. Ауырып қалса мал дәрігеріне көрсетеді. Ит ет, балық, құс етін және құрғақ жем жейді. ИТ – адамның досы. Мысық пен ит бір – бірімен дос емес. Ұрысып жатқан адамдарға “Мысық пен ит сияқты сыңдар дейді” Ит пен мысық бір үйде тұрып кей уақытта дос болады, ол бірақ сирек кездеседі. Сергіту сәті. Орнымыздан тұрайық, Қолды алға созайық. Бір отырып, бір тұрып, Жоғары, төмен қарайық, Орнымызды табайық. «Ит пен мысық адамға қалай дос болды?» ертегісін оқу Ертегіні мнемотаблица арқылы айту. Антонимдар: Күшік ақ-мысық, қара Үлкен-кіші	
----------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Мысық пен күшік жөнінде түсініктері болу
Болу керек: Балаларды ертегі тыңдауға

Істей білу керек: антоним сөздерді пайдалану арқылы сөздік қорын тереңдету

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативтік компонент:Ертегілер елінде

Тақырыбы:«Торғай пен тышқан».

Мақсаты:Балаларға «Торғай мен тышқан» ертегісін айтып беру, рөлдерге бөліп ойнатып, тілдерін дамыту. Еңбекке, достыққа, бірлікке тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Торғай мен тышқанның суреттері немесе ойыншықтары.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті Психожаттығу	Баланың іс-әрекеті
Ынталандыру-оюушы кезең. Тосын сый:	«Шаттық шеңбері» Жарық болсын күніміз Жарқын болсын үніміз Елін сүйіп ер жетер Біз болашақ гүліміз Балалар бір – біріне гүл беру арқылы жылы сөздер айтады. Топқа қуыршақ келеді, өзімен	Балалар шеңберге тұрады, бір -біріне қарап күледі, гүл арқылы жылы сөздерді айтады.
Ұйымдастырушы-ізденуші кезең.	балаларға «Торғай мен тышқан» ертегісін әкелі, айтып береді. 1-тапсырма: Балаларды рөлдерге бөліп, ертегіні сахналау. 2-тапсырма: Дидактикалық ойын «Ретімен орналастыр» Торғай мен тышқан артық қалған бидай үшін кімге ақыл сұрауға барады? Ретімен орналастыр. - Жарайсыңдар, балалар! Тапсырмаларды бірігіп жақсы орындадыңдар. Мені сендер сияқты басқа да балалар күтіп отыр, соларға асығыспын. Рахмет сендерге, Сау болыңдар, балалар!Сергіту сәті Жарық болсын күніміз Жарқын болсын үніміз Елін сүйіп ер жетер	Балалар тыныш отырып, қызыға тыңдайды. Балалар ертегіні қуана сахналайды. Қызыға қатысады Балалар суреттерді ретімен орналастырады Қуыршақпен қоштасады. Сергіту сәтін қимылмен өлең шумағы бойынша қайталап жасайды

Рефлексивті-түзетуші кезең.	Біз болашақ гүліміз (балалар қимылмен көрсетеді) Балалар қызыға және дұрыс орындауға тырысады. Қорытындылау - Балалар, бүгін бізге көркем әдебиет ұйым. оқу іс - әрекетіне кім келді? - Қандай ертегі тыңдадыңдар? - Қуыршақтың қандай тапсырмаларын орындадық? - Осы ертегі арқылы нені түсіндік? Бір - бірімізбен қандай болу керекпіз және нені сүю керекпіз? Қоштасу: Қол ұстасып тұрайық. Көріскенше күн жақсы Сау - сәлемет болайық. Қоштасу: Қол ұстасып тұрайық. Көріскенше күн жақсы Сау - сәлемет болайық.	Балалар барлық сұрақтарға жауап береді. Балалар өз білгендерін айтады.
---	--	---

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Торғай, тышқанды.

Болуы керек: тапсырмаларды дұрыс орындауды, рөлдерге еніп ойнауды.

Істей білу керек: «Торғай мен тышқан» ертегісін.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативтік компонент : «Ертегілер елінде»

Тақырыбы:«Қияр мен қырыққабат»

Мақсаты: «Бақшада» тақырыбы бойынша әңгімелесу. Көкөністердің аттарын ажыратып, сол арқылы сөздік қорын байыту. Көкөністердің адам денсаулығына тигізетін пайдасы туралы білімдерін жетілдіру. Үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу

Әдіс-тәсілі: Сұрақ-жауап, әңгіме,

Көрнекі құралдар: ертегі, муляждар, суреттер

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Ынталандыру-оятушы кезең. Тосын сый:	Шаттық шеңбер Жарық болсын күніміз Жарқын болсын үніміз Елін сүйіп ер жетер Біз болашақ гүліміз Балалар бір – біріне гүл беру	Балалар шеңберге тұрады, сөздерді қайталайды бір -біріне қарап күледі.
Ұйымдастырушы-ізденуші кезең.	арқылы жылы сөздер айтады. Әңгімелеу - Балалар, көкөністерді жылдың қай мезгілінде жинап аламыз екен. Оны мына өлең жолдарынан біліп аламыз. Қане бәріміз тыңдайық: Көңілді бақша. Шолып едім бақшаны, Көкөніс біткен көңілді. Жасыл, сары, қызыл, көк, Сан –алуан көкөніс Күзгі бақта күлімдеп Көз тартады желімдеп. - Өлеңде не туралы айтылған Бақшада не өседі? Дид. ойын:«Заттың атын ата» Шарты: қоржынға салынған көкөністерді қолдарына алып, қатты, дәмді, тәтті, ащы –қышқыл зат екенін ажыратып атау. Мысалы: -сәбіз –қатты, сопақша. -Қызанақ –жұмсақ,қызыл, домалақ. -Қане балалар енді мына жұмбақтарды шешейік: Домаланған ала бас, Дәмді шырын даяр ас!	Балалардың мұқият тыңдайды, жауап береді көкөністер туралы әңгіме - картоп, сәбіз, қызанақ, қияр, қарбыз, Қызыға қатысады Жұмбақты шешу -(қарбыз)

<i>Рефлексивті-түзетуші кезең.</i>	Байлауда ақтап сенімді, Сары қозым семірді. Ішіне түйме толтырып, Бүйірі шықты томпиып. «Қияр мен қырыққабат» ертегісі. Оқу. Талдау. «Ертеде қияр мен қырыққабат қол ұстасқан дос болыпты. Бір күні екі дос суға шомылуға өзенге келіпті. Келген бетте қияр шешініп, суға күмп беріпті де жүзе бастапты. Қырыққабат бір бірлеп қабат қабат «көйлегін» шешкенше, күн де батып, қас қарайыпты. Осыған дейін су ішінде қалшылдап тұрған қиярдың терісі әбден күлдіреп кетіпті. Қиярдың қабығындағы бөршіктер міне содан пайда болыпты. Қияр асқабақ тұқымдас, жаған сабақты, бір жылдық бақша дақылы». Қорытындылау Біз не білдік? Жылулық шеңбері. Ә. Ысқақбаевтың «Бақшаны баптаймыз» өлеңін жаттау. Жеміс біткен бау-бақша Желі жайды жан-жаққа Бақта құста сайрады, Құйқылжытып сан-саққа	-(қауын) -(қарбыз) Ертегіні тыңдау Жемістер бақта, ал көкөністер бақшада өседі. Көкөнітер мен жемістер адам ағзасына өте пайдалы.
---	---	--

Күтілетін нәтиже:

Болу керек: Көкөністердің аттарын ажырату

Болу керек: Тәрбиешінің сұрақтарына анық жауап беруге

Істей білу керек: Көкөністердің адам денсаулығына тигізетін пайдасы туралы білу

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативтік компонент : «**Ертегілер елінде**»

Тақырыбы:«Көкөністер туралы ертегі»

Мақсаты:Көкөністер түрін ажырата білу және олардың көбею жолдарын анықтау.

Түйнек, пиязшық, орамжапырақ, жемтамырлар туралы мәлімет алу.

Оқушылардың тілін дамыту, сөз қорын молайту, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, айналадағы дүниені тани біліп, өмірмен ұштастыра білуге баулу. Табиғатты сүйуге, өсімдіктерді қорғауға, қоршаған ортаны таза ұстауға, еңбексүйгіштікке, өзгенің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу

Әдіс-тәсілі: Сұрақ-жауап, әңгіме

Көрнекі құралдар: ертегі, муляждар, суреттер

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Ынталандыру-оятаушы кезең. Тосын сый:	Шаттық шеңбер Кел, балалар күлейік, Көңілденіп жүрейік. Балдырғанбыз демейік, Білім сырын білейік. Топқа шар ұшып келеді	Балалар шеңберге тұрады, сөздерді қайталайды бір -біріне қарап күледі.
Ұйымдастырушы-ізденуші кезең.	Әңгімелеу -Балалар, назарларыңды үстел үстінде тұрған кубиктарға аударыңдар. Кубиктардағы суреттерге қараңдар, мұндағы артық суретті алып тастаңдар. - Не байқадыңдар? - Дұрыс, бір сөзбен ұларды не дейміз? -Ендеше балалар біз көкөністер әлеміне сапар шегейік. Көкөністер – бағалы тағам. Көкөністерде адам организміне қажетті дәрумендер мен минералды тұздар бар. Мысалы, картоп – крахмалға, ал қызылша – қантқа бай; қырыққабатта С дәрумені, ал сәбізде – организмде А дәрумені түзілетін – каротин (А продәрумені көп). Көкөніс шөптесін өсімдікке жатады. Көкөністер жылу сүйгіш және	Балалардың мұқият тыңдайды, жауап береді көкөністер мұқият бақылайды

<i>Рефлексивті-түзетуші кезең.</i>	суыққа төзімді болып келеді. Мысалы, қауын, қызанақ, қияр жылуды жақсы көреді. Ал, сәбіз, қызылша суыққа төзімді болады. Көкөністер бақшада өсіріледі. Тапсырма беру. 1. Үстелдің үстінде жатқан қағаз қиындыларын құрастыру. (әр үстелде көкөністердің суреттері құрылады) 2. Жұмбақтар сайысы. Әр топ бір-біріне жұмбақ жасырады. 3. Көкөністер мен жемістерді ажырату. Қорытындылау. «Көкөніс базары» ойыны. - Көкөніс қайда? (Бақшада) - Балалар бақшада көкөністерді баптап өсіретін адамды кім дейміз? (Бағбан) - Көкөністерді жылдың қай мезгілінде отырғызады? (көктем) - Көкөністерді қай мезгілде жинап алады?	
---	--	--

Күтілетін нәтиже:

Білу керек Көкөністердің аттарын ажырату

Болу керек: Тәрбиешінің сұрақтарына анық жауап беруге

Істей білу керек: Көкөністердің адам денсаулығына тигізетін пайдасы туралы білу.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативтік компонент : «**Ертегілер елінде**»

Тақырыбы:«Құлын, қозы, лақ»

Мақсаты: Балаларды үй жануарларымен, оларды бір-бірінен ажыратып, төлдерін атай білуге үйрету, үй жануарларының түр-түсін, олардың қандай пайдасы барын айтып түсіндіру, ойлау қабілеттерін арттыру және тіл байлықтарын жетілдіру.

Көрнекі құралдар:Үй жануарларының суреттері, ойыншықтар.

Әдіс-тәсілдер: Әңгімелеу, көрсету, сұрақ-жауап, түсіндіру, мадақтау, қорытындылау

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Ынталандыру-оюушы кезең. Тосын сый:	Психожаттығу Қуан шаттан алақай, Қуанатын күн келді Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң, қайырлы күн! Төл атасы келеді	Балалар шеңберге тұрады, бір -біріне қарап күледі, гүл арқылы жылы сөздерді айтады.
Ұйымдастырушы-ізденуші кезең. Рефлексивті-	- Кәне, балалар шеңбер жасап тұрайықшы. - Біз неге ұқсап тұрмыз? - Өте жақсы, дұрыс айтасыңдар. - Енді бір-бірімізбен қолдарымызды ұстайық. - Сендер алақандарыңмен нені сезініп тұрсыңдар? - Өте жақсы. Ендеше балалар, бір-бірімізге бойымыздағы жылуымызбен бірге жақсы тілектер білдірейік. - Еліміз аман болсын! - Аспанымыз ашық болсын! - Жеріміз көркейе берсін! - Денсаулығымыз зор болсын! - Әдепті бала болайық! - Бәріміз дос болайық! - Өте жақсы, бір-бірімізге жақсы-жақсы тілектер айттық, сендер өздеріңнің татулықтарыңды жақсы тілектер арқылы білдірдіңдер. - Кәне, жайлап, орындықтарымызға отырамыз.	Балалар мұқият тыңдайды - Күнге, айға, машинаның дөңгелегіне, допқа. Жылулық сезініп тұрмыз. Балалардың жауабы. - Көктем. - Наурыз, Сәуір, Мамыр. - Көктемде күн жылынады. Жаңбыр жауады. Жер көгереді. Түрлі шөптер, гүлдер өседі. Жерге бәйшешектер шығады.

түзетуші кезең.	- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? - Көктем айларын атайықшы? - Көктемнің ерекшеліктерін айта кетейік. - Өте жақсы. - Енді балалар, көктем туралы тақпақтарымызды айтайық. Көктем қандай көңілді Күміс жаңбыр төгілді Мөлдір аспан ашылып Күннің көзі көрінді. - Өте жақсы. Енді тағы көктем туралы тақпақты кім айтады? - Өте жақсы балалар. - Енді барлығыңда маған қараңдар. - Бүгін балалар, біз сабағымызда үй жануарлары туралы әңгімелейміз. Кәне, сендер қандай үй жануарларын білесіңдер ме? - Дұрыс айтасыңдар, балалар. - Бұл жануарларды үйде ұстайтын болғандықтан үй жануарлары деп атаймыз. Барлығыңның үйлерінде де сиыр, түйе, қой, ешкі, жылқы бар, солай ма? -Иә. -Кәне, кім үй жануарлары туралы тақпақ айтады? - Өте жақсы. Тағы кім білетін тақпағын айтады? - Өте жақсы, балалар. - Енді мен сендерге жұмбақ жасырайын. Сендер соның жауабын айтыңдар. Жұмбақ: Тастан тасқа секіреді, Қалқиып қос құлағы Ойын болып көкірегі Аула оның тұрағы. Жұмбақты да шеше алады екенсіңдер. Жарайсыңдар. Балалар, осы үй жануарларының пайдасы өте көп. Бұл үй жануарларының сүтін ішеміз, ал түйенің, қойдың жүнінен киімдер тоқып киеміз. Бұл үй жануарларының	Бәйшешектен білеміз, Көктем келіп қалғанын Мәз боламыз, күлеміз, Көрсек гүлін жарғанын. Қара торғай келіпті, Үйшік жасап берейін Ағашқы күн көрікті, Бәйшешекті терейін. - Түйе, сиыр, жылқы, қой, ешкі. Ботақаны нардың Жарға неге бардың Тілерсегің дірілдеп, Секіре алмай қалдың Қошақаны қойдың Қайда қалып қойдың Томпиып тұр бүйірің, Қай өрістен тойдың. - Лақ. - Бота. Балалардың жауаптары. - Қозы, құлын, лақ. - Секіріп ойнағанды. - Қозы сүзісіп ойнағанды жақсы көреді. - Құлын жарысып ойнағанды жақсы
-------------------------------	---	---

	адамға тигізер пайдасы көп екен. -Енді балалар, осы үй жануарларының төлдерін ажырата аламыз ба? - Иә. - Олай болса барлығымызда сабаққа жақсы қатысып, жауап беріп отырайық. - Түйенің төлі. - Барлығын жеке-жеке сұрау. -Өте жақсы, балалар. Енді сендер шаршаған боларсыңдар, серігіту жаттығуын жасайық. Орнымыздан тұрайық Алақанды созайық Бір отырып, бір тұрып Тынығып бір алайық (2-рет). - Енді, мен сендерге осы үй жануарларының төлдері «Құлын, лақ, қозы» деген әңгіме айтып беремін. Сендер мұқият тыңдап отырыңдар. Бір күні көк алаңда құлын, қозы, лақ үшеуі кездесіп қалады. Олар бір-бірімен әңгімелесіп, ойын ойнамақшы болады. Лақ айтады: Келіндер үшеуміз тастан-тасқа секіріп ойнайықшы-дейді. Қозы айтады: Жоқ, секіріп ойнаған қызық емес, одан сүзісіп ойнайықшы,-дейді. Құлын айтады: Жоқ, мен келіспеймін одан да жүгіріп ойнайықшы-дейді. Сөйтіп, құлын, қозы, лақ үшеуі ренжісіп, келісе алмай бет-бетімен кетіп қалады. Бұл әңгімеде қандай үй жануарлары болды? - Лақ қалай ойнағанды жақсы көреді? - Қозы қалай ойнағанды жақсы көреді? - Құлын қалай ойнағанды жақсы көреді? - Әңгімеде неше үй жануары болды? - Дұрыс айтасыңдар, балалар. Әңгімені жақсы түсінген екенсіңдер,	көреді. - Үш. - Қара. - Ақ. - Қоңыр. Балалар ойынды ойнайды. - Екі құлағы, екі көзі, төрт аяғы т.б -Сүтін ішеміз, жүнінен киім киеміз.
--	---	---

	үш үй жануары болды. Міне мынау қозы, құлын, лақ. Енді осы төлдердің дене мүшелерін атайық. -Мынау не? - Қозының көзі. - Неше көзі бар? Құлағы нешеу? - Екі көзі, екі құлағы бар. - Ал осы үй жануарларының аяғы нешеу болады екен? - Төрт аяғы болады. - Енді осы төлдердің түстерін атайық. - Қозының түсі қандай? - Лақтың түсі қандай? - Құлынның түсі қандай? -Өте жақсы балалар. Түсті өте жақсы ажырата алады екенсіңдер. Дидактикалық ойын: «Қай жануардың төлі» деген ойнаймыз. Балалар, мына жерге қараңдаршы төлдер жайылып жүр. Кәне, кім қосады? Ойынды, кім ойнағысы келеді? - Өте жақсы балалар. Балалар, біз бүгін қандай төлдермен таныстық? - Құлын, қозы, лақ. - Дене мүшелерін ата - Пайдасы қандай екен? - Өте жақсы балалар, бүгін барлығыңда сабаққа жақсы қатыстыңдар. Сабағымыз аяқталды.	Бұзау
--	--	---------------------

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Оларды бір-бірінен ажыратып, төлдерін атай білу.

Болу керек: Үй жануарлары туралы түсінік .

Істей білу керек: Үй жануарларының түр-түсін, олардың қандай пайдасы барын айтып түсіндіру

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативтік компонент : «*Ертегілер елінде*»

Тақырыбы:«Маша мен аю».

Мақсаты: Түрлі жүрістерді бекіту. Орындықтың үстімен жүргенде тепе-теңдікті сақтау

Көрнекі құралдар: Маша қыз, аю, орындық, кедір жолақша, орман бейнесі.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Ынталандыру-оятаушы кезең. Тосын сый:	Психожаттығу Армысың жарқыраған күн! Армысың жер-Ана! Армысың көгілдір аспан. Армысың, достарым! Маша мен аю	Балалар шеңберге тұрады, бір -біріне қарап күледі, жылы сөздерді айтады.
Ұйымдастырушы-ізденуші кезең. Рефлексивті-түзетуші кезең.	Залға кіру. Бүгін бізде дене шынықтыру оқу іс-әрекетінде жүреміз, жүгіреміз, ойнаймыз. Жүру, жүгіру. Шеңберге тұру. Жалпы дамыту жаттығулары: Төмен-жоғары» «Білмеймін» «Сағат» «бір отырып-бір тұру»«Отыру «Үлкен адым,«кішкентай адым»«Көңілді доптар» «Тыныс алу жаттығулары:«шар» Есік қағылып Маша кіреді.(әуенмен) -Балалар, қараңдаршы, мынау келе жатқан ертегідегі Маша ғой. -Сәлеметсіңдер ме, балалар! -Сәлеметсің бе, Маша! -Сен мұнда не істеп жүрсің. -Мен аю досыма қонаққа бара жатырмын. Сендер менімен барғыларың келеді ме. Менің досым балаларды жақсы көреді. Сендер барсаңдар олқуанып қалады. -Не істейміз балалар, Машамен оның аю досына қонаққа барайық па. -Маша, сенің аю досың қайда тұрады. -Аю досым орманда тұрады. -Ендеше, кеттік. -Бірақ сендер қиыншылықтан қорықпайсыңдар ма, өйткені орманға жол алыс. Оған бару	Балалар жүреді, жүгіреді. Шеңберге тұрады Жаттығуларды жасайды, қайталайды Қызыға қарсы алады

	үшін кедір-бұдыр жолмен,көпірден өтуіміз керек. -Жоқ, Маша біз қорықпаймыз,солай емес пе балалар.Музыкамен орманға жолжүреміз.Алдымыздан кедір-бұдыр жолшығады. Негізгі жаттығулар: 1.«Кедір тақтайдың үстімен жүру» (екі қолдарын белдеріне қойып) 2.«Көпірден өту» (Тепе-теңдікті сақтап, қолдарын жан-жағына созып өту) Тізесін бүгіп төменге секіру. -Міне орманға да жеттік. Бірақ аю көрінбейді ғой. Ол біздің келгенімізді білмейтін шығар. Аю біздің келгенімізді есту үшін аю туралы өлең айтып берейікші. Орманнан аю шығады. Маша: -Аю, досым, мен келдім. Аю: -Маша, керемет, келгенің қандай жақсы болды. Мен сені сағынып қалдым. Маша: -мен де, аю досым, мен жалғыз келген жоқпын, қасыма достарымды ертіп әкелдім. Аю:- Қандай жақсы болды, әйтпесе жалғыз өзіме көңілсіз еді, енді сендермен көңіл көтеретін болдым. Сендер менімен ойнайсыңдар ма. Маша: -Әрине ойнаймыз. Қимылды ойын «Аю мен балалар» <i>Шарты:</i> Аю өз үйінде ұйықтап жатады. Балалар өз үйлерінде (обручтардың ішінде) Балалар орманға құлпынай жинауға келеді. Ормандағы аюдың Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық Қалтамызға салайық. Осы сөздерден кейін аю оянып, балаларды қуады. Балалар өз үйлеріне (обручтің ішіне) кіріп кетуі керек. 3-рет қайталанады. -Аю: -Ой-ой-ой, балалар, сендер қандай жүйрік едіңдер, мен сендерді ұстай алмай қалдым ғой. Көңілім қалай көтеріліп қалды. Бірақ аяқтарым шаршап, аурып	-Иә, апай, барайықшы. Иә, біз қиыншылықтан қорықпаймыз. Аю отыр партада, Екі қолы қалтада. Апай сабақ сұраса Ұйықтап жатыр масқара.
--	--	--

	қалды. Тәрбиеші: -Балалар, аю шаршап, аяқтары ауырып қалыпты. Сондықтан да отырып дем алайық. Релаксация. (әуенмен) Маша мен аю бірге жасайды. Аю: -Балалар, Маша маған қонаққа келгендеріңе рахмет, менің көңілім көтеріліп қалды. Мен енді Маша саған алаңдамай қысқы ұйқыға жатуға кетейін. Менің сендерге беретін сыйлығымды алыңдар. Маша: -Мынаның бәрі маған ба. Аю: -Маша, сен балаларды ұмытпа, бөлісіп жеңдер. Рахмет саған аю, қош сау бол, біз де балабақшаға қайтайық. -Сау болыңдар, балалар. Балабақшаға кедір жолмен қайту.	Маша қоштасып кетеді, сыйлықтарын балаларға таратады.
--	---	--

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Тапсырмаларды дұрыс орындау

Болу керек: Түрлі жүрістерді бекіту.

Істей білу керек: Орындықтың үстімен жүргенде тепе-теңдікті сақтау

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативтік компонент : **«Ертегілер елінде»**

Тақырыбы: «Мысық пен тышқан»

Мақсаты: Балаларды мұқият тыңдай білуге үйрету, ертегі мазмұнын түсіндіру. Үй жануарларының қалай дыбыстайтынын, оның атын ажырата айта білуге үйрету.

Кейіпкерлердің әр түрлі іс – әрекет үстінде көріну өзгешелігіне қызыға назар аударуға дағдыландыру. Баланың ойлау, қабылдау, таным, көру, есту қабілеттерін дамыту.

Көрнекілік құралдар: ертегі бойынша слайдтар

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
<i>Ынталандыру-оятушы кезең.</i> <i>Тосын сый:</i>	Таңертеңгілік шеңбер. Күй тартамыз күмбірлі Ән айтамыз көңілді Би - билейміз ырғақты Біз бастаймыз сабақты Қонаққа күшік келеді.	Балалар мұқият тыңдайды.
<i>Ұйымдас-тырушы-ізденуші кезең.</i>	Күшік: «Ав - ав» мен күшікпін, Күшікпін күшікпін Түні бойы жатпаймын, Тыныштықты сақтаймын. «Ав - ав» «Мысықпен тышқан»ертегісі. Ертегіні сюжеттік слайдтар арқылы түсіндіремін. - Балалар, ертегі ұнады ма? -- Тышқан қандай аң? - Сендерге тышқанның әрекеті ұнады ма? - Ал сендер тышқанның орнында болсаңдар не істер едіңдер? Сергіту сәт: Орнымыздан тұрайық , Алақанды ұрайық Бір отырып,бір тұрып, Біз демалып алайық. - Ертегіден не түсінгендеріңді білу мақсатында келесі тапсырмаларын орындаймыз. Кім жылдам? (топтық жұмыс) Балаларды екі топқа бөліп, екі топтың біріне мысықтың, екіншісіне	Балалардың назарын аударады, амандасады Тақпақ қайталайды Балалар белсенді ойынға қатысады Мұқият тыңдайды Балалар белсенді әңгімеге қатысады. Қимылдарды сөздерге байланыстырып сәйкестіреді Ойынға қатысады

Рефлексивті-түзетуші кезең.	тышқанның суретті қиындыларын беріп құрастыртамын. Қорытындылау Балалар Күшікпен қоштасады.	Сау бол, Күшік! Бізге тезірек қайтып кел!
---	---	--

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Үй жануарларының қалай дыбыстайтынын.

Болу керек:Балаларды мұқият тыңдай білуге.

Істей білу керек:Кейіпкерлердің әр-түрлі іс– әрекет үстінде көріну өзгешелігі

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативтік компонент : «*Ертегілер елінде*»

Тақырыбы:«Су жүрек қоян».

Мақсаты:Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, сөздік, есте сақтау қабілеттерін арттыру,театр түрлері арқылы кейіпкерлерді ажыратуға үйретіп, достық сезіміне тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: қоян суреттері немесе ойыншықтары .

Билингвалдық компонент:қоян-заяц.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Ынталандыру-оятаушы кезең. Тосын сый:	Психожаттығу Армысың жарқыраған күн! Армысың жер-Ана! Армысыңкөгілдіраспан. Армысың, достарым	Балалар шеңберге тұрады, бір -біріне қарап күледі, жылы сөздерді айтады.
Ұйымдастырушы-ізденуші кезең. Рефлексивті-түзетуші	Балалар «емес» арқылы Жұмбақ шешкілерің келеме? Қысқа емес – ұзын, батыр емес – қорқақ. Қөрегі оның қияр емес – сәбіз. Ол не? - Балалар, қоян туралы қандай ертегілер білесіңдер? Ал қоян туралы тағы білгелерің келе ме? Олай болса қазір белгілер арқылы 2 топқа бөлінейік. * Қағазды бүктеу арқылы қоянның достарын жасайсындар. * Қағазды төрт бұрыштап бүктейміз, артығын қиямыз. Ғажайып сәт. Релаксация.(әсем әуен ойнайды). -Балалар, қане бәріміз көзімізді жұмып, бір сәтке орманды елестетейікші айнала аппақ қар, қарда толған іздер. -Көздерінді ащындар, айтыңдаршы кім қандай	Иә, шешейік! – Қоян. Балалардың жауабы. Бұның жауабы – йә. Балалар белгі арқылы 2 топқа бөлінеді. 1. топ «Әдебиет» орталығында «Су жүрек қоян» атты ертегімен танысады. 2. топ «Өнер» орталығына барады. Балалар мұқият тындайды. Балалар көздерін жұмып, елестетіп отырады. Балалар іздерді қарап олардың елері айнайтады.

кезең.	аңдардың ізін көрді? Дидактикалық ойын: «Ненің ізі» Мақсаты: ойлау қабілеттерін арттыру. Осы іздердің ішінен ең қорқақ аңның ізін табындаршы. Бүгін біз балалар сендермен сол қоянның басынан кешкен хикая мен танысамыз. Қуыршақ театры арқылы « Су жүрек қоян» атты ертегімен таныстыру. *Сендерге ертегі ұнады ма? *Қорқақ қоян неден шаршады? *Қоян қалай атанды? *Бірінші неге кездесті? *Ал екінші неге? *Үшінші неге? *Төртінші ше? Қорытындылау: Балалар, қане бәріміз бүгінгі ертегіні есімізге түсірейікші оған бізге сиқырлы қолшатыр көмектессін	- Иә, ұнады. - Қорқудан шаршады. - «Батыр» қоян аталды. Тиінге кездесті. Түлкіге кездесті. - Қасқырға - Аюға Қолшатырды айналдырып ертегінің ретін естеріне түсіреді
----------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Қоян туралы түсінік

Болу керек: тапсырмаларды дұрыс орындауды, рөлдерге еніп ойнауды.

Істей білу керек: театр түрлері арқылы кейіпкерлерді ажырату

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативтік компонент : «**Ертегілер елінде**»

Тақырыбы:«Түлкі мен қасқыр».

Мақсаты: Ертегінің мазмұнын әңгімелеу, ойлау қабілетін, сөздік қорын, мәнерлеп сөйлеу дағдыларын арттыру. Достыққа, ұйымшылдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу, жағымды және жағымсыз әрекеттерді сезіне білуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Ертегі кейіпкерлері бейнесі(түлкі, қасқыр).

Әдіс-тісәлдер: Әңгімелеу, сұрақ - жауап, жеке жұмыс, ойын ұйымдастыру, «кубизм» әдісі, «Венн диаграммасы» көрсетуі

Билингвалдық компонент:түлкі-лиса, қасқыр-волк

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Ынталандыру-оятушы кезең. Тосын сый:	Психожаттығу Арайлаптаңатты, Алтынсәулетаратты. Жарқырайдыкүніміз. Жарқырайдыдаламыз. Қайырлытаң, Қайырлыкүн, балалар! Түлкінің киімін киген тәрбиеші келеді	Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне қарап күледі
Ұйымдас-тырушы-ізденуші кезең.	Ерте, ерте, ертегі, Ертегі сыр шертеді, Ертегіні жақсы айтқан бала Мақсат – мұратына жетеді. Балалардың қызығушылығын ояту арқылы, психологиялық дайындық. Жұмбақ Өзі айлакер, қу. Жүрген жері айқай да шу. Ертегінің тақырыбына көңіл аударамын. Ол түлкі мен қасқыр туралы кенін айтамын. Ертегіні оқу. Сұрақ – жауапқа жұмыстанамыз. -Түлкі не істеді? Оныңжасағанәрекетіқандай? - Ал, қасқырдыңәрекетітуралы не айтаредіңдер? -Досынасолайетуге бола ма? Қайсысынааяушылықбілдіругеболады? Сергіту сәті. Орнымыздан тұрайық, Қолды алға созайық. Бір отырып,бір тұрып, Жоғары, төмен қарайық, Орнымызды табайық.	Балалар мұқият тыңдайды, шешімін табады -(түлкі). Сұрақтарға жауап береді Балалардың жауабы. Қимылдарды сөздерге сәйкестіреді Жабайы жануарлар, жыртқыш, орманда

Рефлексивті-түзетуші кезең.	Венн диаграммасы» - стратегиясы. Суретпен жұмыс, түлкі мен қасқырды салыстыру арқылы, ортақ қасиеттері - мен, ұқсастықтарын, айырмашылықтарын айтқызу. «Кубизм»- стратегиясы. Кубиктің әр қырларына тапсырмалар берілген. Кубикті тастау арқылы, тапсырманы орындау. 1 - тапсырма: Жұмбақ шешу. Алдайды, арбайды, Қуланады, сұлуланады. (Түлкі) 2 - тапсырма: Жаңылтпашты жаңылмай айт. Түлкі айлалы аң, айлалы аңға айла пайдалан. 3 - тапсырма: Мақалды жалғастыр. 1) Еңбектің наны тәтті,..... 2) Досы көпті жау алмайды,..... 4 - тапсырма: Жабайы жануарларды ата. (түлкі, аю, арыстан, қасқыр, жолбарыс) 5 - тапсырма: Қимылын сал. (Түлкінің, иттің, қасқырдың). 6 - тапсырма: Қарама - қарсы сөздерді тап.(Антоним). Еңбекқор - (жалқау) Батыр - (қорқақ) Көп - (аз). Үлкен - (кіші).	мекендейді Қу, Балалар тапсырмаларды орындайды
---	--	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Жабайы жануарлар жөнінде түсініктері

болу **Болуы керек:** Балаларды ертегі тыңдауға

Істей білуі керек: Антоним сөздерді пайдалану арқылы сөздік қорын тереңдету

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативтік компонент : «*Ертегілер елінде*»

Тақырыбы:«Үш аю».

Мақсаты: Балаларды ертегі тыңдауға, ондағы оқиғалардың өрбуін бағалауға, ертегінің мағынасын түсінуге, кейіпкерлердің қарапайым қатынастарын бағалауға тәрбиелеу. Жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту. Ойлау қабілетін дамыту.

Көрнекі құралдар:Ойыншық ыдыстар, ертегі суреттері, ойыншық аю, орындық

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық түзетушілік.	Психожаттығу «Шаттық шеңбері» Жарық болсын күніміз Жарқын болсын үніміз Елін сүйіп ер жетер Біз болашақ гүліміз Балалар бір – біріне гүл беру арқылы жылы сөздер айтады.	Балалар шеңберге тұрады, бір -біріне қарап күледі, гүл арқылы жылы сөздерді айтады.
Ұйымдастырушы-ізденуші кезең. Рефлексивті-түзетуші кезең.	Тәрбиеші: Баяғы заманда үш аю болыпты: үлкен аю, орташа аю, кішкентай аю. Үлкен аюдың аты Михайл Иванович, орташа аюдың аты Анастасия Петровна, кішкентай аюдың аты Мишутка. Олар орманда жидектер теріп жейді екен. Әрқайсысының ыдыстары, төсектері, орындықтары бар. Ең үлкен аюдың заты үлкен, орташа аюдың заты орташа, кіші аюдың заты кішкентай болады. Балалар айтыңдаршы, бұл ертегі қалай аталады? Тәрбиеші: Ал аюлардың аттарын кім атап береді? Тосын сәт: (Маша кіреді) -Сәлеметсіңдер ме, балалар. Сендерге қонақтар келе жатыр! Сендер ол қонақтарды жақсы білесіңдер. Мен сендерге қонақтардың келе жатқанын айтуға келген едім жарайды, мен асығыс едім, сау болыңдар	Балалар мұқият тыңдайды Балалар ертегіні мұқият тыңдайды, ол ертегі «Үш аю» деп аталатындығын айтады. Балалардың жауабы.

	балалар. -Балалар, қонақ келгенде не істеу керек? - Қонаққа кім келеді? -Олар қандай аңдар? -Олар қайда өмір сүреді? Сергіту сәті: Қорбандаған аюдың, Құлпынайы бар екен. Теріп-теріп алайық, Кәрзенкеге салайық. - Дастарханға не қоямыз? Тәрбиеші: Үстел үстіндегі ыдыс дұрыс қойылған ба? Не артық? Тәрбиеші: Ал, балалар, қонақтарды дастарханға шақырайық. Қорытынды: -Ертегі қалай аталады? -Аюлардың аттары кім? -Қай ыдыс артық болды? -Ыдыстардың көлемі бірдей ме? -Қонақ келгенде не істеу керек? -Олар қандай аңдар? -Қайда өмір сүреді? -Сендерге не ұнады?	Дастархан жаю керек. Үлкен, орташа, кішкентай үш табақ қоямыз. Балалар қойылған ыдыстарды санайды, артығын табады.
--	--	---

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту.

Болуы керек: Балаларды ертегі тыңдауға

Істей білуі керек: Ондағы оқиғалардың өрбуін бағалауға.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативтік компонент : «**Ертегілер елінде**»

Тақырыбы: «Шұбар тауық»

Мақсаты: Балаларды ертегіні зейін қойып, аяғына дейін тыңдауға үйрету.

Тәрбиешінің сұрақтарына анық жауап беруге, бірінің - бірі жауабын тыңдауға, өз - өздеріне сенімділікке, кейіпкерлерге деген мейірімділік, аяушылық сезімге тәрбиелеу. Белсенді сөздік қорларын, дамыту. Түстерді, геометриялық пішіндерді ажыратып, құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыру.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ-жауап, әңгіме,

Көрнекі құралдар: тақпақ, ойыншықтар, суреттер

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Ынталандыру-оюушы кезең. Тосын сый:	Шаттық шеңбер (Балалар шеңберге тұрады.) Қуыр - қуыр, қуырмаш, Балапанға бидай шаш. Түлкі келсе есік бас, Әжең келсе есік аш. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. Қуыр - қуыр, қуырмаш., Тауықтарға тары шаш. Шеп - шеп - шеп. - Балалар, ертегі тамашалағыларың келе ме?	Балалар шеңберге тұрады, сөздерді қайталайды бір -біріне қарап күледі.
Ұйымдастырушы-ізденуші кезең.	(Балалардың назарын экранға аудару) Ертегі: «Шұбар тауық» Сөздік ойын: « Кім тез жауап береді?» (Ертегі желісі бойынша сұрақтар беру) - Қандай ертегі көрдіңдер? - Шұбар тауық кімдердің үйінде тұрды? - Шұбар тауық ата мен әжеге қандай жұмыртқа туып берді? - Жұмыртқаны не жарды? - Тышқан жұмыртқаны қалай жарды? Психологиялық гимнастика: «Көңіл - күй» - Ата мен әже алтын жұмыртқаны көргенде қалай таңданды? (Таңдану) - Алтын жұмыртқа жарылып қалғанда қалай ренжіді (Көңілсіз) - Жай жұмыртқа туып бергенде қалай қуанды? (Қуану)	Балалардың мұқият тыңдайды, жауап береді Шұбар тауық Ата мен әженің үйінде тұрды Алтын жұмыртқа Тышқан Құйрығымен қағып кетті

Рефлексивті-түзетуші кезең.	Қыт - қыттап Шұбар тауық келеді Шұбар тауық: - Сәлеметсіңдер ме, балалар, қыт - қыт - қыт. Шұбар тауық: - Мені таныдыңдар ма? Шұбар тауық: - Мен сендерге ойындар әкелдім. Егер ойындарды дұрыс ойнасаңдар, менің мына жұмыртқаларым ашылады. Тәрбиеші: - Шұбар тауық, біздің балалар ойын ойнағанды ұнатады. Дидактикалық ойын: «Суретті ретімен қойып, әңгімеле» («Шұбар тауық» ертегісі бойынша бейнеленген суреттерді ретімен қойып, әңгімелеп береді Тәрбиеші: (жұмыртқаны қолына алып) – Ой, балалар, мына жұмыртқадан бір дауыс шығады – деп қолына алады. (Ішінен шиқылдап, балапан шығады) Шұбар тауық қыт - қыттап рахмет айтады. Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндерді ата және сипатта» 2 - ші жұмыртқа ашылып, балапан шығады. Дидактикалық ойын: «Балапанды пішіндерден құрастыр» 3 - ші жұмыртқа ашылып, балапан шығады. Дидактикалық ойын: «Неше балапан, неше жұмыртқа»(санау) - Шұбар тауық: - Жарайсыңдар, балалар, жұмыртқаларымды ашуға көмектескендеріңе рахмет! Қорытындылау Ән «Шөжелерім» (музыкамен) Шеп - шеп шеп - шеп шөжелерім, Сары алтындай балапаным. Тез жетіндер жем беремін, Дәнге толы алақаным. Шұбар тауық: - Балалар, сендермен өте көңілді болды. Мен сендерге сыйлық ала келдім (сыйлық – киндер жұмыртқаларын балаларға таратады) Мені атаммен әжем іздеп жүрген болар, мен енді үйге қайтайын, сау болыңдар балалар.	-Сәлеметсіз бе! -Иә, таныдық, Шұбар тауықсың. - Балапан. (балалар таңданады) - Шұбар тауықпен бірге, ән айтып би билейік.
---	--	--

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Ертегіні аяғына дейін тыңдауды

Болуы керек: Тәрбиешінің сұрақтарына анық жауап беруге.

Істей білуі керек: Түстерді, геометриялық пішіндерді ажырату

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативтік компонент : **«Ертегілер елінде»**

Тақырыбы: Мысық, әтеш жәнетүлкі.

Мақсаты: Балаларды мұқият тыңдай білуге үйрету, ертегі мазмұнын түсіндіру. Үй жануарларының қалай дыбыстайтынын, оның атын ажырата айта білуге үйрету.

Кейіпкерлердің әр түрлі іс – әрекет үстінде көріну өзгешелігіне қызыға назар аударуға дағдыландыру.

Көрнекі құралдар: геометрикалық пішіндер (дөңгелек, үшбұрыш, тік төртбұрыш

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Ынталандыру-оютушы кезең. Тосын сый:	Таңертеңгілік шеңбер. Күй тартамыз күмбірлі Ән айтамыз көңілді Би - билейміз ырғақты Біз бастаймыз сабақты	Балалар мұқият тыңдайды.
Ұйымдастырушы-ізденуші кезең.	«Мысық, әтеш жіне түлкі»ертегісі. Ертегіні сюжеттік слайдтар арқылы түсіндіремін. - Балалар, ертегі ұнады ма? -Әтешке не болды? - Неге түлкі әтешті алып қашты? - Не әтешке көмектесті? Тақпақтар Мысық Пеш устінде мысық отыр. Аздап көзін қысып отыр. Тышқан етін жегісі кеп, Тісі оның қышып отыр. Қоян Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды. Ойлы - қырлы жерлермен. Ытқып-ытқып жүгірді Әтеш Әдемі әтеш, Таң атпай тұрыпты. Ойкастап жүріпті. Жан-жаққа қарапты. Айдарын тарапты. Сергіту сәті:	Балалардың назарын аударады, амандасады Мұқият тыңдайды Балалар белсенді әнгімеге қатысады. Қимылдарды сөздерге байланыстырып сәйкестіреді Ойынға қатысады

Рефлексивті-түзетуші кезең.	Орнымыздан тұрайық , Алақанды ұрайық Бір отырып,бір тұрып, Біз демалып алайық. - Ертегісендерге ұнады ма, онда үстел басына келіп келесі тапсырмаларын орындаймыз. Мынау үй. Не тұратын екенін білгілерің келе ме? Жұмбақты шешіндер: Мұрты бар, иегінде сақалы жоқ, Тоны бар, киетұғын шапаны жоқ. Керегі үй ішінен табыл,ан соң, Алыстан арайлатын сапары жоқ -Қандай пішін мысыққа ұқсайды (дөңгелек) Таң атпай тұрады, Бізді оятады (әтеш) -Әтеш қандай пішінге? (үшбұрыш) Бұлаңдаған құйрығы- Бір алдарлық қулығы. -Қандай пішін? (тік төртбұрыш) Енді ертегіні еске түсіріп отырып пішіндерді үстел үстіне қоямыз. Қорытындылау Тәрбиеші тақтаға ертегінің үзіндісін қояды, балалар сөйлем құрастырады. *Мысық пен әтеш үйде тұрады.  *Түлкі үйге келді.  Балалар,дұрыс. Сендерге ұнады ма?	Сау бол, Күшік! Бізге тезірек қайтып кел! Мысық Әтеш түлкі
---	---	--

Күтілетін нәтиже

Білуі керек: Үй жануарларының қалай дыбыстайтынын.

Болуы керек: Балаларды мұқият тыңдай білуге.

Істей білуі керек:Кейіпкерлердің әр-түрлі іс–әрекет үстінде көріну өзгешелігі.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативтік компонент : «**Ертегілер елінде**»

Тақырыбы: «Мысық неге тамақ ішкен соң жуынады»

Литва халық ертегісі.

Мақсаты: Әңгімені түсініп тындау,мазмұнын айту. Балалардың тілін дамыту.

Қызмет кезеңі.	Тәрбиешінің іс-әрекеті.	Бала әрекеті.
Мотивациялық қозғаушылық	Жыл мезгілін анықтау. Артикуляциялық жаттығу Ыс-ыс-ыс-келіп қалды қыс, Ай—ай-ай-жайлауда жүр тай, Ой-ой-ой-қорада тұр қой Лау-лау-лау-желбірейді жалау. Ла-ла-ла-Аян жақсы бала Ыз-ыз-ыз-Дария жақсы қыз. Жұмбақ жасыру Өзі жап-жас,мұрты бар, Ет пен сүтке ұмтылар. Тастамайды жылы үйде Түкті тонын шұп-шұбар	Балалар сұрақтарға жауап береді. Жаттығуды қайталайды. Жұмбақ шешеді. (мысық)
Ұйымдастырушылық ізденістік	-Өте жақсы балалар, жауаптарың дұрыс. -Мысық туралы не білесіңдер? -Ол қандай жануар? -Бұл суретте не көріп тұрсыңдар? -Марғау ненің баласы? -Марғау қайда қарап тұр? -Не көрді,неге таң калып тұр? -Қарды бірінші рет көріп тұрма? -Кім маған қысқаша әңгіме құрастырып айтып береді. Тақпақ оқу Пеш үстінде мысық отыр, Екі көзін қысып,	Балалар белсенді әңгімеге қатысады. -Мысық үй жануары -Сүт ішеді,тышқан аулайды, -Марғау терезеге қарап тұр, -Мысықтың баласын марғау дейміз. -Марғау қар көріп таң калып тұр. -Қарға қарап ойнағысы келіп тұр

Рефлексиялық түзетушілік	Тышқан етін жегісі кеп, Тісі оның қышып отыр « Мысық неге тамақ ішкен соң жуынады» ертегісін оқып беру. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды,марғау туралы әңгіме құратады, «у» дыбысын дұрыс айтылуын қадағалайды, әр баламен жеке жұмыс,марғау-марғаулар.	Тақпақты балалар қайталайды. Балалар түсінгендерін әңгімелеп айтып береді,дыбыстарды қайталайды.
--	--	--

Күтетін нәтиже:

Білу:Сурет бойынша сипаттау.

Болу: Сөздік қорын молайту,байланыстыра сөйлеу.

Істей білу: Қысқаша әңгіме құрастыруға үйрету,дыбыстық мәдениетін жетілдіру.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативтік компонент : «**Ертегілер елінде**»

Тақырыбы: «Үш жалқау»

Мақсаты:Ертегіні түсініп тындау,мазмұнын айту. Сөздік қорын молайту,байланыстыра сөйлеу. Қысқаша әңгіме құрастыруға үйрету.

Қызмет кезеңі.	Тәрбиешінің іс-әрекеті.	Бала әрекеті.
Мотивациялық Қозғаушылық.	Қонаққа қарлығаш келеді, тұмсығында конверт. Оның ішінде не бар екенін білгілерің келеме?	Балалар сұрақтарға жауап береді.
Ұйымдастырушылық ізденістік	Әңгімелесу Балабақша – қуаныш және сүйіспеншіліктің үйі. Балабақшада балалар жақсы көп нәрсеге : бірін – бірі сыйлауға, көмектесуге, тату ойнауға үйретеді. Балабақша –достықтың, ұйымшылдықтың Отаны. Сергіту сәті Қане, қанат жазайық, Қарлығаш боп ұшайық. Ұшып-ұшып алайық, Орнымызға қонайық. «Үш жалқау» ертегісін оқып беру. Ертеде бірінен – бірі өткен ағайынды үш жалқау болыпты. Бар бітіретіндері бас көтермей ұйықтай беру екен. Бірде үшеуі жолғашығыпты. Тоғай арасына келгенде, мәуелі ағаш көлеңкесіне қисая кетіпті. Бірінші жалқау: – Е... құдай, мына өріктер піссе, - депті. Екіншісі: –Ауызға келіп түссе, -	Балалар түсінгендерін әңгімелеп айтып береді.

<i>Рефлексиялық түзетушілік</i>	депті. Сонда үшіншісі оларды міней сөйлеп: –Тұу, соны айтуға қалай ерінбейсіңдер, - депті. Балалар жалқау болмау керек. Сұрақ жауап. Жақсы мен жаманды айыра аласыңдар ма? Жақсы бала қандай болады, жаман қандай болады? Көркем сөз. Жақсылықтан үйреніп, Боламыз біз жақсы адам. Жамандықтан жиреніп, үлгі аламыз жақсыдан. О. Асқаровтың «Жақсы адам боп шығамыз» өлеңін оқу. Өлеңде не туралы айтылған? Өлеңді оқып, мазмұнын әңгімелеу. Д/о «Тәтті сөздер» Мақсаты: бір-біріне тәтті сөздер сыйлау. Мысалы: балмұздақ, кәмпіт,шырын, т.с.с. Балаларды мақтау.	
--	---	--

Күтетін нәтиже:

Білу: Ертегілерді білу.

Болу: Сөздік қорын молайту,байланыстыра сөйлеу.

Істей білу: Қысқаша әңгіме құрастыруға үйрету.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативтік компонент : «*Ертегілер елінде*»

Тақырыбы:«Сауысқан мен көкек»

Мақсаты:Құстардың сайраған дыбыстарын тыңдату арқылы әр құстың дыбысын ажырата білуге үйрету. Дидактикалық ойын арқылы сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру. Құстарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Көрнекі құралдар:Құстың суреттері, ойыншық құстар, құстардың дауысы жазылған ұнтаспа.

Қызмет кезеңі	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Бала әрекеті
Ынтыландыру-оятаушы кезең Тосын сый:	Шаттық шеңбері:	Бала, бала баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамыз да қаламыз.
Ұйымдастырылған – ізденуші кезең	Балалардың көңілін суретке аударып, балалардан сұрайды: -Мынау не? -Ол қандай құс? - Түсі қандай? -Сауысқан үй құсы ма, дала құсы ма? -Қайда ұшады Ғажайып сәті: Құстардың дауыстары дискіден тың-далады. Балаларды тыңдауға шақы-рады. Дискіні тыңдап болған соң, қо-раптан ойыншық қаз, торғай, тауық, әтешті алады. Енді осыларды жаңағы тыңдағандарымыз бойынша ажыра-тып, дауыстарын айтып жаттығамыз дейді. -қаз қалай қаңқылдайды? -Сауысқан қалай -Әтеш ? -Тауық ? -Көкек? Сергіту сәті:	Балалар күлімдеп, қуана тәрбиешімен бірге қимыл-қозғалыспен шаттық шеңберін жасайды. Балалар суретке қызыңға қарап, тәрбиешіні тыңдап, сұрақтарға жауап беруге тырысады «қаңқ-қаңқ» деп қаңқылдайды «шық-шық-шық» деп, шықылдайды. «ку-ка-ре-ку» дейді «қыт-қыт» «ку-ку-ку-ку» Орнымыздан тұрайық, Қане

<i>Рефлексивті– Түзетуші кезең</i>	Дидактикалық ойын: 1. «Дауысын сал!» Құстардың суреттерін таратып береді. Кімде қандай құстың суреті, оның дауысын салады. Қимылды ойын: 2. «Түлкі мен құстар». Бір бала түлкі, қалғаны құстар. Түлкі ұйықтап отырады. Құстар ұшып жүреді. Түлкі оянып кетіп, құстарды қуады. Құстардың дауысына таңғалып қуанышпен, қызыға тыңдайды. Ойыншықтарға қызыушылық танытады. -Нелер туралы айтылды? -Қалай не дауыстайды?	қанат жазайық. Сауысқаңға, көкекке ұқсайық, Ұшып-ұшып алайық Балаларды ойынға деген қызығушылықтарын бағалайды. Балалар дауыстарын салып қайталайды. Қимыл-қозғалыстар жасайды. Ойынды қуана ойнайды. Дауыстарын салуға құлшынады. Түлкіге ұсталмауға тырысады. Қан-қан – сауысқан, Кө-кө-көкек. Балалар түрлі қимыл-қозғалыстар жасайды. Құстардың дауыстарын салып үйренеді.
--	---	---

Күтетін нәтиже:

Білу керек: балалар құстарды ажырата алуды

Болуы керек:құстар туралы жалпы түсініктері

Істей білуі керек:құстардың дауысын салуды біледі

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативтік компонент : «*Ертегілер елінде*»

Тақырыбы:«Төлдердің айтысы»

Мақсаты:Балалардың білім, білік дағдыларын қалыптастыру, үй жануарлары туралы білімдерін дамыту. Үй жануарларының пайдасы, әрі қайсысының орыны, төлі, ерекшеліктері жөнінде білімдерін кеңейту. Жануарлар жөнінде өлеңдер, тақпақтар, жаңылтпаштарды мәнерлеп жатқа айту арқылы тілдерін дамыту.

Көрнекі құралдар: Төлдердің суреттері және бетперделері

Қызмет кезеңі	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Бала әрекеті
Ынтыландыру-оятаушы кезең Тосын сый:	Сәлеметсіздер ме балалар! Бүгінгі біздің ашық сабағымызға қош келдіңіздер! Үстінде үйдің тұр еді мысық Қасына келді бір торғай ұшып, Бас салмақ болды. Ыршыды мысық, Жөнелді торғай, Пыр етіп ұшып .	Балалар амандасады балалар қимыл – қозғалыста-рымен көрсетеді
Ұйымдастырылған – Ізденуші кезең	- Балалар бүгін біз үй жануарымен танысамыз. Кім біледі үй жануарларына қандай жануарлар жатады? - Олар қайда тұрады? - Олар бізге не береді? - Өте жақсы балалар онда біз бүгін ойын ойнап көрейік. Ойын: «Қателесіп қалма» Мен қазір сендерге әртүрлі жануарларды атаймын ал сендер болсаңдар ішінен тек қана үй жануарларын теріп айтатын боласыңдар, жарай ма? Тыныс алу жаттығуы: «Балапан қанат қағады». - Қолды бос жіберіп тік тұрамыз - Демімізді ішке тартып «Ку - ка - ре - ку» деп демімізді сыртқа шығарамыз. - Ендеше бүгін сол жануарлар туралы аңыз тыңдайық «Төлдер айтысы» деп аталады.	- Сиыр, қой, жылқы, үйрек т. б - Қорада, үйде, фермада - Сүт, ет, май, шұбат т. б Балалар ойынды қызығушылықпен ойнайды Қолдарын бос жіберіп тік тұрады Ку - ка - ре – ку Балалар ертегіні өздері орындайды

<i>Рефлексивті– Түзетуші кезең</i>	Бір жерге жиналған лақ, бұзау, қошақан, бота біздің иеміз кімді көбірек жақсы көреді деп айтысыпты. Бірінші бала: Екінші бала: Үшінші бала: Төртінші бала: Бесінші бала: Сол кезде адам келіп төлдерім босқа таласпаңдар әрқайсыларыңның орын-дарың бөлек деп жауап беріпті Дидактикалық ойын: «Үлкен - кіші» -Сиыр қандай?-Бұзау қандай? -Ол қалай дыбыс шығарады? -Жылқы қандай?-Құлын қандай? -Ол қалай дыбыс шығарады? - Нелер туралы айтылды? -Олар қандай жануарларға жатады?	Лақ:- мә - ә - ә! Әрине иеміз бізді жақсы көреді ол сүтімізді ішіп, түбітімізді киімге пайдаланады Қошақан :- ме - ме ал біз ше? Адамдарға біздің етіміз ұнайды! Ол біздің жүнімізден шұлық тоқиды - деп дауласыпты Бұзау:- мө - ө - ө сендер босқа мақтанасыңдар адам тіршілігіне ең қолайлы мен сүт, қарын, май алады деп мақтанады Құлын: - Ихо - хо! Босқа мақтанбаңдар иеміз мені жақсы көреді, мен мінсе көлік, жесе азық - депті Бота:- бәрінен де бізді жақсы көреді біздің шұбатымыз ең алтыны Балалар ойынды қуана ойнайды Ән «Бізде де бар құлыншақ» балалардың орын-дауында.
---	---	---

Күтетін нәтиже:

Білу керек:Үй жануарларының пайдасы, әрі қайсысының орыны, төлі, ерекшеліктері жөнінде білімдері

Болу керек: Үй жануарлары туралы білімдерін

Істей білуі керек:Жануарларға деген сүйіспеншіліктерін арттыр

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы

Вариативтік компонент : «**Ертегілер елінде**»

Тақырыбы: «Аққу- қаздар» ертегісіне саяхат жасау.

Мақсаты: Балаларды бес көлеміндегі сандардың құрамын анықтауға, сандарды табуға, заттарды санауға, апта күндерін ажыратуға, геометриялық пішіндерді атауға үйрету. Сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекі құралдар: Сандар, геометриялық пішіндер, сюжеттік суреттер, ертегіге байланысты суреттер.

Әдіс-тәсілдері: Әңгімелеу, сұрақ жауап, түсіндіру, көрнекілік, ойын.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Ынталандыру-оюушы кезең. Тосын сый:	Психожаттығу Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз. Жарқырайды даламыз. Қайырлы таң, балалар! Қайырлы күн, апайлар!	Балалар шеңберге тұрады, бір -біріне қарап күледі
Ұйымдастырушы-ізденуші кезең.	Тәрбиеші: Балалар, біз бүгінгі сабақта «Аққу-қаздар» ертегісіне саяхат жасаймыз. Тосын жағдай. (Аленушка кіреді) Аленушка: Сәлеметсіздер ме, балалар! Мен қайда келдім? Бұл балабақша қалай аталады? Тәрбиеші: Не болды саған Аленушка? Аленушка: Балалар, Маған көмектесіңдерші. Менің інімді Аққу – қаздар алып кетті. (ренжіп тұрады.) Тәрбиеші: Балалар Аленушкаға көмектесеміз бе? Ал ендеше жолға шығайық. (Алдында пеш тұрады) Пеш: Көмектесемін, сендер ол үшін, сандарды ретімен қойыңдар 1-ден бастап 10-ға дейін. Содан соң, мынадай ойын ойнаймыз. «Шатасып кетпе» Мысықта 5 аяқ, ал құстарда 3 қанат. Дұрыс па? Пеш : Дұрыс балалар. Аққу қаздар	Қызыға қарсы алады Иә, жасаймыз Сәлеметсіздер ме Иә, көмек береміз Пеш-пеш бізге көмектесші, Иванушканы Аққу-қаздар қайда алып кетті?

алма ағашына қарай ұшып кетіп бара жатқан. Алма ағашы сендерге көмектеседі. Алма: Менің тапсырмамды орындандар. Бір аптада неше күн бар? Бүгін аптаның қай күні? Кеше аптаның қай күн болды? Сендердің сүйікті күндерің қай күн? Ең бірінші сәрсенбі, әлде бейсенбі келеді ме? Ойын. «Аптаның қай күні жетіспейді?» Алма: Өте жақсы балалар. Менің тапсырмамды жақсы орындадыңдар. Аққу-қаздар өзен жағына қарай ұшып өтті. Өзеннен барып сұраңдар. Өзен: Менің тапсырмамды орындандар. Мына жерде неше құмырсқа үй салып жатыр? Неше кейіпкерлер шалқанды алып шықты? Соңғысы не болды? Немеренің алдында кім тұрды? Жучканың артында кім тұрды? Тышқан қалай дыбыстады? Жучка қалай ырылдады? Өзен: Өте жақсы балалар. Тапсырмамды өте жақсы орындадыңдар. Міне, сендерге жіп, ол сендерді Иванушкаға алып барады. (Балалар бі-біріне жіпті береді, ол жіп Иванушка отырған үйге апарады.) Балалар Иванушканы алып кейін қарай қашады. Сергіту сәтті: <i>Далада жсел тұрады.</i> <i>Күн жарқылдайды</i> <i>Жаңбыр жауады.</i> <i>Жаңбыр басылады.</i> <i>Күн ашылады.</i> Тәрбиеші: Балалар, Иванушканы алып кеткенімізді біліп, Жалмауыз-кемпір соңымыздан Аққу-қаздарды жіберіпті. Тәрбиеші: Балалар Аққу- қаздар жетіп қалды, өзенге барып көмек	Алма-алма ағашы, бізге көмектесші, Иванушканы Аққу-қаздар қайда алып кетті? Өзен-өзен бізге көмектесші, Иванушканы Аққу қаздар қайда алып кетті? Қимылдарды сөздерге байланыстырып сәйкестіреді Өзен-өзен бізге көмектесші, Иванушкамен бізді Аққу қаздардан жасырш Өзен саған көп рахмет!
---	--

Рефлексивті-түзетуші кезең.	сұрайық. Өзен: Менің тапсырмамды орындандар. Таяқшалардан үш бұрышты геометриялық пішін құрастырындар. Мына пішін қандай? Мына пішіндерден маған үй құрастырып беріндер. Олардың түстері қандай? Өзен: Өте жақсы балалар. Тапсырмамды өте жақсы орындадыңдар. Аққу- қаздар сендерді байқамай қалды. Тәрбиеші: Балалар, Аққу қаздар жетіп қалды, алма ағашына барып көмек сұрайық. Алма ағашы: Менің тапсырмамды орындаңдар. Мен сендерге көмектесемін. Тапсырманы орындағаннан кейін үйге қайтып келеді. Осымен біздің саяхатымыз аяқталды	Алма ағашы бізге көмектесші, Иванушкамен бізді Аққу қаздардан жасыршы. мадақтау
---	---	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек: Апта күндерін ажырату

Болуы керек: Геометриялық пішіндерді атау

Істей білуі керек: Бес көлеміндегі сандардың құрамын анықтауға, сандарды табуға, заттарды санау

 **БЕКІТЕМІН:**
ЖШС «Er-Asul» «Бал Бұлақ» балабақшасының
Менгерушісі : Серікова Ж.М

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде ұйымдастырылған 2023-2024 жылына арналған кіші
«Ботақан »тобының вариативті компоненті

Түсінік хат.

Әр баланы жеке тұлға ретінде, оның шығармашылық әлеумететін, қабілеттілігі мен қызығушылықтарын дамыту мақсатында құрылған перспективтік жоспар.

Ертегіні сахналау арқылы бүлдіршіннің шығармашылық қабілетін дамыту қазіргі кезде мектепке дейінгі мекеменің ең басты міндеттерінің бірі болып саналады.

Сахна әр балаға қуаныш, ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады. Кезінде орыстың ұлы ақыны сахнаны «Сикырлы өлке!» деп атаған. Қазақ өнер жұлдыздарының бірі Шәкен Айманов «Сахна – адамдарды туыстандыратын шығармашылық отбасы, сахна өнері – тіл жетпес құдіретті өмір шындығын білу, яғни адамның сахнаны сүймеуі мүмкін емес» деген сенімде болған. Өнердің осы бір ғажайып түрімен жүздескен үлкендер де, балалар да ұлы ақынның, теңдесі жоқ режиссердің айтқан осы дана сөздерінің мағынасы мен мәнін өз сезімдерімен теңдей бөліседі.

Өзінің көрерменімен әрбір жаңа жүздесуінде сахналық өнер қайта жаңарғандай болады және ешнәрсемен теңдесі жоқ бірге күйзелу сезімін сыйлайды. Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде сахна (театр) ерекше рөл атқарады. Сахналандырылған ойындар, ойын – қойылымдары болып саналады, өйткені олар әдеби шығармалар түрінде белгілі бір мазмұнға ие, сондықтан балалар кейіпкерлерді ойнайды. Онда нағыз театр өнеріндегідей айшықты құралдар көмегімен – дауыс ырғағы, бет әлпетінің өзгеруі, қол қимылдары, дене бітімінің жағдайы мен жүріс-тұрысы арқылы нақты бейнелер қалыптасады.

Бірінші сәбилер тобынан бастап, балалар тәрбиешінің көмегімен кішігірім әндерді, такпақтарды, жұбату өлеңдерін, кіші сахна көріністерін ойнаса, екінші сәбилер тобында театрдың ойыншықтарын пайдалана отырып, мұны одан да әрі жалғастырса, онда ересектер тобында театр іс-әрекеті өз бетінше жүргізіледі.

Балалар беске қараған жасында, театр іс-әрекеті үрдісінде, рөлдерді орындау барысында өзіндік жеке ерекшеліктерді енгізуге белсенді ұмтылады. Мектепке дейінгі ересектер жасында балаларды көркемдік – бейнелік айшықтықтың амалдарына арнайы үйрету мүмкіндігі туады. Қарапайым шығармалардан кереметтей сахналық көрініс жасауға болады. Сахналық жүру, тұру, сөйлеу, өзін-өзі білу, сыйлау мәдениетіне үйренеді. Рөлді ойнау арқылы бала жағымды әдет, жақсы қасиеттерді ажырата білуге үйренеді, өзі жаман қасиеттерді қайталамауға тырысады.

Мақсаты: Балалардың көрген театрдың өзінен, сондай – ақ өздері қойған сахналық қойылымдар балалардың ой-өрісін кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, көрініс туралы ата-аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Осының барлығы баланың сөйлеу қабілетінің дамуына, анық сөйлеуіне, өзі алған әсерін монолог түрінде жеткізуге себебін тигізеді.

Ертегі кейіпкерлерінің рөлдерінде ойнап, кейіпкерлердің сөздерін, диалогтарын жаттап алу арқылы балалардың тілдері дамып, сөз байлықтары молайып отырады. Ал қуыршақ театрында кейіпкерлердің рөлдерін қуыршақтар ойнайды.

Балаларға арналған көркем шығарманы оқыту неғұрлым дұрыс ұйымдастырылса, мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық талғамын дамыту

соғұрлым табысты болады. Тіпті сәбилер тобынан бастап – ақ таппақ пен қысқа өлеңдерді айтқызғанда көркем сөздер әсерлі естілуі үшін үстел үстіндегі театрды, қысқа сахналық қойылымдарды қолдана берген жөн.

Міндеті:

Балалар ой-өрісінің кеңеюіне байланысты сахналық ойындар күрделене түсуі тиіс.

- Бірінші кезеңде балалар ұжым болып, ертегі мәтінін ауызша айтады. - Екінші кезеңде ертегінің барлық кейіпкерлерінің сөздері балаларға ұсынылады.
- Үшінші кезеңде балалар бірнеше шығармашылық тапсырмаларды орындайды.
- Төртінші кезеңде рөлдерге бөліп, ертегіні ертеңгіліктерде, театрлық ойындар іс - әрекетінде ойнап көрсетеді. Соның айғағы ретінде біздің балабақшадағы қолданылған сахналық қойылымдардан, ертегіні сахналаудан үзінді ұсынамын.

Сондай – ақ, ғалымдар сахна іс – әрекетінің тиімділігі көбінесе балалардың бейнелеу шығармашылығы оқу іс – әрекетінің кешенді болуына байланысты екендігін айқындайды. Сәндік безендіру шығармашылығы үрдісінде балалар ойлану, ойын дамыту және қиялдау мүмкіндігіне ие болады, мұның барлығы орындалатын бейнелердің мәнді болуына қолайлы әсер етеді -Балаларды айналаны қоршаған әлеммен, оның түрлі қыр-сырларымен, бейнелер, бояулар, дыбыстар арқылы таныстыру.

-Балалардың бойында адамның көңіл-күйіне, бет пішінін, қимыл-қозғалыстарын, дауыс ырғағына қарай тани білу қабілеттерін дамыту.

-Балалардың бойында достық, адалдық, батылдық, жан ашырлық қасиеттерін тәрбиелеу.

Әлемді тек ақылмен ғана емес, жүрекпен де тани білуге үйрету. Әр түрлі ертегілер балалардың қызығушылықтарын арттырады және олардың тілдерін дамытады.

Кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне қарай берілетін ертегілердің мазмұны әсерлі көңіл-күйді білдіре отырып, сезіне білуге үйретеді. Мектепке дейінгі жас балалардың қабілеттілігін, бейімділігін және сондай-ақ тілінің дамуына өте оңтайлы кезең. Мектеп жасына дейінгі балалардың театрландырылған іс-әрекеттерін ұйымдастыру балалар шығармашылығын және білім алудың жаңа қабілеттері мен дағдыларды үйренуге жағдай жасаумен қатар, балаға өмірде өзінің тиісті орнын табуға көмектеседі, өзін - өзі көрсете білуге ықпал жасайды

Күтілетін нәтиже: Балалардың тілін дамиды , қоршаған ортада еркін өздерін дұрыс ұстай алады, өз ойын толық жеткізе біледі. Қарым- қатынас дұрыс жолға қойылып, бір – біріне деген ыстық ықыластар пайда болады.

**Кіші «Ботақан» тобының «Ертегілер елінде»
вариативтік компоненттің перспектикалық жоспары**

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	1 «Бауырсақ» ертегісі	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту	1
2	«Бұл бауырсақ - кішкентай қу аң»	Ойын арқылы кейіпкерлердің рөлін таңдай отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру.	1
3	«Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін...»	Тілдерін жаттықтыру.	1
4	«Бауырсақ» ертегісінің қойылымы	Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру.	1
5	«Шалқан» ертегісі	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	1
6	«Ата мен әжемде қонақта болғанда»	Шалқанды отырғызу кезінде айтылатын өлең шумағы арқылы балалардың тілдерін байыту және білімдерін кеңейту.	1
7	«Осындай үлкен шалқан...»	Белсенді балаларды кейіпкерлердің рөлдерін эмоция арқылы көрсете білуге үйрету.	1
8	«Шалқан» ертегісін сахналау	Кейіпкерлердің рөлін атқара білуге дағдыландыру.	1
9	«Үш аю» ертегісі	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту.	1
10	«Қәне досым, сөзге қосыл»	Ойын арқылы кейіпкерлердің рөлін таңдай отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру.	1
11	«Үшаюда қонақта»	Тілдерін жаттықтыру.	1
12	«Үш аю»	Балалардың ойын тиянақтау және өнерлерін іске асыру, ертегіні сахналау.	1
13	«Үйшік» ертегісі	Ертегіні еске түсіру арқылы балалардың тілдерін дамыту	1
14	«Үйшік» ертегісі	Балалардың тілдерін байыту және білімдерін кеңейту.	1
15	«Қәне досым, сөзге қосыл»	Белсенді балаларды кейіпкерлердің рөлдерін эмоция арқылы көрсете білуге үйрету.	1
16	«Көз көруге тоймайды, құлақ естуге жалықпайды»	Кейіпкерлердің рөлін атқара білуге дағдыландыру, ертегіні сахналау.	1
17	«Түлкі мен қояндар» ертегісі	Балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыру	1

18	«Түлкі, түлкі, түлкішек»	Қимылды ойындар арқылы кейіпкерлердің рөлін айтып, белсенді балаларды таңдай отырып, қызығушылығын арттыру.	1
19	«Қу түлкі мен қорқақ қояндар»	Ертегідегі қоян мен түлкінің сөздерін балаларға үйрету. Түлкі мен қояндар арасындағы диалог	1
20	«Түлкі мен қояндар»	Балалардың рөлді дұрыс ойнай білуін және сөздердегі әр дыбыстарды анық айтуларын қадағалау.Ертегіні сахналау.	1
21	«Қоянның үйшігі» ертегісі	Ертегі мазмұнымен таныстырып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру.	1
22	«Оқы да біл, ойна да күл»	Ойын арқылы балаларды рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету.	1
23	«Досы көпті жау алмайды, ақылы көпті да у алмайды»	Кейікерлердің сөздерін дұрыс айтуларын қадағалау және рөлдерін ретімен орындауға үйрету.	1
24	«Көз көруге тоймайды, құлақ естуге жалықпайды»	Ертегінің мазмұны бойынша кейіпкерлердің іс – әрекетіне қарап, әсерлі көңіл- күйін білдіре отырып сезіне білуге үйрету. Ертегіні сахналау.	1
25	«Жеті лақ және қасқыр» ертегісі.	Ертегінің мазмұнын еске түсіре отырып тілдік қорларын байыту.	1
26	«Лақтарым менің, лақтарым менің... »	Ойын арқылы балаларды рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету.	1
27	«Алақай, алақай! Анамыз келді, бізге, сүт әкелді»	Ертегіге деген қызылушылықтарын арттыру.	1
28	«Жеті лақ және қасқыр» ертегісі	Әр баланың өз рөлін дұрыс орындауын қадағалау.Ертегіні сахналау.	1
29	«Алтын айдарлы әтеш» ертегісі	Ертегінің мазмұнымен таныстыру	1
30	«Жібек сақалы бар, майға батырып алған басы бар»	Кейіпкерлердің рөлдерін бере отырып, балаларға сөздері мен қимыл – қозғалыстарын үйрету.	1
31	«Сымбатты әтеш»	Балаларды ертегіні диалог бойынша орындауға үйрету.	1
32	«Алтын айдарлы әтеш» ертегісі	Ертегідегі кейіпкерлердің рөлін дұрыс орындауларын қадағалау, сахналау.	1
33	«Ертегі әлеміне саяхат»	Өткен ертегілерді еске түсіріп, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы білімдерін тиянақтау.	1
34	«Ертегі елі жермен келе, жатыр!»	Ертегі кейіпкерлерінің жағымды – жағымсыз жақтарын таба білуге үйрету.	1
35	«Ертегі әлеміне саяхат»	Өткен ертегілерді еске түсіріп, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы білімдерін тиянақтау.	1

36	«Ертегі еліне саяхат»	Ертегі кейіпкерлерінің жағымды – жағымсыз жақтарын таба білуге үйрету.	1
----	-----------------------	--	---

Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Бауырсақ».

Мақсаты: Балаларды ертегі мазмұнын түсініп оны әңгімелеуге, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыра отырып сөздік қорын байыту. Көңіл -күйлерін терең түсініп, аяушылық сезімге қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: ұн, қамыр, илеу.

Қостілдік компоненті: ұн - мука, қамыр- тесто, илеу- замесить.

Әдіс- тәсілдер: Түсіндіру, көрсету, сурет арқылы әңгіме ойын, сұрақ-жауап, қортындылау.

Көрнекіліктер: фланелеграф, кейіпкерлер суреттері

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	-Балалар, сендер ертегілерді көп білесіңдер ме? - Ертегілерді жақсы көресіңдер ме? -Балалар ертегілерді естеріңе түсіріңдерші, олар қалай басталушы еді? - Олай болса мен сендерге бүгін бір тамаша ертегіні айтып беремін, сендер мұқият тыңдаңдар	- Әрине. - Иә. - Ерте, ерте, ертеде ...
Іздену ұйымдастырушы	1) Кейіпкерлерді атап шығады. -Бұл кейіпкерлердің мінезі қандай? - Қоян? - Ал түлкі қандай? - Аю? - Қасқыр? - Бауырсақ? 3) Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ойларын түйіп айтқызу. 4) Баланың түсінгеніне қарай, жақсы қатысқанына қарай кейіпкерлерді таңдап, рольдерін беру. Қандай мінез қылықта болатындарын айту.	Бауырсақ, қоян, түлкі, аю, әже, ата. - мейірімді, қорқақ, аңқау - қу, жаман - салмақты - ашулы - көңілді. Ертегіні көре отырып ертегі мазмұнына сәйкес жауап береді, ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін талқылайды.

Рефлексивтік коррекциялаушы	- Бұл ертегіде кім сендерге ұнады? - Неге ертегі көңілсіз аяқталады?	Үй тапсырма: Балалар, үйге келгенде аналарыңа айтып беріңдер.
-----------------------------	--	---

Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін ...»

Мақсаты: Ертегіні зейін қойып тыңдай білуге, әртістік қабілетін дамыту. Ертегінің желісі бойынша сұрақтарға жауап бере білуге, қысқаша мазмұндауға үйрету. Олардың дауысын салып қызыға ойнау дағдыларын қалыптастыру. Бір-бірлерін сыйлауға, көмектесуге, адамгершілік қасиеттерді ажырата білуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: аңқау, қорқақ, қу, ашулы.

Қостілдік компоненті: ертегі – сказка.

Әдіс-тәсілдер: өткенді қайталау, сурет жапсыру арқылы қызықтыру, сұрақ жауап.

Көрнекіліктер: фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Шаттық шеңбері. - Балалар ертегілер еліне енеміз. - Балалар сендер басқа қандай ертегі білесіңдер?	Тәрбиешінің айтқандарын тыңдай отырып, таныс ертегілердің кейіпкерлерін атайды - Ерте, ерте, ертеде ...
Іздену ұйымдастырушы	Тәрбиеші: - Бүгінгі сендермен танысатынымыз “Бауырсақ” ертегісі. Ертегіні оқып отырып, балаларға түсіндіру. - Балалар, осы “Бауырсақ” ертегісінде қандай кейіпкерлер бар? - Ертегі не жайында екен? - Бауырсақты кім пісіреді? - Бауырсақ қандай әрекет жасады? - Оның бұл ісі дұрыс па? - Ол жолда кімдерге кез болады? - Түлкі бауырсақты қалай жеп қояды? - Балалар сендер басқа қандай ертегі білесіңдер? Сергіту сәті: Дидактикалық ойын	Ертегіні тыңдай отырып ертегі мазмұнына сәйкес жауап береді, ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін талқылайды. Балалар жауабы: бауырсақ, ата, әже, қоян, аю, қасқыр, түлкі. Балалардың жауабы: Ата-әжесінен қашып кетті. Жаңа сөздердің мәнін түсініп естерінде сақтайды. Әуенмен бауырсақты айналып билеу..

	Ойынның шарты: үстел үстіндегі суреттер бойынша осы ертегідегі кейіпкерлерді құрастыру.	
Рефлексивтік коррекциялаушы	Қорытынды. Балаларды мадақтау. -Балалар, сендер де осы бауырсақтың ісін қайталамау үшін қандай болуларың керек?	Балалардың жауабы: - Ақылды болуымыз керек.

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренеді.
Түсінеді:Ертегіні тыңдайды,мазмұндайды. Қолданады:Өз ойларын жеткізе алады

Вариативтік компонент

Тақырыбы «Шалқан». Мақсаты: Ертегі кейіпкерлері арқылы мазмұнымен таныстыру.
Сұрақжауап арқылы ертегіні терең түсіндіру. Көңіл-күйлерін терең түсінуге аяушылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Шалқан, көкөніс, үлкен.

Қостілдік компонент:Шалқан - репка. Әдіс-тәсілдер: қызықтыру, әңгімелеу, таныстыру, әңгімелеу, сұрақ-жауап.

Көрнекіліктер: фланелеграф, кейіпкерлер суреттері, қуыршақ Әже.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Қонаққа қуыршақ Әже келеді. Балалармен амандасады. Әже сіздің келгеніңізге өте қуаныштымыз. Әже: - Балалар сендер ертегілерді көп білесіндер ме? - Ертегілер қалай басталушы еді?	- Әрине. - «Ерте ерте ерте екен, ешкі жүні бөрте екен» деп басталады. Білгендерін айтады.
Іздену ұйымдастырушы	1) Ертегінін атын атау «Шалқан», кейіпкерлерді атап таныстыру - ата, әже, немересі, ит, мысық, тышқан. 2) Ертегіні мазмұндау. Фланелеграфқа суреттерді жабыстыра отырып түсіндіру. -Ерте, ерте,	Балалар ертегі кейіпкерлерін атайды. Ертегінің мазмұнын айтып береді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Қойылған сұрақтарға жауап қайтарады.

	ертеде ата мен әже өмір сүріпті. Бір күні ата барып шалқанды тартады, тартады, бірақ тарта алмайды. Ол кемпірді көмекке шақырады..... - Тек тышқан көмекке келгенде шалқанды тартып алады.	
Рефлексивтік коррекциялаушы	Ертегіге қандай кейіпкерлер Сұрақтарға жауаптар қатынасты? береді. Жақсы қатынасқан балаларды мадақтау.	Сұрақтарға жауаптар береді.

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренеді. Түсінеді:Ертегіні тыңдайды,мазмұндайды. Қолданады:Өз ойларын жеткізе алады.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Ата мен әжемде қонақта болғанда..»

Мақсаты:Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін тандау, рөлдерін бөлу. Фланелеграф арқылы – қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.

Мазмұндауды, тіл дамытуды көздеу. Мейірімді, тату-тәтті дос болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: шалқан.

Қостілдік компонент: шалқан - репка.

Әдіс-тәсілдер:әңгімелеу, түсіндіру, өткенді қайталау, сурет жапсыру арқылы қызықтау, түсіндіру, сұрақ-жауап.

Көрнекіліктер: фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	- Балалар, алғашқы сабақта біз «Шалқан» ертегісімен таныстық. - Кім шалқанды екті? - Кім шалқанды тартты?	Балалар қызығушылықпен жауап береді.
Іздену ұйымдастырушы	1) –Балалар, « Шалқан» ертегісі естеріңде ме? - Кәне есімізге түсірейікші. Бірінші кейіпкерлерді атап шығайық ата әже, немересі, ит, мысық, тышқан. - Бұл ертегіде кейіпкерлер бір біріне көмек бере ме ? 2) Балаларды тақтаға шақырып, фланелеграфқа	Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды.

	кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ойларын түйіп айтқызу. Баланың түсінгеніне қарай, жақсы қатысқанына қарай 5 кейіпкерлерді таңдап, рөлдерін беру. Сергіту сәті.	
Рефлексивтік коррекциялаушы	Сұрақ-жауап арқылы сабақта түсінгендерін тиянақтау. - Бұл ертегіде сендерге кім ұнады? - Қоян кіммен дос болып қалды?	Сұрақтарға жауаптар береді.

Күтілетін нәтиже: Ұғынады: Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі. Түсінеді: Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді. Қолданады: Сөздерді анық айтып, есте сақтайды.

Вариативтік компонент Тақырыбы: «Осындай үлкен шалқан».

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып таңдаған балаларға кейіпкерлердің сөздерін айтып үйрету. Фланелеграф арқылы сөздердің дұрыс, анық, ашық айтуын қадағалау, қимыл қозғалыстарын көрсете біліуін дамыту. Бір бірлеріне қиын жағдайда көмектесіп, ренжітпеуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: шалқан, үлкен, сарғылт.

Қостілдік компонент: шалқан - репа, үлкен - большая, сарғылт - оранжевая.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, сұрақ – жауап, сұрақ- жауап, тамашалау.

Көрнекіліктер: Фланелеграф кейіпкерлер суреттері

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	- Біздің көзіміз. - Біздің құлағымыз. - Біздің қолымыз бізге бөгет болмайды, олар бізге көмектеседі.	Балалар қызығушылықпен жауап береді.
Іздену ұйымдастырушы	-Кім шалқанды екті? Алдарына атаның суретін қою. - Ата кемпірді қалай шақырады? - Кемпір немере қызды қалай шақырады? Сурет арқылы	- Ата. - Кемпір кел, шалқанды тартайық. Балалар бірге шақырады. Балалар сөйлем құрастырады. Балалар сөйлем құрастырады. -

	сөйлем құрастыру, тәрбиеші екі бейнені көрсетеді: ата кемпірді шақырады, кемпір Машаны шақырады, т.б ...) Ойын: «Кім кімді шақырады?» Мақсаты: ертегіні қайталау. Ойын: «Кім жоқ?» Тәрбиеші: –Кім бірінші келді? Бейнесін алдында қояды. - Кім жоқ? Бейнесін қояды т. б - Кім кімге көмектеседі? - Маша кімге көмек берді? Сергіту сәті.	Ата. - Кемпір. - Кемпір атаға көмек берді. Бәрі айтып ертегіні қайталайды.
Рефлексивтік коррекциялаушы	- Дұрыс, бәрі бір – біріне көмек беріп шалқанды тартып алды. - Ал, сендер, үйлеріңде кімге көмек бересіңдер?	Сұрақтарға жауаптар береді.

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренеді.
Түсінеді:Ертегіні тыңдайды,мазмұндайды. Қолданады:Өз ойларын жеткізе алады.

Вариативтік компонент

Тақырыбы:«Шалқан» ертегісін сахналау.

Мақсаты: Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау.Кейіпкерлер атрибуттары арқылы – іс әрекеттерін, әсерлі көңіл-күйлерін білдіре отырып, сезімдерді көрсете білу, рөлдердің дұрыс орындалуын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу. Сөздік жұмыс: шалқан, өсті, үлкен, тартты, жұлынбады.

Қостілдік компонент: көкөніс – овощ, өсті - выросла, үлкен - большая, тартты - тянул.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ –жауап, сахналау

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Ертегіге қатысты атрибуттарымен бір – бірден таныстырылады. - Балалар, бұл кім? - Ал мынау кім? деп барлық	Балалар сұрақтарға жауап береді. Кейіпкерлерді танып атайды.

	кейіпкерлер шығарылып көрсетіледі.	
Іздену ұйымдастырушы	Тәрбиеші балаларды ширма жанына шығарады. Кейіпкерлер рольдерін ойнайтын балаларды тақтаға шақыру. Кейіпкерлердің атрибуттарын қолға киіді ұсынады. Сөздік жұмыс: шалқан, өсті, үлкен, тартты, жұлынбады. Балаларға сөздерді айтқызу. Қалған балалар көрермен ретінде тамашалауға отырғызу. Сергіту сәті.	- Ата. - Кемпір кел, шалқанды тартайық. Балалар бірге шақырады. Балалар сөйлем құрастырады. Балалар сөйлем құрастырады. - Ата. - Кемпір. - Кемпір атаға көмек берді. Бәрі айтып ертегіні қайталайды.
Рефлексивтік коррекциялаушы	- Ертегі қалай аяқталады? Балаларды мадақтау, және бағалау.	Сұрақтарға жауаптар береді.

Көрнекіліктер: Ширма, кейіпкерлер атрибуттары. Күтілетін нәтиже: Ұғынады: Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі. Түсінеді: Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді. Қолданады: Сөздерді анық айтып, есте сақтайды.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Үш аю» ертегісі.

Мақсаты: балалардың білімін бекіту, ертегілер үзінділерін әнгімелей білу. Балалардың елестету қиялдарын дамыту, сөздік қорын молайту. Көңіл – күйлерін терең түсінуге, аяушылық сезімі қамқоршыболуға үйрету.

Сөздік жұмыс: Аю, үш, алыс кетті, адасты, орман.

Қостілдік компонент: Ата – дедушка, әже – бабушка, рұқсатсыз – без спроса, үй – изба, орман – лес, алысқа кетті – ушла далеко.

Әдіс-тәсілдер: таныстыру, түсіндіру, ойынмен қызықтыру, сұрақ-жауап, Д/о.

Көрнекіліктер: фланелеграф, орман, тоғай, үйдің және кейіпкерлердің суреті.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Балалар, мен сендерге бүгін өте тамаша ертегіні айтып беремін. - Ал, сендер мұқият тындап отырыңдар	Балалар қызығушылық танытады.

Іздену ұйымдастырушы	- Балалар! Сендер ертегілер еліне саяхатқа барғыларың келеме? Ертегіні әңгімелеу: Ерте,ерте ертеде бір кішкентай Настя деген қыз болыпты. - Мынау кімнің үйі? - Мында кімдер тұрады? Дұрыс, сендер өте ақылдысындар! - Балалар сендер шаршадыңдарма? Ендеше бәріміз орнымыздан тұрып, бойымызды сергітіп алайық! Сергіту сәті: Қорбандаған аюдың Құлпынайы көп екен Теріп, теріп алайық Қалтамызға салайық	Тыныш отырып мұқият тыңдайды. - Аюдың. - Папасы, Мамасы, Баласы - Иә.
Рефлексивтік коррекциялаушы	Сұрақ –жауап арқылы сабақта түсінгендерін сұрау. Балаларды мадақтау.	Балалардың тақпағы: Сұрақтарға жауаптар береді

Күтілетін нәтиже: Ұғынады:Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренеді.
Түсінеді:Ертегіні тыңдайды,мазмұндайды. Қолданады:Өз ойларын жеткізе алады.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Қане досым, сөзге қосыл».

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, рөлдерін бөлу.

Фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру. Мазмұндаулары мен тілдерін дамыту.Мейірімді, тату-тәтті -, дос болуға үйрету.

Сөздік жұмыс: үш, аю, үлкен, орташа, кішкентай.

Қостілдік компонент: аю – медведь, ботқа – каша, ауыл – деревня, үйге кіру – войти в дом, орманда адасу – заблудилась.

Әдіс – тәсілдер: ойынмен қызықтыру, сурет арқылы, сұрақ- жауап.

Көрнекіліктер: Фланелеграф, суреттер.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
------------------	------------------------	-----------------------

Мотивациялық қозғаушы	Дидактикалық ойын «Ненікі?» Мақсаты: кейіпкерлер тандап, тілдерін дамыту, 3 қасық пен 3 тәрелке тарату.	Балалар үстел үстінде отырып айтады: «Бұл менің қасығым!..... Мен онымен сорпа ішемін!»
Іздену ұйымдастырушы	1) - Балалар, ертегінің кейіпкерлерін атап шығайықшы – Михаил Потапыч, Настасья Петровна, қонжық және Маша 2) Балаларды тақтаға шақырып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып ойларын түйіп айтқызу. 3) Балалардың түсінгеніне қарай, жақсы қатысқанына қарай 5 кейіпкерлерді тандап, рөлдерін беру. Сергіту сәті.	Балалар білетін аңдарды атайды. Олардың мекендерін айтады. Кейіпкерлерге мінездеме береді. Көрініске қатысады. Ойын ойнай отырып, артық заттарды тауып көрсетеді. Сөздерді қайталай отырып, қимылмен көрсетеді.
Рефлексивтік коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендерін тиянақтау.	Сұрақтарға жауаптар береді

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Кейіпкер образын көрсетеді, композиция құрады.

Түсінеді: Кейіпкерлердің іс - әрекеттерін, әсерлі – көңіл күйлерін көрсетеді .

Қолданады: Рөлдерді дұрыс орындайды.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Үш аюға қонаққа барайық».

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, тандалған балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету. Фланелеграф арқылы-сөздерін дұрыс, анық, ашық айтуын қадағалау, қимыл –қозғалыстарын көрсете білгендерін дамыту. Бірбірлеріне қиын жағдайда көмектерін, ренжітпеуге тәрбиелеу. Сөздік жұмыс: Аюлар, үлкен, орташа, кішкентай.

Қостілдік компонент: Түнеу – переночевать, жібермеу – не отпускать, пісіру – варить, уайымдау – тужить.

Әдіс- тәсілдер: сұрақ-жауап, сурет жапсыру, қателерін жөндеу, сұрақ – жауап.

Көрнекіліктер: фланелеграф, суреттер.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	- Алғашқы сабақта біз қандай ертегімен таныстық? - Кім кейіпкерлерін атап шығады?	Балалар қызығушылықпен жауап береді.
Іздену ұйымдастырушы	Балаларға ертегіні естеріне түсіру. Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шақыру Балаларды тақтаға шақырып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, сөздерін айтқызу. Сергіту сәті.	Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды.
Рефлексивтік коррекциялаушы	Қорытынды сұрақ – жауап арқылы қорыту Балалардың дұрыс емес жерлерін түзетіп отыру.	Сұрақтарға жауаптар береді

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренеді.

Түсінеді:Ертегіні тыңдайды,мазмұндайды.

Қолданады:Өз ойларын жеткізе алады.

Вариативтік компонент

Тақырыбы:«Үш аю» ертегісін сахналау.

Мақсаты: Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс -әрекеттерін, әсерлі көңіл-күйлерін білдіре отырып сезімдерін көрсету. Рольдерді дұрыс орындауын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру.Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашық көрсете білуге үйрету. Қостілдік компонент:ауыл – деревня, үйге кіру – войти в дом, орманда адасу – заблудилась, жібермеу – не отпускать.

Әдіс- тәсілдер: сахналау, сұрақ-жауап,

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Балаларға сұрақтар қояды. - Балалар, сендер қайда келдіңдер? - Балабақшада не істейсіңдер?	Балалар қызығушылықпен жауап береді. - Біз балабақшаға келдік. - Ойнаймыз, өлең айтамыз, бейлейміз,

	- Балабақшада ұнайдыма? - Балалар, сендер қалай ойнайсыңдар?	ертегі тыңдаймыз. - Балабақша ұнайды. - Бірге, тату ойнаймыз.
Іздену ұйымдастырушы	- Балалар, сендер қандай ертегілер білесіңдер? - Ертегі тыңдаған ұнайдыма? Сергіту сәті - Ал менің қолымдағы кітап жай кітап емес сиқырлы кітап. Бұл сиқырлы кітапта «Үш аю» ертегісі бар. Балаларға ертегіні 2-3 рет қайталап оқып беру.	Бауырсақ, Қызыл телпек, Түлкі мен тырна. - Ия. Аңдардың қимыл қозғалыстарын балалар көрсетеді. Оқыған ертегіні балалар мұқият тыңдайды. Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.
Рефлексивтік коррекциялаушы	- Балалар, ертегі не жайлы? - Қызбен не болады? - Қыз кімнің үйіне барады? - Ертегі сендерге ұнадыма? Ойын «Аюдың апанында» Жақсы ат салысқан балаларды мақтап, мадақтайды..	Тәрбиешінің сұрақтарын балалар жауап береді - Қыз орманнан жоғалып кетеді. - Аюдың үйіне барады. - Ия. Балалар ойынға бәрі бірге қатысады.

Көрнекіліктер: Ширма, атрибуттар.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады: Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі.

Түсінеді: Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.

Қолданады: Сөздерді анық айтып, есте сақтайды.

Вариативтік компонент

Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі.

Қанша заман өтсе де, маңызын жоймаған яғни халықтық педагогиканы тәлім - тәрбиенің түп қазығына айналдыру ата - ананың да, қоғамның да басты борышы. Қоғамның барлық тарихи даму кезеңдерінде халық педагогикасы жайлы ұғымды анықтау, әр түрлі ғылыми - педагогикалық көзқарастарды қалыптастыру проблемаларына көптеген ғалымдар, педагогтар көңіл аударды, құнды пікірлер айтты, өмірлік мұра қалдырды.

Халық педагогикасының жан - жақты зерттеген ғалымның бірі Г. Н. Волков. Ол ең алғаш рет «Этнопедагогика» терминін қолданды. Ал қазақ тілінде этнопедагогиканың мән-мағынасын ашқан ғалым Қ.Жарықбаев. Этнопедагогика жас ұрпақты тәрбиелеуде халық тәрбиесін негізге алады.

Халық педагогикасы - бұл ұлттық қазына. Ұлттық тәрбие беру мәселесі әл-Фарабидің, Ж.Баласағұнидің, М.Қашқаридің еңбектерінде көрініс табады.

Ұлтымыздың ұлы тұлғалары түркі халықтарының тәрбиелік ерекшеліктеріне үлкен мән бере отырып, ұлттық тәрбие берудің әдіснамалық негізін жасады.

Халқымыздың кемеңгер ағартушылары Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, Ш.Құдайбердиевтің, М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытовтың, М.Дулатовтың, т.б. педагогикалық мұрасында тұлғаның қалыптасуы мен дамуындағы ұлттық тәрбиенің маңыздылығы мен мазмұны ашып көрсетілді.

Тәрбиенің қайнар көзі ретінде халықтық педагогиканың аумағы кеңейе түседі.

Олар: ертегілер, "жырлар, жаңылтпаштар, жұмбақтар, санамақтар, мазақтамалар, мақал - мәтелдік сөздер, ұлттық салттар мен дәстүрлері, халықтық ойындар мен ойыншықтар.

Ертегілер баланы қызықтырады, сөзді тыңдай білуге үйретеді, оның қиялын дамытып, жан - дүниесін, мінез - құлқын қалыптастырады, дарын нышандарын өрнектейді.

Жаңылтпаштар баланың тілін ширатады. Жаңылтпаштың дүниетанымдық түрлері мен тәрбиелік нұсқалары әрі баланың тілін ширатып, әрі ой - өрісін кеңейтеді.

Жұмбақтар мен жұмбақ айтыстар баланың ойын, қиялын шарыктатып, қисындық пайымдау қабілетін дамытады, оны тапқырлыққа баулиды.

Санамақтар баланың ойлау жүйесін жетілдіріп, оның сюжеті нұсқаларға тапқырлық танытуға құштар етеді, дүниетанымдық мәнде құрылған санамақтар балғын жастың тапқырлық қабілетін дамытуға септігін тигізеді. Мазақтамалық, әзіл уытымен баланың басындағы кемшіліктерді көрсетіп, сергектікке тәрбиелейді, дегенмен, ертеде құрылған мазақтамалардың анайы түрлері де болған, халықтың мәдениеті өскен сайын, ауыз әдебиетінің бұл түрі сыпайы сын, әдемі әзіл түрінде құрылып жүр.

Мақал - мәтелдер халықтың жиі қолданатын тәрбие құралы. Қазақ халқының мысалдап, мәтелдеп, мақалдап сөйлейтін ұлттық, ерекшелігіне сәйкес оның мақал - мәтелдері де мол. Ауыздан - ауызға тарайтын бұл жанрды халық күн сайын толықтырып отырады.

Халықтық ойындар мен ойыншықтар бала тәрбиесінде елеулі орын алады. "Ақсерек пен көксерек", "Алтыбақан" сияқты ойындармен бірге "Көкпар", "Аударыспақ" тәрізді спорттық сайыстар дене тәрбиесінің асыл арқауы. Жас

қыздар қуыршақ ойынын кейде күрделендіріп "қуыршақ театры" сияқты сюжетте құрып ойнайтын. Әсіресе қыз баланың үй ішінің тіршілігіне үйренуі осы қуыршақ ойындарынан басталады. Ертеде ойыншықтарды, көбінесе балалардың өздері жасап, өз талғамы, өз еңбеп, өз өнері арқылы іске бейімділігін, ойын дамытып отырған.

Ұлттық мерекелер мен тойлардың да тәрбиелік мәні зор. "Шілдехана тойы", "Тұсау кесер", "Атқа мінгізу", "Наурыз тойы" тағы басқа тойлар мен мерекелер баланы шаттыққа бөлейді. Тойдың болғанынан боладысы қызық деп, халық тойға дайындық кезінде баларды өнерге ынталандырып, еңбекке баулиды, салтанатты салттарды қайта өткізу жолдарын үйретеді. Әулеттік тағылымдар мен тәжірибелер бір атадан тараған әулеттік тұрмыстық әулеттік, әдептік өзгешеліктері болып табылады.

Халықтық педагогика тәлім - тәрбиелік ой - пікірің бастауы, халықтың рухани мұрасы. Сондықтан қазіргі таңда этнопедагогиканы оқу - тәрбие жұмысына мақсатты түрде енгізіп отыр.

Балабақшада адамгершілік-патриоттыққа тәрбиелеу пайдалану іс-тәжірибесі

Инновациялық тәжірибе жұмыстары қашанда педагогтың еңбек жолындағы дамуына өзгерістер әкеледі.

Алға қойылған міндеттерді түбегейлі шешу мақсатында мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық тәрбие беру бойынша эксперименттік жұмыс жүйесі жүргізілді. Балалардың ұлттық тәрбие беру оқу процесінде тәжірибелік-эксперименттік жұмыс кезінде бақылаудан өтті.

Ал эксперимент ұсынылған бағдарлама бойынша жүргізілді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында біз ересек топ балаларына *этнопедагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру бағдарламасын әзірледік.*

Кесте 1

Мектеп жасына дейінгі балаларға халық педагогикасы құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру бағдарламасы

Тәрбиелеу және білім беру блогы
Тәрбиелеу және білім беру мазмұны
Салт-дәстүр, әдет-ғұрып

Тәрбиеленушілерді халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын құрметтеуге, бағалауға тәрбиелеу

Шешендік сөздер

Шешендік сөздер, аңыз әңгімелер, ертегілердің қойылымдарын жасап, оларды сахналаудың жеке тұлғаның қалыптасуына әсері мен ықпалы, тәрбиелік мәні ерекше. Шешендік көркем сөздер мен мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақтар баланы мәнерлі, көркем сөйлеуге, шешендікке үйретеді, адамгершілікке, сұлулыққа, тапқырлыққа, еңбек сүйіспеншілікке тәрбиелейді

Ата-баба дәстүрі –
ұрпақтарға өнеге

Мектеп жасына дейінгі бала тұлғасын қалыптастыруда, оны жан-жақты дамытып тәрбиелеуде үлгі-өнеге болатын ұлы ғұламалар мен хандар, билер, батырлар, классик ақын-жазушылар, ағартушылар, өнер адамдары өмірімен олардың жасаған туындыларын таныстырып, ерлік істерін үлгі ету, мақтаныш сезімдерін ояту

Әуен – саз

Музыкалық шығармалардың авторы және айтыс, терме, жыр, күй, ұлттық би өнері туралы тәрбиеленушілерге тереңірек білім беру. Айтыс, терме, жырларды үйрету арқылы ұлттық өнерге деген қызығушылыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу

Ұлттық сәндік-қолданбалы өнер

Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық сәндік-қолданбалы өнер түрлері: зергерлік бұйымдар, ұлттық киімдер, киіз үй жабдықтары мен оның жасау-жиһаздары мен оларды өрнектеген ою-өрнек түрлерін таныстыру. Халықтың шеберлігін, ұлттық ою-өрнектерінің әсемдігін көре білуге тәрбиелеу

Ұлттық тағам

Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық тағам түрлері мен оның жасалу жолдарын таныстыру, ұлттық тағам түрлері, еттен, ұннан, сүттен жасалатыны туралы түсінік беру

Табиғат тынысы

Туған жердің байлығы орман, тоғай, қорықтар және оны мекен еткен жануарлар, құстар, өсімдіктермен таныстыру, оларға қамқор бола білуге, табиғатты аялауға тәрбиелеу

Ұлттық ойындар

Ұлттық ойындарды үйрету барысында баланың тілін дамыту, бір-біріне деген достық, ынтымақ, ұйымшылдық, толеранттылық, ізеттілік сияқты, қасиеттерді дамыту және батылдыққа, ұқыптылыққа, зеректілікке, төзімділікке тәрбиелеу

Имандылық-иірімдері

Туыстық қарым-қатынастар, туыстық атаулар мен жеті ата туралы түсінік беру. Айналадағы қоршаған адамдардың іс-әрекетін бағалап, жылы шырай білдіру, сыпайы сөйлеу, әдептілік сақтау, достық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, бауырмалдыққа баулу, жағымсыз жат қылықтардан аулақ болуға тәрбиелеу

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші іс-әрекеті болғандықтан, ойын түрлері этнопедагогика материалы ретінде негізге алынды. Ойындар картотекасы дайындалып, қажетті құралдар жасақталды.

Балаларға дұрыс тұлғалық қатынас жасау, әрбір тәрбие жұмыстарын ізгілендіру қағидаларына негізінде құру, жүйелілікті басшылыққа алу принциптері тәрбиешінің балаларға ұлттық тәрбие беру тиімділігін қамтамасыз етеді. Әрине, бұл жерде материалдық, әдістемелік, психологиялық жағдайлар да негізге алынуы қажет.

Мектеп жасына дейінгі балаларға этнопедагогика, халық педагогикасы құралдары арқылы ұлттық тәрбие берудің мазмұнын эксперименттік түрде тексеру оның барлық кезеңдерінде нәтижелі екендігін дәлелдеп берді.

«Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту» вариативтік компоненттің перспектикалық жоспары.

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы	Сағат саны
1	«Отбасындағы сыйластық».	Отбасы мүшелерін дұрыс атауға,сәлемдесіп,қоштасуға,үлкенді сыйлап,құрметтеуге үйрету	1
2	Ою –өрнек әлемі	Қазақтың ұлттық бұйымдары ,тұрмыстық қолданбалы заттар туралы балалардың білімдерін одан әрі жетілдіріп,ою-өрнектер туралы ұғымдарын бекіту.	1
3	Салт –дәстүр алтын қазына	Балалардың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру,ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі алдыруАна тіліне деген қызығушылықтарын арттыру	1
4	«Балабақшадағы айтыс»	Балалардың тапқырлықпен байланыстырып сөйлеуге үйрету,әңгімелеу.	1
5	«Ұлттық тағамдар» (ет, ұн, дән т.б.)	Балаларды қазақтың ұлттық тағамдарын білуге үйрету.Ұлттық тағамдардың қасиетін және жасалу жолдарын білуге дағдыландыру	1
6	«Ұлттық тағамдар» (ағарған)	Балаларды қазақтың сүттен жасалған ұлттық тағамдарын білуге үйрету. Балаларға ағарғаннан жасалған қазақтың ұлттық тағамдарының түрлерін білуге үйрету	1
7	«Ұлттық қимылды ойындар»	Балаларды қазақтың ұлттық ойындарымен таныстыру. Олардың атын біліп, қалай ойналатыны жайлы түсіндіру.,	1
8	Қазақтың ұлттық зергерлік әшекейлері»	Қазақтың ұлттық әшекейлерімен оның жасалу қолдану жолдарымен таныстыру.Зергер туралы түсінік ,зерлеудің жолдарын игеруге баулу	1
9	«Ұлттық дәстүрім -мақтанышым»	«Сыйластық», «Ынтымақтастық» құндылықтарының мәнін ашу.Ұлттық дәстүріміздің ерекшелігін түсіндіру.Бір-біріне деген жақсы қарым-қатынастарын дамыту.	1
10	« Ұлттық салт дәстүр»	«Жақсылық», «Үйлесімділік» құндылықтарының мәнін ашу.Наурыз мерекесінің ерекшелігін түсіндіру.Бір-біріне деген жақсы қарым-қатынастарын дамыту.	1
11	Менің елімнің салт –дәстүрі	Туған елдің салт-дәстүрлерімен таныстыру. Бесік жыры, тұсау кесу, бесікке бөлеу дәстүрлері туралы түсінік беру	1
12	«Терек бұталары»	Терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір-бірінен	1

		ажыратуға және терек бұталары	
13	«Өзін-өзі тану әлеміне саяхат»	«Өзін-өзі тану» әлемі туралы алғашқы түсінік беру. Өзін-өзі тануға қызығушылықтарын арттыру. Өзін және өзгелерді тануға тәрбиелеу.	1
14	«Басқұр»	Қазақ халқының өрнегін орамалдың түсіне сәйкес түстерді іріктеп, ерекшелеуге үйрету. Таныс қазақ өрнегінің элементтерінен өздігінен оюды жапсыру дағдысын бекіту.	1
15	«Еліміздің рәміздері»	Еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру. Әр рәміздің мән-мағынасын түсіндіру арқылы зейіндерін дамыту	1
16	«Адам деген ардақты ат»	«Адамгершілік» ұғымының құндылығы ретіндегі маңыздылығын ашу. Адами қасиеттер туралы түсінік беру. Балалардың адамгершілік қасиеттерін дамыту, жағымды қарым - қатынас жасай білуге үйрету. Ізгілікті, мейірімді болуға тәрбиелеу.	1
17	Табиғатым байлығым	Өлі табиғат пен тірі табиғат арасындағы байланысты түсіндіре отырып, табиғатты тануға деген қызығушылығын арттыру.	1
18	Табиғат және біз.	Балалардың табиғат туралы білімін бекіту. Ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.	1
19	Табиғат алтын бесігім.	Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Ертегі арқылы қайырымдылыққа, мейірімділікке, адалдыққа тәрбиелеу.	1
20	«Досыма сыйлық »	Балабақшадағы достары жайлы, олармен достық қарым-қатынаста болу туралы түсінік беру. «Дос» және «достық» деген ұғымды терең жеткізе отырып, достық сезімін қалыптастыру мақсатында бір- бірін сыйлауға, қадірлей білуге тәрбиелеу.	1
21	Әдептілік – әдемілік	Балалардың «әдеп», «әдептілік» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту. Көрініс арқылы олардың бойындағы шығармашылық қабілеттерін ашу, көрнекі суреттер арқылы зейінін	1
22	«Достық»	Балаларға «достық» сөзінің мәнін түсіндіру. Зейінін, есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Эмоционалды көңілдерін көтеру.	1
23	Айтшы, әжетай	Балаларға туыстық қарым-қатынастар, туыстық атаулар мен мамандық түрлері жайлы мағұлмат беру. Балалардың саналы түсініп, мейірімділік	1

		қасиеттерін, есте сақтау, ойлау дағдыларын қалыптастыру.	
24	«Жақсы деген немене, жаман деген немене»	Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге үйрету, Жақсы мен жаман туралы түсінік беру. Балалардың саналы түсініп, мейірімділік қасиеттерін, есте сақтау, ойлау	1
25	Мен қамқор баламын	«Қамқорлық» ұғымының адамгершілік ретіндегі мәнін ашу«қамқорлық» ұғымы туралы түсінік беру;Қамқорлық жасай білу дағдыларын дамыту;	1
26	Жақсылыққа – жақсылық	Достық қарым – қатынас туралы түсініктерін кеңейту;	1
27	Достық неден басталады.	«татулық» адамгершілік құндылығы туралы түсіндіру. : «татулық» ұғымы туралы түсінік беру;жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету;татулыққа тәрбиелеу.	1

28	«Не деу керек?»	Балаларды әдептілікке , инабаттылыққа, шыдамдылыққа,сыйласымдыққа тәрбиелеу.	1
29	Қайырымды, мейірімді кейіпкерлер.	Балалардың ертегілер туралы білімдерін бекіту, жақсы істер жасауға үйрету, тілдерін дамыту, өз ойларын жеткізуге жаттықтыру, қайырымды, мейірімді болуға тәрбиелеу	1
30	«Отбасылық мерекелер»	Халқымыздың тәлім-тәрбиесі ананың ақ сүтімен, әже өнегесімен, ата ақылымен берілетін білім, өзіндік ұлттық қасиетімсізід балалардың бойына дарыту;	1
31	«Әдепті бала –арлы бала»	Балалардың коммуникативтік әдетін қалыптастыру.Жақсы мен жаман әдет қалыптарын ажырату.Тіл байлығын,сезіну қабілеттерін дамыту.	1
32	Ұқыпты біз баламыз (мақал - мәтел)	Балаларды екі ойыншық жайлы шағын әңгімелеп, бейнелеп айта білуге, жай және күрделі сөйлемді қолдану арқылы өз ойларын дұрыс жинақтап, қысқаша әңгіме құрауды үйрету .	1
33	«Ұлттық тағам - ырысым»	Ұлттық тағамдарды пайдалана отырып, балаларға олардың қандай еңбекпен жасалатынын түсіндірумен, қатар қандай жолмен алынатынын, түрлерін үйрету арқылы құндылықтарды және тағамдарға деген сүйіспеншілігін арттыру.	1
34	«Бесік жыры»	«Бесік жыры» арқылы балалардың анаға деген сүйіспеншілігін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру	1

35	Сәлем - сөздің анасы. Мынау кім? Мынау не?	Балаларды қазақша амандасып, қарапайым сұраққа жауап беру- ге үйрету. Жаңа сөздермен танысып, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту	1
36	«Алыстан сәлем береді, әдепті елдің баласы».	Халықтың салт-дәстүрімен таныстырып, өз халқының дәстүрін, салтын, мәдениетін, әдет-ғұрпын үйрене отырып, бойларына сіңіру.	1
		Сағат саны	36

Қорытынды

Мектепке дейінгі ұйымда мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ этнопедагогикасы негізінде ұлттық тәрбие берудің жай-күйін талдау зерттеліп отырған мәселенің көкейкестілігін айқындап берді. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарымыздан ажырап қалмас үшін балабақшадан бастап қазақ халқының ұлттық дүниетанымын, сана-сезімін, мінез-құлқын балалардың бойына сіңіру мәселесінің педагогика ғылымында қажеттілігі артып отырғандығын дәлелдеді. Қазақ халқының ұлы ойшылдарының, көрнекті ағартушылары мен қоғам қайраткерлерінің құнды ой-пікірлерін зерделеу және тақырыпқа сәйкес ғылыми еңбектерді оқып-үйрену ұлттық тәрбиенің мәнін айқындап, оның негізі халықтық педагогика екендігін анықтауға мүмкіндік берді. Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық тұлғасын қалыптастыру мен дамыту үшін ең алдымен оның жас және дербес ерекшеліктерінің психологиялық-педагогикалық негіздерін есепке ала отырып, ұлттық тәрбие беруді ұлттық психологияның негізгі ұстанымдарына сәйкес жүзеге асыру қажеттілігі анықталды. Мектеп жасына дейінгі балаларға этнопедагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру балабақшада оқу-тәрбие процесін сабақтар мен тәрбие жұмыстарының мазмұнын жетілдіру қажеттігін дәлелдейді. Тәжірибелік-экспериментальдық жұмыс нәтижелері этнопедагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру жүйесінің тиімді екенін көрсетті. Зерттеу проблемасы күрделі болғандықтан, оның барлық салаларын қамтып шығу мүмкін емес. Халық педагогикасының мазмұны арқылы балаларға этномәдени білім беру, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру мәселелерін зерттеу келешектің ісі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ақадықова Б. "1001 мақал". // Қазақстан мектебі. 2003ж, №7.
2. Арғынбаев Х. "Қазақ отбасы". -Алматы: "Қайнар", 1996ж.
3. Асарбаева А. Ұлттық ойындар — халық педагогикасының құрамдас бөлігі. // Ұлт тағылымы. 2002ж. №2.
4. Әбдіқадырова Г. Халықтық педагогиканың мәні зор. //Қазақстан мектебі. 2003ж., №8.
5. Әбілова З., Қалиева Қ. "Этнопедагогика". Алматы, 1999ж.
6. Әбуова А. Жаңылтпаштар — тіл дамыту~құралы// Бастауыш мектеп. 2003ж.
7. Нұрғанова З. Ертегілер еліне саяхат. // Бастауыш мектеп. 2002 ж. №10.
8. Сағындықов Е. "Қазақтың ұлттық ойындары". -Алматы: "Рауан", 1994ж.
9. Сауранбаева Н. "Ұлттық әдет-ғұрыптар туралы". -Алматы, 1968ж.
10. Табылдиев Ә. "Халық тағылымы". -Алматы: Қазақ университеті, 1992ж. '
11. Табылдиев Ә. "700 жұмбақ". -Алматы: "Жалын", 1985ж.
- Табылдиев Ә. "Қазақ этнопедагогикасы". -Алматы: "Санат", 2001ж.
12. Төлебекова Р. "Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика". —Алматы, 1994ж.
13. Ұзақбаева С. "Тамыры терең тәрбие". —Алматы: "Білім", 1995ж.
14. Ұзақбаева С. "Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрлері". —Алматы: "Білім", 1990ж.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің технологиялық картасы

Вариативтік компонент: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: «Отбасындағы сыйластық».

Мақсаты:

а) Отбасы мүшелерін дұрыс атауға, сәлемдесіп, қоштасуға, үлкенді сыйлап, құрметтеуге үйрету;

ә) Отбасында үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық жасауға баулу ;

б) Инабаттылыққа, кішіпейілдікке тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекті құралдар: отбасы туралы суреттер, хрестоматия, жұмыс дәптері.

Шаттық шеңбері

Педагогпен бірге Ермек Өтетілеуұлының «Біздің шаңырақ» өлеңін қайталайды.

Атамнан басталар,
Әжеммен қосталар,
Отбасым мыналар,
Ең жақын адамдар:
Әкем мен анам бар,
Бір туған ағам бар,
Бір туған апам бар.
Бәрін жақсы көемін,

Шеңбер бойымен тұрып қайталайды.

Отбасы туралы

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Кіріспе әңгіме(суретпен жұмыс):

- ☐ Бүгін біз оқу қызметінде отбасы және сыйластық туралы әңгімелейміз.
- ☐ Суреттен кімдерді көріп тұрсыңдар?
- ☐ Отбасы мүшелеріне кімдер жатады?
- ☐ Кім суретке қарап, өз отбасы туралы айтып береді?

Сергіту сәті

Бас барамағым атам, үйдің данасы,

Балаң үйрек әжем, ошақ анасы,

Ортан терек әкем, отау панасы,

Шылыдыр шүмек шешем, шаңырақ ажажры,

Титтей бөбек мен, бәрінің базар

Рефлексиялық түзетушілік

Қорытындылау.

жақсы көруге, сыйлауға, құрметтеуге,

көмектесуге үйрендік. Отбасындағы сыйластық үлкен сүйіспеншіліктен туындайды.

Отбасы жайлы

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің технологиялық картасы

Вариативтік компонент: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: Ою –өрнек әлемі

Мақсаты

Қазақтың ұлттық бұйымдары ,тұрмыстық қолданбалы заттар туралы балалардың білімдерін одан әрі жетілдіріп,ою-өрнектер туралы ұғымдарын бекіту.

Көз мөлшерін,түс пен ырғақты сезінуін ,көркемдік талғамын дамыту,ұқыпты жұмыс істей білугешыдамдылыққа төзімділікке сабырлыққа тәрбиелеу.шығармашылық қабілетін арттыру.

Көрнекілік Силуэттер ,түрлі түсті қағаздар,желім,қайшы,дидактикалық ойын.

Әдістері: бүктеу кесу эвристикалық,информациялық

Сабақтың барысы

Ұйымдастыру

Тәрбиеші:

Балалардан ою-өрнек элементтерінің қандай түрлері болатынын сұрау

1.Геометриялық пішіндерге тән /сызықтар,тік төртбұрыштар,көпбұрыштар дөңгелек ,ромб т.б/

2. Өсімдік тектес/жапырақ жемістер гүлдер т.б/

3. Жануарларға құстарға байланысты /қошқармүйіз,құс қанаты,қой ізі ,түйетабан,т.б/

Үш бала ортаға шығып тұрмыстық тұтынатын заттар мен ұлттық бұйымдардың әшекейленген ою-өрнектерін көрсетіп,талдап береді.Сонан соң балалармен бірге «Тез өрнекте» ойыны ойналады.

Тәрбиеші :

Балара енді осы бұйымдардың силуэтын ,үстел үстінен алып,өздеріңе таныс ұнайтын заттарды алып әшекейлендер.

Сергіту сәті (музыкамен)

Сұрақ-жауап

Жұмысыңды немен бастайсың?

Не әшекейлегің келеді? Пішін қандай? Түсі қандай? Оған қандай түстер үйлеседі?

Қандай ою-өрнек элементтерімен әшекейлейсің? Ою-өрнектерді қалай орналастырасың? Балаардың өз бетінше жұмыстары және жеке жұмыс жүргізіледі.балаар өздеріне ұнаған ою-өрнектермен ұлттық бұйымдарды әшекейлейді.тәрбиеші баларға көмектесіп, басшылық жасап,бағыт береді?

Балалардың жұмыстарына талдау жасайды.

Жұмбақ айтқызу

Кіруге адам батпайды,

Заттыңды аман сақтайды./сандық/

Текшелеп төрге жиғаным не? /сандық/

Мақал-мәтелдер айтқызу

Өнерлі өрге жүзеді.Өнерлі бала сүйкімді.Өнерді үйрен де жирен.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің технологиялық картасы

Вариативтік компонент: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: Салт –дәстүр алтын қазына

Мақсаты:

1. Балалардың бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі алдыру
2. Ана тіліне деген қызығушылықтарын арттыру
3. Балаларды ұлттық салт дәстүр үлгісінде тәрбиелеу.

Көрнекілігі: нақыл сөздер, мақалдар, жұмбақтар

Түрі: дәстүрден тыс сабақ

Барысы: Ұйымдастыру кезеңі

Құрметті қонақтар балалар ! Бүгінгі тәрбие сағаттының негізгі мақсаты-өз халқымыздың салт-дәстүрлері , асыл қазыналары туралы балаларымызға , түсіндіріп, бойларына сіңіру.

Бала тәрбиесіне жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі –өзіміздің қазақ халқы. Қай сөзін оқып мән берсек , астарында терең ой жатады. халқымыздың көнеден келе жатқан салт –дәстүр әдет ғұрып үлгілері мен өнері соның айғағы. қазір сіздер осы айтылғандарыдың шағын болса да куәсі боласыздар.

1-бала:

Туған соң адам боп,

Білімсізден жаман жоқ

Ел дәстүрін білмесең

Жұрт айтады надан -деп

2-бала :

Ата-бабаң ардақты

Жамандыққа бармапты

Ардай тұтып үлкенді

Ата жолын жалғапты

3-бала

Бауырласқан тәніміз

Бұзылмаған антымыз

Кең даланың ежелгі

Қазақ дейтін халқымыз

Өзге ұлттай біздің де,

Бар дәстүр мен салтымыз

Би: «Киіз басу»

Көрініс : «Сүйінші!»

Қуанышты жеткізуші бала «Сүйінші! Сүйінші! –деп келеді. Мұндайда қуанған бала, үй иесі :«Қалағаныңды ал!»-дейді Бұл шын қуануды ризашылықты білдіреді. Ендігі кезекте салт –дәстүр туралы әңгімені балалардың ата –аналары баяндайды.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің технологиялық картасы

Вариативтік компонент: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: «Балабақшадағы айтыс»

Мақсаты: Балаларды балабақшадағы айтыспен таныстыру.

Көрнекіліктер: Ұлттық ойындар суреттері.

- Балалар, бүгін біз балабақшадағы айтыс туралы айтамыз, сендер балабақшадағы айтыс туралы не білесіңдер?
- Дұрыс балалар, сендер осы сұрақтың барлығына жауап бердіңдер, қараңдаршы бізге қонаққа кімнің келгенін.
- Сонау алыстан Шопан ата келіпті.
- Ол бостан- бос жәй келмепті.
- Бізге сыр сандығын ала келіпті.
- Кәне сол сыр сандықты ашып көрейікші.
- Ой неткен керемет.
- Бұл жәй сандық емес екен, оның ішінде домбыра бар екен.
- Бұл домбыра қазақ халқының аспаптарының бірі Шопан ата: «Балалар, сендер қандай кереметсіңдер. Мен сендердің айтыстарыңды тыңдауға келдім»

Сергіту сәті

Бала, бала, балақай,
Басқа киді малақай.
Далаға шық ойнайық,
Қар лақтырып қоймайық.
Балалардың жауабы

Қыз бала:

Балалар ау, балалар
Балаларға не керек
Бала бақша ішінде
Ойнап жүру ғана керек

Бала:

Мен баламын, баламын
Бақшаға мен барамын
Тақпақ пенен ән айтып
Тәрбиешінің айтқанын аламын

Рефлексивті-түзетушілік

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Балалар айтыс туралы біледі.

Қандай түсініктерді игерді: Айтыста тапқырлықты, байланыстырып сөйлеуді игерді.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Балалар сұрақтарға жауап бере біледі.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің технологиялық картасы

Вариативтік компонент: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: «Ұлттық тағамдар» (ет, ұн, дән т.б.)

Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық тағамдарын білуге үйрету.

Балаларға қазақтың ұлттық тағамдарының түрлерін білуге үйрету.

Ұлттық тағамдардың қасиетін және жасалу жолдарын білуге

дағдыландыру.

Қазақтың ұлттық тағамдарын қадірлей білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Дастархандағы қазақтың ұлттық тағамдары бейнеленген суреттер

Ұйымдастыру- іздестіру

Тәрбиеші:

- Енді балалар, сендер ақ, көк, қызыл сандықтың айналасына барып отырындар.

1-топтағы балаларға:

Тапсырма:

Балалар сандықты ашып, ғажап тапсырмалар алады. Онда мына қима суреттерді құрастырып, суретке қарап отырып ұннан жасалған тағамдарды атандар.

Нан туралы не білесіндер?

Мақал-мәтел жаттайық.

«Қазы-қарта, жал-жая жемеген

қазақ, қазақ па?!»

Дид.ойын: «Не артық?»

Сергіту сәті:

«Шаңырақ»

Қолды алға созамыз,

Бұрыламыз әдемі,

Қолды жоғары көтеріп,

Шаншыламыз уықтай.

Бір-отырып, бір-тұрып,

Жүгіреміз жалықпай

Бауырсақ, табанан, күлше.

Үсті тас, асты тас, ортасында піскен ас. (Табанан)

«Ас атасы нан, нан қасиетті дәм».

Рефлексивті-түзетушілік

- Балалар, бүгінгі оқу әрекетінде не туралы айттық?
- Қазақтың ұлттық тағамдарын білесіндерме?

Балаларды мақтап сабақты аяқтайды.

Балалар сұрақтарға жауап береді

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Ұлттық тағамдарды ажырата біледі.

Қандай түсініктерді игерді : Ұлттық тағамдардың ерекшеліктерін игерді.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Сұрақтарға жауап бере біледі, ұлттық тағамдар турады тақпақтар біледі.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің технологиялық картасы

Вариативтік компонент: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: «Ұлттық тағамдар» (ағарған)

Мақсаты: Балаларды қазақтың сүттен жасалған ұлттық тағамдарын білуге үйрету.

Балаларға ағарғаннан жасалған қазақтың ұлттық тағамдарының түрлерін білуге үйрету. Сүттен жасалған ұлттық тағамдардың қасиетін және жасалу жолдарын білуге дағдыландыру.

Қазақтың ұлттық тағамдарын қадірлей білуге тәрбиелеу..

Сөздік жұмыс: Қымыз, шұбат, қатық, күбінін айраны.

Көрнекіліктер: Дастархандағы қазақтың сүттен жасалған ұлттық тағамдары.

Ұйымдастыру- іздестіру

Әже: - Сәлеметсіңдер ме балаларым! Қазақтың сүттен жасалған ұлттық тағамдары туралы айтып беріндерші деп апайларын шақырды!

Тәрбиеші:

- Әже біздің балаларға, сүттен жасалған тағамдардың түрлерін айтып түсіндірсеңіз екен!

Әже:

- Суреттерге қарандаршы, мыналар қандай тағамдар?

-Балалар, мына суреттерге қарандаршы, не көріп тұрсындар?

-Бұларды біз бір сөзбен не дейміз?

Жұмбақ-жасыру:

Сылдыр сұйық, су емес,

Ішсен сусын қанады,

Ақ болсада қар емес,

шешуін кім табады?

Тәрбиеші:

- Ал балалар, сүттен қандай ұлттық тағамдар жасалатынын білесіңдер ме?

- Ертеде, мұздатқыш болмаған, сонда оларды қазақ халқы қалай сақтаған?

Мақал-мәтел жаттайық.

«Жерге төгілген сүтті,

айранды басуға болмайды!

Дид.ойын: «Дәміне қарай ата»

Сергіту сәті:

«Шыңырақ»

Рефлексивті-түзетушілік

Балаларды мақтап сабақты аяқтайды.

Балалар сұрақтарға жауап береді

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Ұлттық сүт тағамдарды ажырата біледі

Қандай түсініктерді игерді: Ұлттық сүт тағамдардың ерекшеліктерін игерді

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Сұрақтарға жауап бере біледі, ұлттық сүт тағамдар туралы көп біледі.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің технологиялық картасы

Тақырыбы: «Ұлттық қимылды ойындар»

Мақсаты: Балаларды қазақтың ұлттық ойындарымен таныстыру.

Олардың атын біліп, қалай ойналатыны жайлы түсіндіру., ұлттық ойындардың дене тәрбиесіндегі маңызы жайлы әңгімелеп , оларды ойнап білуге үйрету.

Балалардың ой өрісін дамыту, қимыл – қозғалысын дамыту..

Ептілікке, шапшаңдыққа, ұлттық аыл мұрамызды сақтай білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Ұлттық ойындар суреттері.

Шаттық шеңберін құрады

Ұйымдастыру- іздестіру

- Балалар, біздің ұлтымыз қандай?
- Әр ұлттың өз ұлттық ойындары болады, ал, сендер қандай ұлттық қимылды ойындар білесіңдер?
- Ол ойындарды кімдер ойнаған?
- « Қыз қуу», «Алтыбақан»,» Тақия тастамақ», «Теңге алу»,
- «Үкі», ойындарының ойналу шартын білесіңдер ме?

«Алтыбақан» ойыны бұл өте ертеден келе жатқан ойын ол үшін әткеншек қажет. Бақанға байланған жіптер арқылы екі жағына екі бала тұрып тербетіледі ол балалар ән айтып өз өнерлерін сайысқа салған.

Ал, балалар келесі ойынымыз « Тақия тастамақ» бұл ойынды топтың бар баласы ойнайды . Балалар шеңбер бойымен дөңгелене отырады, Бір бала ойынды бастайды , ән әуенімен бала келіп, шеңберді айнала жүреді , музыка тоқтағанда , бала тақияны екі баланың ортасына тастайды , екі бала екі бағытта шеңберді айнала жүгіреді , кім бірінші тақияға жетсе сол бала жеңеді. Ал, балалар кім ойын жайлы тақпақ біледі?

Мақал-мәтел жаттайық.

«Ойында озған бала өмірде де оза біледі»

Д.ойын: «Кім дұрыс жауап береді?»

Тәрбиешінің қойған сұрағына дұрыс әрі тез жауап беруі керек.

Сергіту сәті Бала, бала, балақай,

Басқа киді малақай.

Далаға шық ойнайық,

Қар лақтырып қоймайық. Балалардың жауабы 1 бала: Олжастың дөрекі қылығы дұрыс емес.

Рефлексивті-түзетушілік Бүгін не туралы білдік?-Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер?

Сұрақтарға жауап беріп, қорытынды жасайды.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Балалар қазақтың ұлттық ойындарын жақсы біледі.

Қандай түсініктерді игерді: Ойындарды шартымен ойнауды игерді.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Балалар сұрақтарға жауап бере біледі, өз ойларын ашық айта алады.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: Қазақтың ұлттық зергерлік әшекейлері»

мақсаты : қазақтың ұлттық әшекейлерімен оның жасалу қолдану жолдарымен таныстыру.Зергер туралы түсінік ,зерлеудің жолдарын игеруге баулу .Белсенді сөздік қорын ,тіл байлықтарын байыту ,ұлттық өнерді игеру құрметтеу..

Көркіліктер: Ұлттық зергерлік әшекейлер,ұстаның құралдары,түрлі түсті суреттер.

1.Кіріспе

-Балалар бүгін сабағымыздың тақырыбы: «Қазақтың ұлттық зергерлік әшекейлері»

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі ?

-Көктем мезгілі

-Дұрыс қандай ай?

-Наурыз айы?

-Аптаның нешінші күні?

-Аптаның үшінші күні ,сәрсенбі.

-Балалар өткен сабақта қол өнердің қандай түрімен таныстық?

-зергерлік бұйымдармен таныстық.

-Зергерлік бұйымдардың қандай түрлері бар екен?

-Қамшы,құйысқан,жүген,ер,белбеу.

-зергерлік бұйымдар неден жасалады?

-Қайысман

-темірден

-ағаштан

2.Негізгі бөлім

Біз бүгін зергерлік әшекейлермен танысамыз.

Зергерлік әшекейлерге сырға,шашбау,алқа,жүзік,білезік,шолпы жатады.Балалар өзіміз отырған киіз үйдің ішінен қандай қол өнер бұйымдарын көріп отырсындар?

-Балалар Біз қазір «Шеберхана «ойнын ойнаймыз.Мен шебер боламын,ал сендер менің шәкіртерімсіңдер.Мен сендерге зергерлік әшекейлерді жасаудың жолын үйретемін?

/Шебердің еңбегін көрсеткеннен кейін,балалардың өздеріне жасауын ұсынады/

-Сендердің жұмыстарыңа көмектесу үшін мен сендерге еңбек туралы өлең айта отырайын.»Ата толғауы» күйінің әуені бірқалыпта ойнап тұрады.Ал тәрбиеш

.3. Қорытынды бөлім.

Балалардың жасаған еңбектерін талдау!

-Елнұр сен қандай зергерлік әшекей жасадың ?

Мен шашбау жасадым.

-Шашбаудың сипаты қандай?

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: «Ұлттық дәстүрім - мақтанышым»

Мақсаты: «Сыйластық», «Ынтымақтастық» құндылықтарының мәнін ашу.

Ұлттық дәстүріміздің ерекшелігін түсіндіру.

Бір-біріне деген жақсы қарым-қатынастарын дамыту.

Көрнекіліктер: Тақырыптық суреттер, жұмыс дәптері.

Ұйымдастыру-іздігіру

Әңгімелесу. Балалар, барша адамның көптен күтетін жыл мезгілдерінің бірі – көктем келді. Оның келгенін құстардың әндерінен, көктемгі жаңбырдан байқауға болады. Көктемде бар табиғат ерекше әдемі болып жайнап, әдемі түрге еніп бәрімізді қуантады. Көктемде тамаша мерекелеріміздің бірі – Наурыз мейрамын тойлаймыз.

- Наурыз - жыл басы. Нағыз біздің ұлттық дәстүрімізді насихаттайтын мереке. Наурызда ұлттық ойындар ойналады, ұлттық тағамдарымызды дайындайды.

Сергіту сәті

Шаңырақты құрайық,

Керегені жазайық.

Уық болып иіліп,

Киіз үйде тұрайық.

Тыныштық сәті: Балалар, денелерінді түзу ұстап, бастарыңды көтеріп, ыңғайланып отырыңдар. Көздеріңді жұмып, ауаны терең жұтып, еркін тыныс алыңдар. Өздеріңнің тыныс алуларыңды бақылап, тыныштыққа толы таза ауаны бойларыңа толғанын сезініңдер. Ал енді көздеріңді ашсаңдар болады.

Ғажайып сөздер:

- Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетінде үйренген өнегелі сөздерді қайталайықшы.
- Балалар сөздерді қайталайды:
- Ұлттық дәстүрімізді мақтан етейік.
- Наурыз мейрамы – ұлттық дәстүрімізді насихаттайтын мереке.

Рефлексивті-түзетушілік

- Балалар, біз табиғатты аялауды, қастерлеуді үйрендік. Наурыз – достық, жақсылық, тазалық пен қуаныштың мерекесі екенін білдік. Сонымен бірге ұлттық дәстүріміз туралы көп мәлімет алдық.

Балалар тыңдайды.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Ұлттық дәстүр туралы мәлімет алды.

Қандай түсініктерді игерді: Ұлттық тағамдар, ұлттық бұйымдар, ұлттық салт-дәстүр туралы түсініктерді меңгерді.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Сұрақтарға толық жауап бере алады.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: «Ұлттық салт дәстүр»

Мақсаты: «Жақсылық», «Үйлесімділік» құндылықтарының мәнін ашу.

Наурыз мерекесінің ерекшелігін түсіндіру.

Бір-біріне деген жақсы қарым-қатынастарын дамыту.

Ұлттық салт – дәстүрді қадірлей білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Тақырыптық суреттер, жұмыс дәптері.

Мотивациялық-қозғаушылық

Шаттық шеңбері

Көркем сөз:

Ұлыстың қадам басып ұлы күні,

Үйдің де көктей жаздап тұр уығы.

Көңіл де наурызбенен шешек атсын,

Жүректің сарқылмасын жылылығы.

Бірге айтады.

Ұйымдастыру-ізвестіру

Әңгімелесу.

- Балалар, барша адамның көптен күтетін жыл мезгілдерінің бірі – көктем келді. Оның келгенін құстардың әндерінен, көктемгі жаңбырдан байқауға болады. Көктемде бар табиғат ерекше әдемі болып жайнап, әдемі түрге еніп бәрімізді қуантады. Көктемде тамаша мерекелеріміздің бірі – Наурыз мейрамын тойлаймыз.

Наурыз келді балалар,

Көктеді қыр жағалар.

Наурыз тойын тойлайық,

Жаңа жылда ағалар.

Бәйшешектер гүлдеді,

Қорада мал төлдеді.

Сергіту сәті

Шаңырақты құрайық,

Керегені жазайық.

Уық болып иіліп,

Киіз үйде тұрайық

Рефлексивті-түзетушілік

- Балалар, біз табиғатты аялауды, қастерлеуді үйрендік. Наурыз – достық, жақсылық, тазалық пен қуаныштың мерекесі екенін білдік.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Наурыз мерекесі туралы мәлімет алды.

Қандай түсініктерді игерді: Наурыз мерекесінде айтылатын тілектер жайында түсініктерді меңгерді.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Бір-біріне кешірімдікпен қарауды үйренді.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: Менің елімнің салт - дәстүрі

Мақсаты: Туған елдің салт-дәстүрлерімен таныстыру. Бесік жыры, тұсау кесу, бесікке бөлеу дәстүрлері туралы түсінік беру. Салт-дәстүрлерге қызығушылықтарын ояту. Еліміздің салт-дәстүрі туралы білімдерін дамыту. Туған халқының дәстүрлеріне деген мақтаныш сезімдерін тудыру. Елінің салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.

Көптілділік: салт-дәстүр - традиции и обряды-traditions and ceremonies, ұрпақ – поколение-generation, ата-баба – предки-ancestors, бесік – колыбель-cradle, бесік жыры - колыбельная песня-lullaby.

Ынталандыру-ұйымдастыру кезеңі.

Тәрбиеші балалармен бірге тұрып шеңбер құрады.

«Үй сыртында қолағаш» ойыны.

Тәрбиеші ойын барысында қауіпсіздік шараларына назар аударады.

Тәрбиеші **мақалдар** оқиды:

Атадан бала туар, ата жолын қуар.

Бабалар өмірі - ұрпаққа өнеге.

- Мақалдардың мағынасын қалай түсінуге болады!

Ұрпақ, ата-баба сөздеріне сөздік жұмысын жүргізеді.

Ұрпақ - тұқым, жұрағат, нәсіл, келешек ұрпақ.

Көптілділік: салт-дәстүр - традиции и обряды-traditions and ceremonies, ұрпақ – поколение-generation, ата-баба – предки-ancestors, бесік – колыбель-cradle, бесік жыры - колыбельная песня-lullaby.

«Бесікке бөлеу» ойыны

Тәрбиеші алдын ала дайындаған қуыршақты, бесікті алып шығады. Бір қызды қасына шақырады. Бесік жырын айтады:

- Менің балам қайда екен? Аңсар-асқар тауда екен. Тауда неғып жүр екен? Алма теріп жүр екен.

Енді «Бесік» сөзіне дыбыстық талдау жасайық «Бесік» неше әріптен құралған. Неше буынға бөлінеді? Оны қалай анықтадыңдар?

«Бесік» сөзіне дыбыстық талдау жасатамын

Сұрақ - жауап

Сұрақ – жауап әдісі арқылы алған білімдерін пысықтайды.

Сұрақтарға жауап береді, бір-бірінің жауаптарын толықтырады.

Күтілетін нәтиже:

Білу: Қазақ халқының салт – дәстүрлерін сахыналайды;

Меңгеру: салт – дәстүрлердің маңызын; ата – бабаларымыздан қалған салт – дәстүрді құрметтеуді;

Істей алуы: этнопедагогиканың баланы тәрбиелеудегі рөлін.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: «Терек бұталары»

Мақсаты: Терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір-бірінен ажыратуға және терек бұталары

Мотивациялық-қозғаушылық

«Шаттық шеңбері»

- Мына суретке назар аударайықшы, бұл суретте қайың, үйеңкі, қарағай бейнеленген.
- Бұлардың барлығын бір сөзбен қалай атаймыз?
- Жапырақтар қайда өседі? Дұрыс, ағаштың бұталары болады, осы бұталарда жапырақтар өседі.
- Балалар, бүгін бізбен бірге сурет салуға ақ лақ келіпті. Ол жапырақтарды қалай салатының сендерден үйренісемін деп келіпті. Көмек береміз бе?
- Төрлет, ақ лақ.

Балалар шеңбер бойына тұрып, ашық аспанмен, күнмен, Жер-Анамен бір-бірімен амандасады.

Педагог балалардың жауаптарын бағалайды және олар өз ойларын толық айтуға талпынады.

Ұйымдастырушылық ізденістік

- Балалар қазір қағазға терек бұталарының суретін саламыз
- Теректің бұтақ шоғырының түрі пирамидаға, жапырағы жалпақ, сағақты, ромб пішініне ұқсайды. Терек жапырағы шыққанша гүлдейді. Терек ағашынан сіріңке, қағаз жасайды. Терек бұталарын салу үшін қағаз бетіне, ең алдымен, үлкен бұтаны қалың сызықпен сызып аламыз, осы үлкен бұтадан тармақтап кішкентай бұталарды саламыз.

Рефлексиялық түзетушілік

- Ал енді бір-бірімізді бағалау үшін бізге мынандай терек жапырақтары көмек береді.
- Алдарында тұрған жапырақтарды алақандарына алыңдар. Кімге мен көрсеткен сурет ұнаса сол жапырақты көтереді. Қай сурет ең көп жапырақ жинаса сол сурет жақсы деп бағаланады. Келістік пе?
- Барлық сурет жақсы салынған болып шықты. Бірақ енді мен өз ойымды айтайын.

Жеке жұмыс: Малтықбай Нұржігіт, Айтжан Нармин, Өмірбекова Мариямға терек бұталарын қарындашпен салу дағдыларын үйрету.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: терек түрлері жайлы түсініктері молаяды, білімдері жетіледі.

Игереді: терек түрлері және оның бұталарын қағаз бетіне түсіру ерекшеліктерін игереді

Меңгереді: қағаз бетіне қарындашпен терек бұталарын салу білу икемділігі мен

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: «Өзін-өзі тану әлеміне саяхат»

Мақсаты: «Өзін-өзі тану» әлемі туралы алғашқы түсінік беру. Өзін-өзі тануға қызығушылықтарын арттыру. Өзін және өзгелерді тануға тәрбиелеу.

Қолданады: «Өзін-өзі тану» әлемінің картасы, дәптер, хрестоматия, бөліктерге бөлінген қиынды жүрек пішіні, ойыншық жүрекше.

Шаттық шеңбері:

- Балалар, біз бүгін кең, жарық, әсем бөлмеде жиналып тұрмыз. Қане, бәріміз бір-біріміздің қолымыздан ұстап, үлкен шеңбер құрып көрейікші. Қандай тамаша!

Шеңбер күн сияқты жылы, дөңгелек. Шеңберге жиналған адамдар бір-бірінің бет-жүзін, көзін, күлкісін көре алады.

Кел балалар, күлейік!

Күлкіменен түлейік!

Күлкі көңіл ашады,

Күліп өмір сүрейік!

Ұйымдастырушылық- ізденістік

Әңгімелесу:

- Балалар, біз «Өзін-өзі тану» әлеміне саяхатымызды бастаймыз. «Өзін-өзі тану» әлемі бізге сыйлықтар дайындап қойыпты («Өзін-өзі тану» хрестоматиясын көрсету).

Бұл барлығымызға ортақ – «Ақылды кітап». Біз бұл кітаптан түрлі ертегілер, әңгімелер, өлеңдер, өнегелі сөздермен танысамыз. Шығарма кейіпкерлері бізді жақсылық жасауға, мейірімді, қайырымды, кешірімді, адал болуға үйретеді.

- Балалар, «Өзін-өзі тану» әлемі сендерге тағы да сыйлық дайындапты. Қане, сыйлығымызды қолымызға алып көрейікші. Қандай тамаша!
- Бұл сыйлық «Өзін-өзі тану» әлеміне саяхаттағы ақылды көмекшіміз –
- **Ойын:** «Сықырлы қоржын»

Сықырлы қоржында жүрек пішіні бірнеше бөлікке қиып бөлінген. Әрбір ойынға қатысушы бала сықырлы қоржыннан осы бөліктерді алып, үлкен бір бүтін жүрек пішінін құрастырады..

Рефлексиялық-түзетушілік

- Қалай ойлайсыңдар, бүгінгі күнді біз неге ерекше деп айтамыз?

- Дұрыс айтасыңдар! Бүгінгі күн өте сәтті болды.

«Жүректен жүрекке»: Жүректі бір-бірлеріне ұсынып тұрып, бір-бірін жақсы көретіндерін айтады.

Балалардың жауаптары.

Жеке жұмыс: Даниярұлы Әділбек, Жетпісбай Елнұрға қазақша сөздерді түсіндіру.

Күтілген нәтиже:

Біледі: «Өзін-өзі тану» пәні туралы алғашқы түсінікті.

Игереді: Ғажайып сөздерді қайталап айтуды.

Меңгереді: Өзін және өзгелерді

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: «Басқұр»

Мақсаты: Қазақ халқының өрнегін орамалдың түсіне сәйкес түстерді іріктеп, ерекшелеуге үйрету. Таныс қазақ өрнегінің элементтерінен өздігінен оюды жапсыру дағдысын бекіту. Мұқияттылыққа, ұқыпты жапсыруға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: басқұр, орамал, безендіру.

Қолданады: басқұрдың және қазақ оюларының суреті, жапсыруға қажетті құрал-жабдықтар, электронды киіз үй.

Мотивациялық-қозғаушылық

«Жылы лебіз»

- Алақандарымызды үйкелейікші.
- Алақандарыңды үйкелегенде не сездіңдер?
- Енді, осы жылуымызды бір-бірімізге ізгі тілектер білдіру арқылы берейік. Мен бастаймын, сендер жалғастырасыңдар. Айлана ақылды бол!

Алақандарын үйкелейді.

- Жылу сезіндік.
- Аспанымыз ашық болсын! Денің сау болсын! Әрқашанда әдемі болып жүр! Достарың көп болсын! т.б. тілектер айтады.

Ұйымдастырушылық- ізденістік

- Қарандаршы, мынау қазақ ою-өрнектерінің суреті. Мұнда: басқұр бейнеленген.

Басқұр — киіз үйдің ішін безендіру үшін, әрі уық пен керегенің түйіскен жерін сыртынан бастырып таңатын өрнекті жалпақ құр. Басқұрдың ұзындығы киіз үйді айналдыра орап шығатындай болады. Басқұрды өрмекпен терме тоқу, қақпа тоқу әдістерімен әр түсті жіп, арқау салып, ою-өрнекті етіп тоқиды. Түкті немесе ақ басқұр және түксіз немесе ала басқұр болып екіге бөлінеді. Түкті (ақ) басқұрды түрлі-түсті жіптерді негізгі жіптерге түйіндеп, түкті ою-өрнек салып тоқиды. Түксіз (ала) басқұр әр түсті жіптерден алаша секілді тоқылады.

Электронды киіз үйден күйдің әуенін ойнатып қою.

Дербес іс-әрекет, жеке көмек көрсету:

- Енді осылай өздерің ою-өрнектерді жапсырамыз.

Сергіту сәті «Ою-өрнек»:

Рефлексиялық-түзетушілік

Бүгін нені ою-өрнектермен безендірдік?

- Қандай ою-өрнектерді жапсырдық?

Жеке жұмыс: Айбек Кәусар, Айтымбет Арнұр, Айтжан Нарминді желіммен ұқыпты жапсыруға дағдыландыру.

Күтілген нәтиже:

Біледі: Қазақ халқының өрнектері, оның ішінде басқұр туралы мәліметті.

Игереді: Таныс қазақ өрнегінің элементтерінен өздігінен оюды құруды.

Меңгереді: Мұқият болуды, ұқыпты жапсыруды.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: «Еліміздің рәміздері»

Мақсаты: Еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру. Әр рәміздің мән-мағынасын түсіндіру арқылы зейіндерін дамыту. Өз елінің тарихи білуге деген қызығушылықтары тудыру; отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Қолданады: демонстрациялық материалдар

Сөздік жұмысы: ұлттық, мемлекеттік, рәміздер

«Табиғат құбылыстары» ойыны. Шарты: педагог табиғат құбылыстарын кезек-кезек атайды. Әр құбылысты атаған кезде педагогтың алдын ала көрсеткен қимылдарын келтіреді.

«Жаңбыр» дегенде саусақтарымен үстел үстін тақылдатады. «Жел» дегенде қолдарын жоғары созып шайқалады. «Қар» дегенде қолдарын жан-жаққа созып қалықтайды.

Ұйымдастырушылық-ізденістік

: мемлекеттік елтаңба – государственный герб, мемлекеттік гимн – государственный гимн, мемлекеттік ту – государственный флаг, мемлекеттік рәміздер – государственный символы.

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көгілдір түсті. Мемлекеттік Тудағы көгілдір түс Қазақстан халқының жеке мемлекет болуға ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Қанатын жайған қыран құс – билік, айбындылық бейнесі.
- Елтаңба – Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі. Елтаңбаның негізгі бөлігі – шаңырақ. Шаңырақ – мемлекеттің түп – негізі – отбасының бейнесі. Қанатты тұлпар – ұшқыр арманның, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың көрінісі. Қанатты тұлпар уақыт пен кеңістікті біріктіреді. Бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын паш етеді. Бес бұрышты жұлдыз елтаңбаның тәжі іспетті. Әрбір адамға жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Еліміздің гимі – «Менің Қазақстаным» әні.

Сергіту сәтін өлеңнің мазмұнына сәйкес қимылдармен жасайды.

Алдымен балалар Елтаңба суреттен не көріп тұрғандарын айтады.

Рефлексиялық-түзетушілік

Қорытындылау.

Сұрақ-жауап әдісі арқылы еліміздің рәміздері туралы алған білімдері пысықталады.

Балалар еліміздің рәміздері туралы әңгімелейді.

Біледі: Еліміздің рәміздерін құрметтейді; мақтаныш тұтады;

Игереді: Елтаңбада берілген бейнелердің қандай мағына беретінін; әнұранның әр сөзінің мағынасын; олардың қай жерлерге ілінетінін;

Меңгереді: өз елі, Отаны, туған жері туралы білетінін практикалық жұмыстарды орындауда, сұраққа жауап беру кезінде.

Тәрбиеші:

Тексерген әдіскер:

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: «Адам деген ардақты ат»

Мақсаты: «Адамгершілік» ұғымының құндылығы ретіндегі маңыздылығын ашу. Адами қасиеттер туралы түсінік беру. Балалардың адамгершілік қасиеттерін дамыту, жағымды қарым - қатынас жасай білуге үйрету. Ізгілікті, мейірімді болуға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: адамгершілік, мейірім, қасиет, ардақты

Қолданады: әр түрлі мамандықтардың суреті,

Жылулық шеңбері

- Бүгін титтей баламын,

Әлі - ақ жігіт боламын.

Сонда, мүмкін, мен ғалым,

Әлде шофер боламын.

Е. Өтетілеуовтің «Нағыз адам боламын» атты өлеңін ілесіп бірге қайталайды.

Ұйымдастырушылық- ізденістік

Әңгімелесу.

- Ата - анаң қандай болғаныңды қалайды?
- Өзің кімге ұқсағың келеді?
- Нағыз адам дегенді қалай түсінесіңдер?
- Дұрыс айтасыңдар, балалар, ата - анамыз біздің жақсы адам болғанымызды қалайды. Әрдайым ақылдарын айтады. Біздер ақылды, әдемі адамдарға ұқсағымыз келеді. Өзіміз де мейірімді, адал, білімді болып өсуге талпынамыз.
- Балалар, не тәтті?
- Ананың сүті тәтті.
- Не жұмсақ?
- Ананың қолы жұмсақ.
- Не қатты?
- Атаның жүрегі қатты.
- Кім жақын?
- Тату болса, ағайын жақын, ақылшы болса, апайың жақын.
- Жақсы болғанымызды
- Тәртіпті, ақылды болғанымызды қалайды
- Нағыз адам жақсы адам

Рефлексиялық-түзетушілік Қандай адамбыз?

- Мейірімді, қамқор, адамгершілігі мол баламыз.

Жеке жұмыс: мейірімділік, қамқоршылық, нағыз адам туралы түсінікті қалыптастыру.

Күтілген нәтиже: Біледі: адами қасиеттер туралы;

Игереді: Адамгершілік қасиеттерді;

Меңгереді: Ізгі, мейірімді болу керектігін;

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: Табиғатым байлығым.

Мақсаты Өлі табиғат пен тірі табиғат арасындағы байланысты түсіндіре отырып, табиғатты тануға деген қызығушылығын арттыру.

Табиғат байлығын бағалауға, қорғауға, қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: суреттер, өсімдіктер, жануарлары суреттері, жақсылық пен жамандық суреттері

Ұйымдастырушылық-ізденістік

Педагог сабақ басталмас бұрын балабақша ішіндегі- Табиғат аясына шағын саяхат жасайды.-

-Балалар біз сендермен қайда бардық?

-Балалар, сендер нені көрдіңдер?

-Балалар табиғат деген не?

-Бізді қоршаған орта табиғат деп аталады. Ол жазира дала, биік таулар, көгілдер, жан-жануарлар, құстар т.б.

-Табиғат нешеге бөлінеді?-Көне атайықшы.

-Өлі табиғат пен тірі табиғатқа нелер жатады екіге бөліп

Сергіту сәті:

Құс қанатын жайды,
Аққу тойнын созады,

-Ағаш отырғызу...

-Орманды өртеу...

-Құстарға жем шашу...

-Құстың ұясын бұзу...

-Құстарға ұя салу..

-Суды ластау...

-Орманда қалдық заттарды қалдыру...

-Гүлдерді баптау...

-ағаштарды кесу...

Тамаша өте жақсы.

Ал енді сендер табиғатқа байланысты мақал-мәтелдер білесіңдер ме?

Жақсы, балалар.

Рефлексиялық-түзетушілік

Балалар біз сендермен табиғат аясында нені түсіндік, нені үйрендік?

Дұрыс, біз, табиғатты қорғауға, аялай білуге үйрендік. Табиғат-Анаға көмектесуді үйрендік. Табиғат- барлық адамдардың ортақ үйі.. Табиғатты қорғау -

Отанымызды, елімізді, жерімізді қорғау. Балаларды мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: Табиғат аясындағы әсемдікті бақылауды.

Түсінеді: Тірі табиғат пен Өлі табиғатты ажырата білуді.

Қолданады: Табиғаттың байлығын қорғай білуді, оны баптап, сүйіспеншілікпен қарауды.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: Табиғат және біз.

Мақсаты: Балалардың табиғат туралы білімін бекіту. Ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Ертегі арқылы қайырымдылыққа, мейірімділікке, адалдыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: суреттер, үлестірмелі құралдар, кілемше, төрт түсті жіп, ұнтаспа.

Билингвальді компонент: Тірі табиғат-живая природа, өлі табиғат-неживая природа, жыл мезгілі-времена года, құстар-птицы, жәндіктер-насекомы, жануарлар-животные.

Ұйымдастырушылық-ізденістік

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілінде неше ай бар?

-Бүгін аптаның қай күні?

-Тамаша! Балалар. Өте жақсы!

-Балалар табиғат деген не?

-Балалар есік қағылған сияқты Мен бір конверт тауып алдым,

-Мұнда бір диск бар екен, қосып көрейік не айтады екен.

«-Сәлеметсіздерме? Құрметті «Ербатыр» тобының балалары. Мен Табиғат-Анамын. Сендер мен туралы көп оқиды деп ойлаймын. Манадан бері мен сендерді терезеден қарап бақылап тұрмын. Менің сендерге арнайы беріп жіберген тапсырмаларым бар. Сендер тапсырмаларды жақсы орындасандар менің сендерге арналған сыйлығым бар.»

-Ендеше балалар біз «Табиғат-Ананың» тапсырмасын орындайық

«Табиғат-Ана» ертегісін оқып беру

Табиғат – ананың Жер, Су, Ағаш деген үш ұлы болыпты. Олар өте ақылды, мейірімді екен. Табиғат – Ана бір күні ұлдарын шақырып алып: Адамдарға көп қызмет еткен ұлыма сый тартамын, -деп уәде береді. Сонда ұлдары анасының айтқанына қуана келісіп, адамдарға жақсылық жасауға жолға шығыпты. Үшеуі үш жаққа кетіп, адамдарға көп игілікті істер жасапты. Күндердің күнінде үшеуі еліне қайтып оралғанда, аналарының бұрынғыдан да көріктене түскеніне риза болады.

-Апатай, Сіз қандай керемет болып кеткенсіз, мұның сыры неде? -деп сұрағанында Табиғат – Ана былай депті. Аяулы ұлдарым менің, мұның сыры сендердің адамзатқа жасаған қайырымдылықтарыңда, -деп жауап береді. Содан бері Жер, Су, Ағаш аналарының сұлулығын сақтап қалу үшін, адамдарға қызмет етумен келеді екен.

-Табиғат – Ананың ұлдары адамдарға қандай игілікті істер жасады?

Табиғат – Ананың сұлулығын сақтау үшін адамдар не істеуі керек?

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: Табиғат-Ананың тапсырмасын орындайды.

Түсінеді: Табиғаттың құбылыстарын ажырата білуді.

Қолданады: Табиғат-Ананың балалары сияқты мейірімді қайырымды, еңбекқор болуды

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: Табиғат алтын бесігім.

Мақсаты: Балалардың табиғат туралы білімін бекіту. Ойлау қабілеттерін дамыту. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Ертегі арқылы қайырымдылыққа, мейірімділікке, адалдыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар: суреттер, үлестірмелі құралдар, кілемше, төрт түсті жіп, ұнтаспа.

Билингвальді компонент: Тірі табиғат-живая природа, өлі табиғат-неживая природа, жыл мезгілі-времена года, құстар-птицы, жәндіктер-насекомы, жануарлар-животные.

Ұйымдастырушылық-ізденістік

Тәрбиеші: -Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Қазір жылдың қыс мезгілі.

Тәрбиеші: -Қыс мезгілінде неше ай бар?

Балалар: Қыс мезгілінде үш ай бар олар: желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Тәрбиеші: -Бүгін аптаның қай күні?

Балалар: -Бүгін аптаның жұма күні.

Тәрбиеші: -Тамаша! Балалар. Өте жақсы!

-Балалар табиғат деген не?

Балалар: Табиғат деген қоршаған орта, жазира дала биік таулар т.с.с.

Тәрбиеші: -Балалар есік қағылған сияқты.

-Мен бір конверт тауып алдым,

-Мұнда бір диск бар екен, қосып көрейік не айтады екен.

«-Сәлеметсіздерме? Құрметті «Ербатыр» тобының балалары. Мен Табиғат-Анамын. Сендер мен туралы көп оқиды деп ойлаймын. Манадан бері мен сендерді терезеден қарап бақылап тұрмын. Менің сендерге арнайы беріп жіберген тапсырмаларым бар. Сендер тапсырмаларды жақсы орындасандар менің сендерге арналған сыйлығым бар.»

-Ендеше балалар біз «Табиғат-Ананың» тапсырмасын орындайық

Рефлексиялық-түзетушілік

Бүгінгі оқу-іс әрекетінде біз не білдік, не істедік. Ал енді балалар

Тақтаға қараңдаршы не көріп тұрсыңдар?

-Күннің несі жоқ?

-Ал жердің несі жоқ?

-Егерде сендерге бүгінгі іс-әрекет ұнаса күннің шуағын жан-жағына жапсырыңдар. Ал бүгінгі іс-әрекет

Ұнамаса онда жерге шөп жапсырыңдар.

Міне көрдіңдерме Табиғат-Ана бізге риза болып сыйлығын берді.

Бәріміз күндей жарқырап жүрейік!

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: «Досыма сыйлық»

Мақсаты: Балабақшадағы достары жайлы, олармен достық қарым-қатынаста болу туралы түсінік беру. «Дос» және «достық» деген ұғымды терең жеткізе отырып, достық сезімін қалыптастыру мақсатында бір-бірін сыйлауға, қадірлей білуге тәрбиелеу. Достарына арнап өз қалауынша сыйлық жасу, түрлі-түсті қағаздардан қажет заттың пішінін жабыстыруды үйрету. Ұсақ қол моторикаларын дамыту. Достық жайында көркем сөз айту. Желіммен жұмыс істеу қабілеттерін жетілдіру. Өсемдікке, сұлулыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Балалардың суреттері, түрлі түсті қағаз, желім, шаблондар.

Билингвалды компонент: дос-друг, сыйлық-подарок.

Мотивациялық қозғаушы

Шаттық шеңбері

Тізеге қолды қоямыз.

Денемізді тік ұстап,

Тәрбиешіні тыңдаймыз.

Білім алу үшін дұрыстап.

Өлең сөздерін бірнеше рет қайталайды, қимыл-қозғалыс жасайды.

Ізденушілік немесе қойылған тапсырманы орындау

-Балалар бізде қазір қай жыл мезгілі?

-Далада қандай өзгеріс болып жатыр?

-Ағаштар қалай өзгеруде?

Балалар мен сендерге тақпақ оқып берем, не жайында екенін анықтаңдар

-Достық керек өмірде,

Ашық сырлы көңілде.

Дос жолдасың болмаса,

Өмір сүру жеңіл ме?»

-Дұрыс айтасыңдар, балалар әр адамның өз досы болады.

-Барлығымыз жақындап, қолымздан ұстап өз досымызға жылы тілектеріңді айтыңдар.

Рефлексивті коррекциялаушы

Балалар жұмысын тақташаға ілу.

-Сонымен, балалар бүгін не жасауды үйрендік?

-Сендерге ұнады ма?

Күтілетін нәтиже:

Біледі: «Достық» қарым-қатынас туралы білді, түрлі-түсті қағаздардан гүлдерді, шарларды, т.б. заттарды жабыстыруды.

Игереді: Қамқорлық жасау жолдарын игерді.

Меңгереді: Желім мен қайшымен жұмыс істеуді.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: Әдептілік – әдемілік

Білімділік: Балалардың «әдеп», «әдептілік» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту. Көрініс арқылы олардың бойындағы шығармашылық қабілеттерін ашу, көрнекі суреттер арқылы зейінін, логикалық ойлауын дамыту. Тілдік сөздік қорын байыту, байланыстыра сөйлеуге үйрету.

Тәрбиелік: Өз халқының әдептілік туралы нақыл сөздерін, мақалдарын үйрету арқылы

адамгершілікке, ұқыптылыққа, әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу.

Әдіс –тәсілі: түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ – жауап, «Сиқырлы сөздер» дидактикалық ойыны, «әдептілік», «сыйластық» туралы тақпақтар, мақалдар, кейіпкерлер арқылы көрсету.

Сергіту сәті: Ән: «Дос болайық бәріміз», «Мен әдепті баламын».

Керекті құралдар: ұнтаспа, орман декорациясы: ағаштардың бұтағы, саңырауқұлақ-

тар, гүлдер, балаларға аңдарды бейнелейтін киімдер, ойынға ағаш сұлбасы, ағашқа жапсырмалы жемістер, «әдептілік» туралы бейне, сыйлыққа кітапша ұсынылады.

Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізге көп қонақтар келген екен, бәріміз қонақтармен амандасайық!

Тәрбиеші: Балалар, бүгін біз «Әдептілік - әдемілік» тақырыбында әңгімелесетін боламыз. Әңгімелесу арқылы адамның жақсы қасиеттерінің бірі – әдептілік туралы, оның ішінде ұқыптылық, тілалғыштық жайында тереңірек білетін боламыз.

Келіңдер, балаларшаттық шеңберін құрайық.

Тәрбиеші: Көп рахмет сендерге, балалар! Орнымызға жайғасайық.

Әңгімелесу.

Тәрбиеші: Балалар, сендер әдептілік дегенді қалай түсінесіңдер?

Тәрбиеші: Ал әдепті балалар қандай болады?

Тәрбиеші: Ал, сендер, қандай әдепті, жылы сөздерді білесіңдер?

Тәрбиеші: Өте тамаша! Әдептілікті біз кімнен үйренеміз?

Тәрбиеші: Иә, дұрыс айтасыңдар, балалар, адам бойында жақсы – жаман қасиеттер болады екен. Ал әдептілік – адам бойындағы ең асыл қасиет. Әдептілікті, адалдықты, кішіпейілдікті сендерге ата – аналарың мен апайларың үйретеді.

Қорытындылау.

Тәрбиеші: Балалар, біз бүгін не жайлы әңгімелестік?

Тәрбиеші: Біз кім дерді кездестірдік, кімге қолұшын бердік?

Тәрбиеші: Ия, дұрыс айтасыңдар, балалар, біз бүгін әдептілік, ұқыптылық жайлы әңгімелестік. Әрдайым әдепті, сыпайы болуға, кездескен адамдармен амандасуды,

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс : Үлкенге құрмет, кішіге ізет етуді білу керек.

Болуы керек:Әдепті, ұқыпты, сыпайы, тілалғыш, инабатты.

Көрсете білуі: Көрініс көрсете білді, дидактикалық ойын ойналды, тақпақтар, мақал – мәтелдер айтты, сұрақтарға жауап берді.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: «Достық»

Мақсаты: Балаларға «достық» сөзінің мәнін түсіндіру. Зейінін, есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.

Эмоционалды көңілдерін көтеру.

- достар арасындағы сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейту;

- өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту;

- бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.

Билингвальды компонент: дос-друг, достық-дружба;

Көрнекіліктер: Дос туралы ән, ұнтаспа, доп, Кірпі кейіпкері, интерактивті тақта, мақал-мәтел жазылған карточкалар, пиктограммалар, достық шырағы;

Сәлемдесу:

Ойын: «Қоңырау»

Тәрбиеші балаларға бір-бірлерімен қоңыраудың көмегімен сәлемдесуді ұсынады.

Балалар қоңырауды құлағына жақындатып, бір-бірлерімен амандасады.

Ұйымдастырушылық-ізденушілік

Организационно-поисковой

Әңгіме:

Тәрбиеші «Достық» әнін тыңдауды ұсынады. Сосын сабақтың тақырыбымен таныстырады.

Тәрбиеші:

- Бұл ән сендерді қандай сезімге шақырды?

- Дос деген кім?

- Нағыз дос деп қандай адамды айтамыз?

- Дос не үшін керек?

- Сендер қалай дос боласыздар?

Келесі ойынымыз «Сен маған ұнайсың»

Шарты: психолог балаларға допты лақтырып, бір-бірлеріне мадақтау сөздерін айтуды ұсынады.

Балаларға соңғы карточка ұсынылады. «Досыңа»

Тапсырма: «Мақалды жинақта»

Кірпі:

- Ал енді сынақтың ақтық мәресіне де келіп жеттік. Осы уақытқа дейін жинаған карточкалардағы сөздерден мақал-мәтел құрастырайықшы.

Күтілетін нәтиже

Білуі тиіс: достар арасындағы сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсініктерін жеткізе білді;

Көрсете білу: ойындар арқылы сөйлеу, есте сақтау, ойлау, зейін процестері қалыптасты, достық сезімдерін ойындар арқылы жеткізе білді;

Қабылдау: сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсініктері кеңейді;

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: Айтшы, әжетай

Мақсаты: Балаларға туыстық қарым-қатынастар, туыстық атаулар мен мамандық түрлері жайлы мағұлмат беру. Балалардың саналы түсініп, мейірімділік қасиеттерін, есте сақтау, ойлау дағдыларын қалыптастыру.

Үлкенді сыйлап, құрметтеуге, сыйластыққа, қайырымдылыққа, бауырмалдылыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекіліктер, қажетті құрал-жабдықтар: отбасы мүшелерінің суреттері, әженің суреті

Мотивациялық – қозғаушылық

Психологиялық тренингпен бастау:

«Күн шуағы»

Қол ұстасып бәріміз

Жылылықты сезейік

Шуақ шашқан күндей боп

Күлімсіреп жүрейік

- -Бір жылда неше мезгіл бар?
- -Қазір жылдың қай мезгілі?
- -Күз мезгілі неше айдан тұрады?
- -Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады?
- -Күз мезгілі несімен ұнайды?
- -Жақсы балалар, бүгін біз Ж.Смақовтың «Айтшы, әжетай» өлеңімен танысамыз.
- -Ал мен енді тапқакты оқимын сендер мұқият тыңдандар.

Дидактикалық ойын:

«Кім жоқ?»

Тыныштық сәті:

Баяу музыка әуенімен балалар көздерін жұмып, қолдарын алға созады, алақандарына күннің сәулесі жылуын төгіп, саусақтардан өткен жылу денелеріне, жүректеріне барады.

Көздерін ашады. Жылулықты сездік пе?

Сергіту сәтін жасайды.

Рефлексиялық - түзетушілік

Біз бүгін отбасы туралы,и әже туралы білдік.

Ия, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті ұнады.

Балалар, бүгін біз не туралы білдік?

-Сендерге ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті ұнады ма?

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне жақсы қатысқан балаларды мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: өз ойын жеткізе білу

Игереді: Адамдардың еңбегін бағалау, құрметтеу керек екенін түсіну.

Меңгереді: Отбасы мүшелерін айтуды меңгерді.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: «Жақсы деген немене, жаман деген немене»

Мақсаты: Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге үйрету, Жақсы мен жаман туралы түсінік беру.

Балалардың саналы түсініп, мейірімділік қасиеттерін, есте сақтау, ойлау дағдыларын қалыптастыру. Жақсы істер мен әрекеттер жасауға тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекіліктер, қажетті құрал-жабдықтар: үлестірмелі материалдар, жақсы жаман іс-әрекет бейнелері

Мотивациялық – қозғаушылық

Психологиялық тренингпен бастау:

«Күн шуағы»

Қол ұстасып бәріміз

Жылылықты сезейік

Шуақ шашқан күндей боп

Күлімсіреп жүрейік Орыс халқының ақыны В.В. Маяковскийдің сендер тәріздібүлдіршіндерге арнап тәрбиелі өнегелі бірнеше өлеңдер жазған.

Біз бүгін осы кісінің өлеңімен таныса отырып, «жақсы деген не?» жаман деген не?

Сұрақтары төңірегінде жақсы әрекеттер жасау, жақсыдан үйрену жаманнан жирену қажет екендігі жайында айтамыз.

Жақсы деген немене, жаман деген немене

Әкесі жақсы бала деп қандай баланы айтады?

Әкесі жаман бала деп қандай баланы айтады?

Қандай жақсы, жаман іс-әрекеттерді білесіндер?

Сергіту сәті: Жақсы мен жаман

Шарты: Айтылған сөз жақсы іс-әрекет болса қол шапалақтайды, жаман болса аяқтарын тарсылдатады.

Дидактикалық ойын:

«Кім жоқ?»

Тыныштық сәті:

Баяу музыка әуенімен балалар көздерін жұмып, қолдарын алға созады, алақандарына күннің сәулесі жылуын төгіп, саусақтардан өткен жылу денелеріне, жүректеріне барады.

Көздерін ашады. Жылулықты сездік пе?

Рефлексиялық - түзетушілік

Біз бүгін жақсы мен жаман туралы білдік.

Ия, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті ұнады.

Балалар, бүгін біз не туралы білдік?

Күтілетін нәтиже:

Біледі: өз ойын жеткізе білу

Игереді: Адамдардың еңбегін бағалау, құрметтеу керек екенін түсіну.

Меңгереді: Жақсы мен жаманды ажыратуды меңгерді.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: Мен қамқор баламын

Мақсаты: «Қамқорлық» ұғымының адамгершілік ретіндегі мәнін ашу «қамқорлық» ұғымы туралы түсінік беру; Қамқорлық жасай білу дағдыларын дамыту;

- Қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу;

Билингвалдық компонент (сөздік жұмыс): достық-дружба, достар-друзья.

Балалардың әрекеттері

Шаттық шеңбері:

Бірінен соң бірі тұрып, қолдарын алдыңғы тұрған баланың иығына қойып, алға қарай жүруді және тәрбиешімен бірге мәтінді қайталауды ұсынамын.

Достармен бір жолда,

Иықтасып жүреміз.

Қамқор болып әркімге

Жүреріне сенміз!

Балалар тәрбиешінің айтқанын орындайды, қайталайды.

- Қамқорлық деген сөзді қалай түсінесіңдер?
- Бізге үйде, балабақшада кімдер қамқорлық көрсетеді?
- Ал сендер кімге қамқорлық жасай аласыңдар?

Балалардың жауаптары

- Жақсылық жасап бір-біріне көмектесетін адамдарды қамқор адамдар дейміз. Қамқор адамды сөйлеген сөзінен емес, жасаған ісінен танимыз.

Мұқият тыңдайды

Әңгімелеу:

Балаларға В.Осееваның «Жай ғана әжей» әңгімесін оқып беремін

Мұқият тыңдайды

- Әңгімедегі балалар туралы не айтып берер едіңдер?
- Ұл баланы әдепті, тәрбиелі бала деп айта аламыз ба?

Сергіту сәті: «Сәлем берем үлкенге»

Текске сай қимылдар жасайды

Суретпен жұмыс

Суретті қарап әңгімелейді

Ойын-жаттығу: «Мен қамқор баламын»

- Қамқор бала ағашқа (гүлге) су құяды, топырағын қопсытады.
- **Рефлексік - түзету**

- Біз бүгін үлкендерге, кішілерге, қол ұшын беріп, қамқор болуға үйрендік.

Жасаған қамқорымыз қайырымымыз, ешқашан ізсіз кетпейді. Қайта соның бәрі бізге жақсылық болып оралады.

Күтілетін нәтиже

Түсінуге тиіс: Қамқорлық туралы

Білу : Қамқорлық жасай білу дағдыларын;

Істей білу керек: Қамқорлық жасай білу

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: Жақсылыққа – жақсылық

Мақсаты: «Өзара достық», «жақсылық» ұғымдары туралы түсінік беру.

Міндеттері: достық қарым – қатынас туралы түсініктерін кеңейту;

- үлкендермен, құрбылармен сыйластық қарым – қатынас мәдениетін дамыту;
- достықты қадірлей білуге тәрбиелеу;

Шаттық шеңбері:

Күннің көзі ашылып,

Көкке шуақ шашылсын.

Құтты қонақ келіпті,

Төрімізге еніпті.

Олай болса не дейміз?-

Балалар қонақтармен амандасады.

Балалар шеңберде тұрып әнді хормен орындайды.

Сәлеметсізбе дейміз

Ұйымдастыру- ісестіру

-Балалар орындарымызға отырамыз.

Біздер өткен оқу-қызметінде не туралы айттық.

-ия өте дұрыс айтасыңдар. Ал саләмдесу қандай қасиетке жатады?

Дұрыс сәлемдесу жақсы қасиетке жатады, бізде бүгін дәл осы жақсылық туралы айтатын боламыз. Ол үшін мен сендерді адамға қажет барлық жақсы қасиеттер қоныстанған «Жақсылық» деген ауылға саяхатқа шақырамын. Ал сендер саяхатқа барғыларың келе ме?

Недеп?- дейді де балалардың жауабынан соң атаны жолдан өткізіп жібереді.

Ата: «Рахмет балалар бұл жақсылықтарың алдарыңнан, әлі талай жақсылық болып оралар».

Ойын: «Әлемді гүлдендір»

Балалар глобусқа гүлдерді жапсырып, әлемді нұрландырады.

Ойыннан соң Мейірім келеді.

Мейірім: Сәлем достар. Менің атым Мейірім. Мен осы ауылдың тұрақты тұрғынымын. Мен сендерді үнемі бақылап жүремін. Сендердің жолда ата мен әжейге қалай көмектескендеріңді көрдім..

Рефлексивті –түзетушілік.

Қорытынды:

Балалар біздер бүгін не туралы айттық?

- Сонымен жақсы адам болу оңайма, ол үшін не істеуіміз қажет? Бүгін «жақсылық» деп аталатын сөздің мағынасын түсініп, білдік. Өзіміздің қандай екенімізді, бойымызда қандай құнды қасиеттердің бар екенін білдік.

Қорытынды нәтиже:

Білуі керек: Бір – біріне деген мейірім, достық сезімдерін білулері керек.

Болуы керек: Мейірім, жақсылық ұғымдары туралы пікірлері болуы керек.

Баланың қолынан келуі: Жақсылық іс-әрекеттерін орындай білуі керек.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: Достық неден басталады.

Мақсаты: «татулық» адамгершілік құндылығы туралы түсіндіру.

«татулық» ұғымы туралы түсінік беру; жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету; татулыққа тәрбиелеу.

дәптер, түрлі түсті қарындаштар, сюжеттік суреттер, карта.

Рефлексия

1. Шаттық шеңбері: жылы сөздер айту. 2. Әңгімелесу

- Сендер «татулық» деген сөзді қалай түсінесіңдер?

3. Әңгімелеу: «Піл мен маймыл» ертегісі.

- Үкі неліктен піл мен маймылды алмаға жұмсады?

- Достар көздеген мақсаттарына қалай қол жеткізді?

4. Дәйексөз: «Татулық-табылмас бақыт»

- Татулық бар жерде бірлік те, қуаныш та болады.

«Татулық-табылмас бақыт» деген нақыл сөз осыдан шықса керек.

5. Ойын: «Көкпар» қимылды ойын.

Шарты: балаларды екі топқа бөлу. Ағаштан жасалған аттарға мінгізу. Топ ортасында көкпар тарту үшін орамал әкеліп тастайды.

6. Ғажайып сөздер:

- Дүниеде ең қымбат-татулық.

- Біз тату доспыз.

7. Қортындылау

- Біз бүгін татулық бар жерде достық туындайтынын ұғындық. Татулық бар жерде достықтың, бірліктің, сыйластықтың болатынын білдік.

8. Жүректен жүрекке.

- Е. Өтетілеуұлының өлең жолдарын қайталау:

Достар тату-тәттіміз,

Болса қолда тәттіміз,

Біз бөлісіп жатамыз,

Бәріміз дәм татамыз.

- жылы сөз айту.

- балалардың жауаптары тыңдалады.

- қайталайды.

- кезектесіп ойнайды.

- ғажайып сөздерді қайталайды.

- сұрақтарға жауап беру.

Білу: «татулық» туралы түсінік алу.

Игеру: бір-бірлеріне әрқашан қамқор болу керек екенің түсіну.

Меңгеру: жаңа сөздерді меңгеріп алу.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: Не деу керек?.

Мақсаты: Балаларды әдептілікке, инабаттылыққа, шыдамдылыққа, сыйласымдыққа тәрбиелеу. Үлкенді сыйлау керектігін түсіндіру. Әдептілік сабағын еске түсіру. Өлең шумақтарының соңын аяқтап отыру. Тыңдау қасиеттерін дамыту. Есту қабілеттерін жақсарту. Есте сақтау қасиеттерін дамыту. Өлеңді жаттап алу.

Көрнекіліктер: суреттер

Мотивациялық оятушылық

Балалардың назарын сабаққа аудару.

Психологиялық сәт.

-Жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілінде неше ай бар?

Аптаның қай күні?

Сонда бүгін нешесі?

Балалар сабаққа зейін қойып, жауап береді қызығушылықтары оянады.

Ұйымдасты-рушылық –ізденушілік

-Ендеше балалар біз бүгін : «Не деу керек?» Әнуарбек Дүйсенбиевтің. Өлеңімен танысамыз.

Өлеңді мәнерлеп оқып беру.Сұрақ-жауап:

-Балалар бір нәрсе немесе бір зат аларда не деген дұрыс?

-Қандай сыпайы сөз білеміз?

-Біреуді байқамай ренжітіп алған кезде не деген жөн деп ойлайсыздар?

-Өздеріңізді байқамай соғып кетсе сол қағып кеткен адамнан қандай сөз айтқанын жөн көрер едіңіз?

Сіздерге жаңа киім немесе бір аңсап, армандап жүрген ойыншық әперсе қалай қатты қуанасыздар ия?

Сол кезде аналарыңызға не дейсіздер?

Суреттер бойынша жұмыс.

-Балалар, мына суреттерге қарап айтыңыздаршы: қай қылық жақсы, ал қай қылық жаман.

- Есте сақтаймыз : «Жаман адам болмайды, адамдардың барлығы бірдей.

Жаман қылық, жаман мінез болады».

Сондықтан жаман қылықтарға бармайық, жүректерімізді таза ұстайық.

Мадақтау.Белсене қатысқан балаларды мадақтау.

Сабақ соңында балалар өз ойларын қортындылайды.

Қүтілетін нәтиже:

Нені білді: Балалар әдептілікке, инабаттылыққа, шыдамдылыққа, сыйласымдыққа үйренеді. Үлкенді сыйлау керектігін түсінеді. Әдептілік сабағын еске түсіреді.

Нені меңгерді: Кейіпкердің бейнесін интонация арқылы көрсете отырып, айтып меңгерді.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: Қайырымды, мейірімді кейіпкерлер.

Мақсаты: Балалардың ертегілер туралы білімдерін бекіту, жақсы істер жасауға үйрету, тілдерін дамыту, өз ойларын жеткізуге жаттықтыру, қайырымды, мейірімді болуға тәрбиелеу.

Билингвальдық компоненті: Мейірім-доброта, ертегілер-сказки.

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Қысқы өзгерістер?

-Қыс туралы жанылтпаш жаттау.

-Бұл қар, сұр қар,

Сұр қар, кір қар.

-Тақпақ қайталау.

- Қандай суық қыс деген,

Қалтырайды құс деген.

Құлақшынды кимесең,

Құлағыңды тістеген.

- Бірнеше күннен кейін қандай жыл мезгілі келеді?

-Көктемде қар ериді, күн жылынады, құстар жылы жақтан бізге келеді, андар, жәндіктер оянады.

Балалар сұрақтарға жауап береді.

Жанылтпаш, тақпақ қайталайды.

Ұйымдастырушылық ізденіс

Қазір біз сендермен ертегілер еліне саяхатқа барамыз.

Қарандаршы екі жол, біреуі ұзын, біреуі қысқа.

Ал біз ұзын жолмен барамыз

мүмкін Қызыл телпекті көреміз.

Қызыл телпек алдымыздан шығады.

Рефлекстік түзету

Қол ұстасып шеңберге тұрамыз.

Өлең айту:

Дос болайық бәріміз,

Жарасып тұр әніміз.

Тыныштықты сақтаймыз,

Күтілетін нәтиже:

Білу: Ертегілерді мазмұндап айтуға үйрету.

Болу: Мейірімді істер жасауға тәрбиелеу.

Қолдану: Ертегілерді танып айтуға жаттықтыру.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: «Отбасылық мерекелер»

Мақсаты: А) Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру;

Ә) Халқымыздың тәлім-тәрбиесі ананың ақ сүтімен, әже өнегесімен, ата ақылымен берілетін білім, өзіндік ұлттық қасиетімсіздік балалардың бойына дарыту;

Б) Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру, сыпайы, инабатты болуға тәрбиелеу.

Түзету мақсаты: Балалардың сабақ барысында дыбыстарын қадағалап, сөздерінің дұрыс айтылуын бақылап түзету.

Көрнекілігі: суреттер

Барысы : Ұйымдастыру кезеңі.

Отбасы-адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Адам баласын шыр етіп дүниеге келген күннен бастап сол ортаның ыстық-суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді.

- Балалар, қандай отбасылық мерекелерді білесіңдер?
- Туған күн, Жаңа Жыл мерекесі, 8 наурыз- Аналар мерекесі т.с.с.
- Дұрыс айтасындар балалар, біз бүгін сендермен Жаңа Жыл мейрамы туралы әңгімелесеміз.

Жаңа Жыл мейрамы бүкіл дүние жүзінде тойланады. Оны үлкендер де, балалар да асыға күтеді.

Жаңа Жыл мейрамы- отбасылық мейрам деп те аталады. Әр отбасында бұл мейрамға алдын-ала дайындалады. Міндетті түрде шырша ағашын, оны әшекейлейтін түрлі қызылды-жасылды ойыншықтар, балалар киетін маскарадтық костюмдер әзірленеді. Бұл мерекенің басты кейіпкері өзіміз сағына күтетін –Аяз ата. Ол барлық адамға сыйлық дайындайды.

Қорытынды

- Бүгінгі тәрбие сағатында Жаңа Жыл мерекесі отбасылық мерекелердің бірі екенін білдік. Адамдар бұл күні бір-біріне бақыт, денсаулық, сүйіспеншілік тілейді. Жаңа Жыл күні тілеген тілектер мен ой-армандар орындалады. Сол себептен жақсы ой-ойлап, өзіңе және өзгелерге ізгі тілектер тілеу керектігін білдік.
-
- **Тәрбиеші:**
- **Тексерген әдіскер:**

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: «Әдепті бала –арлы бала»

Мақсаты:Балалардың коммуникативтік әдетін қалыптастыру.Жақсы мен жаман әдет қалыптарын ажырату.Тіл байлығын,сезіну қабілеттерін дамыту.

Көрнекілер:Суреттер,щаңырақ,Д.О. «Отбасы»сыйлықтар.

-Балалар жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады?

-Балалар қараңдаршы суретке мына бала не істеп жатыр?

-Құстың ұясын бұзуға болама екен?

-Ол жақсы балама,жаман балама?

-Енді мына суретке қарайықшы.Суретте бала не істеп жатыр?

-Ол жаман балама әлде жақсы балама?

-Жарайсыңдар балалар.

Жақсы жаман туралы қандай тақпақтар білесіңдер?

Сергіту сәті:

Бас бармағым ата үйдің данасы.

Балалы үйрек әке үйдің панасы.

Ортан түйрек әже үйдің анасы,

Шылдыр шүмек шеше шаңырақтың ажары,

Кішкентай саусақ бала титей барлығының баласы.

Ғажайып сәт:

Әженің келуі:

Балалар қараңдаршы бүгін Адияның туған күніне әжесі келе жатыр екен.(сол кезде әже қолындағы сөмкесімен бірге құлап қалады)

Балалар әже құлап қалды не істейміз?

Арнур ,Сабина тездетіп әжені орнынан тұрғызайық.

Әже:Рахмет сендерге балалар.

Біздің балалар жақсылықпен жамандық туралы мақал-мәтелдер айтып берсін.

Қызығушылықпен ойнайды.

Рефлекстік - түзету

Тазша бала:

Балалар сендер өте тәртіпті екенсіңдер,мен сендердей болғым келеді,сендерге көп рахмет.Сендерден көп нәрсеге үйрендім.Сендерге әкелген сыйлығымды апайларыңа табыс етейін.

Сау болыңыз балалар!

Балалар біздер бүгін не туралы әңгімелестік?

-Біздер қандай балалармыз?

-Біздерге қонаққа кім келді?

Ұғынады: Отбасы мүшелерін,салт дәстүрді.

Түсінеді: Жақсы мен жаман ажырату,жақын адамға көмек көрсету.

Қолданады: Мақал мәтелдер айту,тақпақтар айту.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы : Ұқыпты біз баламыз (мақал - мәтел)

Мақсаты : а) Балаларды екі ойыншық жайлы шағын әңгімелеп, бейнелеп айта білуге, жай және күрделі сөйлемді қолдану арқылы өз ойларын дұрыс жинақтап, қысқаша әңгіме құрауды үйрету .

ә) Балалардың тіл байлығын дамыту .

б) Балаларды отбасын сыйлауға , достыққа , туған жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу .

Сөздік жұмыс : отбасы.

Көрнекіліктер :қазақ көйлек киген қуыршақ (бірі үлкен , бірі кіші ,) , тіл дамыту дәптері .

қонаққа екіқуыршақтың келгенін хабарлау

Балалар қызыға қарайды .

Ұйымдастырушылық ізденістік

- Балалар , ең алдымен бізге қонақ келсе не дейміз ?
- Балалар, амандасудың да көптеген түрлері бар ?
- Ендеше, біз екі қонағымызды төрге шығарайық .

-Балалар, екі қыз апалы – сіңлі екен .Яғыни екеуі де бір үйдің қыды екен .

Енді осы екі қызға қарап отырып , шағын әңгіме құрайық .

Әңгіменің тақырыбы :

«Айгөлек пен Айгүл »

Иә, яғни Айгүл қазақтың ұлттық киімін киіп алыпты .

Қарандаршы қандай әдемі ?

Сендерде қазақтың ұлттық киімін кигенді ұнатасыңдар ма ?

-Біздің ұлтымыз қалай аталушы еді ?

-Иә,біздің *Республикамыздың аты?*

Біздің жеріміз қандай ?

- Біз туған жерімізді, Отанымызды жақсы көреміз бе ?

Ал енді , балалар , бізге келген екі қуыршақ қызды әңгімелейік .

Айгүлдің шашы қандай екен ?Балалар сендер халық әні «Айгөлек» әнін білесіңдер ме ?

Сергіту жаттығыуы :

Көз жұму әдісі : Қысқы ауыл бейнесін елестету .

Тақпақты тәрбиеші соңынан қайталап отыру арқылы жаттап алу .

Рефлексиялық түзетушілік

Екі ойыншыққа сипаттама бере білу керек.

Сипаттамада ең әдемі сөздермен жеткізе білуі керек .

Күтілетін нәтиже:

Біледі: мақал – мәтелді білу;

Игереді:әңгімелеуді игереді;

Меңгереді : сурет арқылы тақпақты жылдам жаттап алуды біледі .

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: «Ұлттық тағам - ырысым»

Мақсаты: Ұлттық тағамдарды пайдалана отырып, балаларға олардың қандай еңбекпен жасалатынын түсіндірумен, қатар қандай жолмен алынатынын, түрлерін үйрету арқылы құндылықтарды және тағамдарға деген сүйіспеншілігін арттыру.

2. Балаларды ұлтжандылыққа, көргенділікке, терең ойлай білуге, жан-жақтылыққа тәрбиелеу.

3. Ұлттық тағамдардың аттарын меңгерту, сөздік қорын молайта отырып, сөздерді тәжірибеде қолдана білуге баулу, дұрыс тамақтана білуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілі: Сұрақ – жауап, түсіндіру, көрсету, әңгімелеу.

Көрнекіліктер: Сурет, құрт, қаймақ, ірімшік, бауырсақ, қазы – қарта, шұбат, қымыз, т.б.

Тәрбиеші: Балаларға сабақ басталғаннан хабарлап, оқу қызметіне назар аударту.

Тәрбиеші: Ал, балалар бүгінгі оқу қызметімізді бастаймыз.

Балалар барлықтарымыз маған қараймыз.

Салтын сүйген баламыз.

Жұлдыздардай жанамыз,

Ұлттың асын ардақтап.

Үйрену жолын табамыз.

Біздің бүгінгі өтетін тақырыбымыз « Ұлттық тағам - ырысым»

Балалар алдымен «Шаттық шеңберін» құралық.

Сәттілікке толсын! (Балалар қол ұстасып айтады)

Балалар орнымызға барамыз.

Төрт түлік малдың суреттері көрсетіледі.

Түйе, Қой, Жылқы, Сиыр.

Тәрбиеші: 1. Балалар, мына төрт – түлік малдың аттарын білесіздер ме?

Кім айтады? (жауап береді)

Тәрбиеші:

Өте жақсы, барлығымызда ұлттық тағамдардың түрлерін, қайдан алынатынын жақсы білеміз екен. Мен сіздердің сөздерінің толықтырып өтейін.

Балқаймақ - Түйе сүтінен немесе айраннан пісірілетін тағам.

Сергіту сәті: «Жұмыр қылыш»

Дидактикалық ойын: « Дәмін татып, атын ата» ойынын ойнату.

Енді, балалар қолдарымызды берілген ыдыстағы тағамдардың дәмін татып , аттарын айтамыз.

Тәрбиеші: Балалар, енді мына суреттерге назар аударалық.

(Тақтаға ұлттық тағам түрлерінің суреттерін ілінеді, балалар тағы бір қайталап айтып өтеді).

Тәрбиеші: Балалар мына ыдыстағы дәмнен қонақтарға ұсынайық.

Бүгінгі сабаққа барлықтарың жақсы қатынастыңдар. Рахмет! Мен сендерге жұлдызша таратайын. Қонақтар да риза болды. Сау болыңыздар балалар!

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: «Бесік жыры»

Мақсаты: «Бесік жыры» арқылы балалардың анаға деген сүйіспеншілігін ояту, музыкалық қабілеттерін арттыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: қуыршақ, бесік, бала тербетіп отырған ана.

Сөздік жұмыс: бесік, әлди-әлди.

Мотивациялық қозғаушылық

Музыка жетекшісі балаларды «әлди –әлди ақ бөпем, ақ бесікке жат, бөпем», -деп бесікті тербетіп әндете қарсы алады.

«бесіктегі бала ұйықтайындеп жатыр», -деп тыныштық сақтауларын сұрайды.

Әлди, әлди, бөбегеім,

Ақ бесікке бөледім.

Ай мен күнге теңедім,

Ақтарылған өлеңім.

Балалар баяу дауыспен әндетіп отырған ананың жанына жай жүріспен келіп жайғасады.

Амандасады.

Балалар бесікте жатқан сәбиге қарап қызығады.

Ұйымдастырушылық-
ізденістік

Музыка жетекшісі балаларға бесікті таныстырып, кішкентай бөбектер ұйықтар алдында «әлди-әлди» деп бесік жырын айтып ұйықтататынынан мәлімет береді.

«Ұйықта бөпем» (Қ.Шілдебаев, А.Асылбек).

Бала ұйықтаған кезде дауысты көтермей, жай жүріп, жай сөйлеу керектігін түсіндіру.

«Қуыршақпен ойын»

Балаларға қуыршақ беріп, олардан қуыршақты ұйықтатуын сұрайды.

Музыка аяқталғанда алдарына жатқызады.

«Ойын» музыка ойналғанда балалар қуыршақпен көңілдене билеуі керек.

Ойын 2-3 рет қайталанады. Балалар әнді тыңдайды.

Бесікті кезек-кезек тербетіп, жәй дауыспен «әлди-әлди» деп сәбиді ұйықтауға талпынады.

Балалар тыныштық сақтап, сыбырлай сөйлеп, көп қимыл жасамайды.

Балалар қуыршақты қолдарына алып, әлдилейді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: балалар ұйықтар алдында «Әлди-әлди» әні орындалатынын білуі керек.

Игереді: «бесік», «қуыршақ», «әлди-әлди» деген сөздердің мағыналарын игереді.

Меңгереді: қуыршақпен билеуді, ұйықтатуды, бесік тербету дағдыларын меңгереді.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: Сәлем - сөздің анасы. Мынау кім? Мынау не?

Мақсаты:

4. Балаларды қазақша амандасып, қарапайым сұраққа жауап беру- ге үйрету.
5. Жаңа сөздермен танысып, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту.
6. Достыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: ұлттық киімдегі қуыршақ, суретті сөздіктер.

Қажетті құрал-жабдықтар: үлестірімелі материалдар.

Сөздік жұмысы:

Билингвальді компонент: Сәлеметсіз бе! Сәлеметсіздер ме! - Здравствуйте! Ұл - мальчик, қыз - девочка, Мынау кім? - Кто это? Мынау не? - Что это?.

7. Сәлеметсіңдер ме, балалар? Бүгін бізге қонаққа қуыршақ Айгөлек келді.
Кәне, бәріміз Айгөлекпен амандасайық.

8. Сәлеметсіз бе!

Қуыршақ Айгөлек:

9. Жаңа оқу жылдарыңмен құттықтаймын. Сендерге мемлекеттік тілді үйретуге көмектесемін, алдағы жұмыстарыңа табыс тілеймін.

- Сәлеметсіз бе!

2. «Танысу» дидактикалық ойыны.

- Сәлеметсіз бе!

- Сенің атың кім?

- Менің атым - Маша.

(Балалармен танысу).

-Сенің жасың нешеде?

- Менің атым - Саша.

-Менің жасым төртте

Ұйымдастыру-

3. «Тыңда, көрсет, қайтала»

Күтілетін нәтиже:

біледі: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айта біледі;

игереді: қазақша амандасу (Сәлеметсіз бе!), қоштасу (Сау болыңыз!) түрлерін меңгереді, «Мынау кім?» сұрағына жауап беру арқылы ұл, қыз сөздерінің мағынасын біліп, оларды дұрыс айтуды игереді;

меңгереді: бір-бірімен қазақша амандасып, қарапайым сұраққа жауап береді.

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Балалардың бойына ұлттық құндылықты дамыту»

Тақырыбы: «Алыстан сәлем береді, әдепті елдің баласы».

Мақсаты Балалар, сабақта болмаған Әсемдің телефон арқылы әңгімесін тыңдап көрейік. (екі бала телефонмен сөйлесіп, көрініс көрсетеді).

Телефонды Ажардың анасы алады.

Әсем: - Ажар үйде ме? Телефонға шақырып жіберіңізші.

Телефонды анасы Ажарға береді.

Әсем: - Әй, Ажар, тіл дамыту сабағынан қандай тапсырма берді?

Ажар: - Сәлем, Әсем! Халың қалай? Кешір мен де кеше сабаққа бара алмадым.

Әсем: - Жарайды, онда - деп телефон трубкасын қояды.

Әсем қандай кемшілік жіберді? Осы екі баланың орнында өздерің болсаңдар не істер едіңдер?

Әсем амандасуды, сәлемдесуді ұмытты.

Ендеше бүгінгі тәрбие сағатымыз не туралы болмақ?

Тақырыпты балалар өздері шығарады.

Бүгінгі тәрбие сағатымыз «**Сөз атасы – сәлем**» деп аталады.

Ай +гүл , Алма+гүл

Қыздар туралы қандай мақал мәтелдер білесіңдер ?

Қыз –қуыршақ,

Бала құлыншақ.

Анасы тұрып,қыз сөйлемеген,

Атасы тұрып,ұлы сөйлемеген.

Анаға ауыр сөз айтпа

Гүл өссе –жердің көркі,

Қыз өссе –елдің көркі

Тәрбиеші

Міне бүгін қыздар жайында «Қызды сыйлау» деген тақырыпта әңгіме құрастырамыз.Көптеген суреттер көрсетіледі.Сол суреттер бойынша балалар әңгіме құрастырады.

Кездесуде не өткенін қандай жақсы істермен қандай мақалдармен,ребус, тыйым сөздермен танысқандықтарын сұрап,сабаққа белсене қатысқан балаларды атап өтіп,сабақты аяқтайды.